

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№3 (27) шілде-қыркүйек 2021*

**ISSN 2710-3994**



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызгыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернеиқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашиев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожажметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэйти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*  
*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*  
*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*  
*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*  
*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*  
*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*  
*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*  
*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*  
*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*  
*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*  
*Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*  
*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*  
*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*  
*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*  
*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*  
*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*  
*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*  
*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzakh Altynbek

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050010, Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., Шевченко көш., 28,  
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы  
Телефон: +7 (727) 261-67-19  
**E-mail:** [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)  
**Электрондық мекен-жайы:** [www.edu.e-history.kz](http://www.edu.e-history.kz)

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.  
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің  
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп,  
№ 14602-ИА куәлігіне ие болды.

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ӘЙЕЛДЕР  
(АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША)****Қ.Қ. Сәрсембина<sup>1</sup>, М.М. Қозыбаева<sup>2</sup>, Х.Б. Маслов<sup>1\*</sup>**<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: kuralai\_sk@mail.ru (Сәрсембина), koz.mahabbat\_85@mail.ru (Қозыбаева), halel\_86@mail.ru (Маслов)

**Аңдатпа.** Мақалада 1930-1950 жылдары Ақмола облысы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдыры деректер негізінде зерделенген. Ер адамдар жаппай жазықсыз жазаға тартылғанда олармен бірге әйелдердің де саяси қуғын-сүргін зобалаңына ұшырағандығы дәйектеледі. Жазықсыз азап шеккен әйелдер тағдыры кеңестік тоталитарлық жүйенің қылмысы екендігі, саяси қуғын-сүргін қызылдар билігінің орнығуымен қатар жүргендігі қарастырылады. Саяси қуғын-сүргін жалпылама бағыт алғанда, сол бір зобалаңға әйелдер де, жасөспірімдер де ілікті. Жазықсыз сәбилер тірі жетім атанып, ПХК жетімектеріне айналды. 1920 жылдан бастап саяси «қылмыстары» үшін жазаланғандар жеткілікті. Сот жүйесі тәуелсіздігінен айрылып, партия саяси қуғын-сүргінге жол ашқандығы белгілі.

Кейбір деректерде (архивтардағы) саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің аты-жөні, тегі, үкімі, туған жылы және өзге де қажетті дерек көздерінің жүйесіз жазылғандығын, тіпті кейде жазылмай қалғандығын да айтуымыз керек. Түрмедегі әйелдердің қылмыстық іс-қағаздары дұрыс толтырылмаған. 1931 жылы тұтқындардың іс қағаздарын жүйелі толтыру туралы айтылғанымен, нәтижесіз қалған.

Мақалада Ақмола облысы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің ұлты, қызметі, білімі, оларға қолданылған жаза түрі және т.б. мәліметтер талданды.

**Түйін сөздер:** саяси қуғын-сүргін, тоталитаризм, ұлттық сана, отбасы, саясат, мемлекет, руханилық, қуғын-сүргін шаралары, депортация.

**Кіріспе.** Кеңестік тоталитарлық қоғам тұсында, нақтырақ айтқанда Сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдарында адамдардың жаппай жазықсыз жазаланғандығы белгілі. Қуғын-сүргін түрлі ұлт өкілдерін, түрлі әлеуметтік топтарды, түрлі әлеуметтік қабаттарды қамтыды. Репрессиялық машинаға адам құқығы, адами құндылықтар жат болғандықтан, адам айтқысыз заңсыздықтар өмірден орын алды. Ұлтын сүйгендер қуғын-сүргінге бірінші ұшыраса, ал кеңестік социалистік қоғамға қызмет еткендер де зобалаңнан аман қалмады. Қуғын-сүргін жалпылама бағыт алып, барлық елді-мекенді қамтығандықтан, қудаланған, жазықсыз жапа шеккен тұлғаларды (жергілікті жерлердегі зиялылар, олардың отбасы мүшелері) мұқият зерттеуді қажет етеді.

Ашаршылық, саяси қуғын-сүргін кеңестік тоталитарлық қоғамның қылмысы. Қызылдар билігі қанша халықтың басына қайғы-қасірет әкелді. Сол жылдары жасалынған қылмыстың ауқымдылығын архивтарда тұнып жатқан құжаттар дәлелдейді. Отбасын ыдырату саясаты, баланы ата-анадан айыру, әйелдерді соттау, ату, мәжбүрлеп еңбек ету жұмыстарына жегу кеңестік тоталитарлық қоғамның қылмысын әшкерелейді.

Жыл өткен сайын жазықсыз жазаланған тұлғаларды толық ақтау, халықтың есінде мәңгілікке қалдыру мәселесі өзекті бола түсуде.

Қызылдар билігі орныққан күннен бастап жазалау саясатымен таныла бастады. Мәселен, төтенше комиссияның «контрреволюция мен спекуляцияға қарсы күрес апталығы» журналында ату жазасына кесілгендер тізімі жарияланған (Валидов, 1990: 25). Сөйтіп, қуғын-сүргін саясатына

бұқаралық ақпарат құралдары да тартылған. БАҚ большевиктер саясатын жүргізетін, халықты идеологиялық өңдеуден өткізетін «құралға» айналды. 1930-жылдан бастап өлім жазасына кесілгендерге қатысты ақпарат мемлекеттік құпия болды.

1920-1930 жылдардағы сот жүйесін қайта құру арқылы қуғын-сүргінге даярлық жасалды. Кеңес үкіметі тұсында сот жүйесі өзінің тәуелсіздігінен айрылып, партия саяси қуғын-сүргінге жол ашты. Өрескел заңсыздықтар сот-тергеу органдары арқылы жасалды. Заң орындары әкімшіл-әміршіл жүйе құрдымына жұтылды. Нәтижесінде, асыра сілтеушіліктерге жол берілді, адам құқықтары аяққа басылды. Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) баптары өкімет пен партия нұсқауларына сай бұрмаланды. Кеңестік құқық «биліктен айырылған қанаушы таптарға» қарсы сипатымен ерекшеленді. Заңдар халықты Отанды сүю рухында емес, коммунистік санамен тәрбиелеуге қызмет етті. Билік тармақтары сабақтаса байланысып, сот билігі саясаттың құралына айналды.

Кеңестік сот жүйесінің 1920 жылдың басынан бастап-ақ «тап күресі» саясатына даярланғандығы белгілі. Көптеген зерттеушілер кеңестік заңдардың халық шаруашылығын дамытуға есептелген жаңа экономикалық саясаттың тиімді тетігі болғандығын дәлелдеген еді. Сол кезеңдегі КСРО Конституциясында сот (157-бабы) мәжілістері ашық жүргізіледі, судьялар мен халық заседательдері дербес, тәуелсіз болып, олар тек қана заңға бағынады (155-бапта) деп жазылғанымен, шынайы өмірде басқаша жағдай болды. Осылайша, Конституция тұжырымдары мен шынайы өмір арасындағы алшақтық салдарынан, адамдар мемлекеттен өгейленді.

КСРО тұсында саяси қуғын-сүргін жабық тақырыптардың бірі болғандығы мәлім. Алайда, КСРО кезіндегі құжаттардан (қабылданған заңдар, Қылмыстық кодекс және т.б.) тоталитарлық қоғамның белгілерін байқауға болады. Коммунистік идеология сталиндік тақырыпты жабық күйінде қалдырды. Жұртшылыққа мәлім себептермен зерттеуге жол бермеді.

Ал, батыс қоғамында тоталитаризм тақырыбы кеңінен зерделенді. К.Г. Баллестрем, Ф.Х. Хайек және өзге де зерттеушілер (Баллестрем, 1992: 17) тоталитаризмді жан-жақты қарастырды. Ср. А. Хайек билік басына қабілетсіз тұлғалар келіп, тоталитарлық мемлекеттің азаматтары идеалға шын берілгендіктен аморальды іс-әрекеттерге жол беретіндіктерін де жазып кетті (Хайек, 1999: 126). Р. Конквест КСРО-дағы тоталитарлық тәртіпті зерттеп, сталиндік саяси қуғын-сүргіннің ауқымы туралы пікір-таластарға жол ашты. Р.Конквесттің айтуынша кеңестік тарихшылар жабық қорларға кіре алмай, яғни дәлел, фактілерге қолы жетпегендіктен тарихи шындықты жаза алмаған. Осы себептен, КСРО-дағы саяси қуғын-сүргіннің шынайы бейнесін шетелдік зерттеуші ғана көрсете алатын еді (Конквест, 1989: 3).

КСРО-да 1956 жылға дейін (КОКП-ның XX съезіне дейін) саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу қолға алынбағандығы мәлім. XX съезден кейін түрме мен еңбекпен түзету лагерлерінде болғандар естеліктер, әңгімелер жариялай бастады. А.С. Кан «Постсоветские исследования о политических репрессиях в России и СССР» зерттеуінде қозғалып отырған тақырып төңірегіндегі еңбектер Л.И. Брежнев тұсында кенеттен азайғандығын, сталиндік саясаттың біржақты сынға ие болғандығын жазады. Одан әрі зерттеуші репрессия туралы диссиденттердің шығармалары шет елдерде жарияланғандығын тұжырымдайды (Кан, 2003: 121).

1980 жылдардың ортасында бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде сталинизмнің мәні туралы көптеген мақалалар жарияланды (қайта құру бағытына байланысты). Нәтижесінде, 1988-1991 жылдары Кеңестік тарихшылар кеңестік үлгідегі тоталитарлық тәртіп пен сталиндік қуғын-сүргін тақырыптары төңірегінде салмақты зерттеулер жүргізе бастады. Мәселен, А.И. Солженицын «Архипелаг ГУЛАГ: опыт художественного исследования. 1918-1956», Н.С. Гаджиев «Тоталитаризм как феномен XX века» (Гаджиев, 1992: 2), «История и сталинизм» (құрастырған: А.Н. Мерцалов) және т.б. еңбектер жарық көрді. 1988-1991 жж. жаппай қуғын-сүргін көлемі, жаппай жазалаудың себептері, жіберілген заңсыздықтар туралы құнды фактілерге толы монографиялар, мақалалар жинағы көптеп жарық көре бастады (Вергенов, 1992: 178).

КСРО ыдыраған соң тоталитаризм түрлі деңгейде зерттеліне бастады. Зерттеушілердің «құпия» қорларға қолы жетіп, жаңа танымдағы еңбектер жариялана бастады. Сонымен қатар, отбасыны социалистік жанұяға айналдыру саясатының жүргізілу деңгейі туралы да зерттеушілер

назарынан тыс қалмады. Мәселен, Геллер М., Некрич А. «Утопия у власти», - кітабында отбасын социалистік жанұяға айналдыру саясатының мәні мен мазмұнын зерделеген еді (Геллер, Некрич, 2000: 8).

Сондай-ақ әдебиеттер мазмұны да жылдан-жылға өзгеріп, журналистік мақалалардың орнына ғылыми негіздегі академиялық зерттеулер, яғни деректер негізінде жазылған көп томды еңбектер жарық көрді. 1990 жылдары сталиндік лагерлердің тарихына арналған еңбектер саны өскен (Хлевнюк, 1992: 73).

Елімізде де тәуелсіздік алған жылдардан бастап саяси қуғын-сүргін тақырыбы төңірегінде ғылыми еңбектер көптеп жарық көрді (Шаймуханова, Шаймуханова, 1997: 175).

К.Нүрпейісов, М.Қозыбаев, М. Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Қ.Алдажұманов және өзге де тарихшы ғалымдардың Отандық тарих ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан еңбектері (кеңестік тоталитарлық қоғамның қылмысын әшкерелейтін) оқырманға жақсы таныс. Тарихшы ғалымдар деректер негізінде жазылған құнды еңбектері арқылы тарихи сананы көтеруге, ұлттық сананы дамытуға өлшеусіз үлес қосты.

Алайда, сталиндік қуғын-сүргін зобалаңының ауқымы адам ақылына сыймайтындығы соншалықты, зерттейтін мәселелер де жеткілікті.

1930-50 жылдардағы Ақмола облысындағы жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға арналған естелік кітабында, Ақмола лагерінің тарихы, әсіресе 3-4 жастағы балаларды аналарынан тартып алу және оларды арнайы сәбилер үйлеріне жіберу, өсіп қалған балаларды ата-аналарынан бас тартуға мәжбүрлеген заңсыздықтар туралы мәліметтер бар. Алайда, жазықсыз қудаланған әйелдердің ұлттық құрамы, білімі, қызметі, жаза түрі сынды көптеген зерттеу жұмысына қажетті мәліметтер облыстар бойынша нақты көрсетілмеуде. Сондықтан, Ақмола облысы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдерді зерттеу бүгінгі күн талабы. Өзекті мәселелердің бірі.

**Материалдар мен әдістер.** Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз азап көрген, жазаланған аналардың естеліктері негізінде, сонымен қатар Алматы (ҚР Орталық мемлекеттік архиві), Астана қалалық мемлекеттік архивіндегі, Ақтөбе облыстық архивіндегі деректер негізінде мақала даярланды. Сонымен қатар, <https://ru.openlist.wiki> сайтында «Хранить вечно: Книга памяти жертв массовых политических репрессий 30–40-х и нач. 50-х гг. Ч. 1: 58-я статья. Акмолинская обл.», – кітабының электронды нұсқасы бар. Аталған сайтта Ақмола облысы бойынша ҰҚҚД – нің (ДКНБ) саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалар туралы материалдары салынған. Онда 58 баппен сотталған 4350 адамның тізімдері, ұлты, туған жылы, жынысы, білімі, кәсібі, сотталған жылы, қандай баппен сотталғаны, неше жылға сотталғаны, жаза түрлері жазылған. Аталған еңбектен жазықсыз жазаланған әйелдердің ұлттық құрамы, білімі, қызметі, кәсібі және т.б. талданды.

**Талқылау.** Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлері, еңбекпен түзету колониялары кеңес мемлекетінің ажыратылмас бөлігі болды. ГУЛАГ әлемнің барлық тіліне енді. 1923 жылы 21 тамызда сотталған әйелдерді Ногинск әйелдер түрмесіне қамау туралы айтылады (Росси, 1991: 8). Кеңес өкіметі бас бостандығынан айырылғандар еңбегін тегін пайдалануды мақсатты түрде жоспарлаған. И. Сталин 1929 жылы КСРО-да еңбекпен түзету лагерлер жүйесін кеңінен дамытуды жан-жақты ойластырып, осыған қатысты 1930 жылы 7 сәуірде арнайы қаулы қабылдаған (Ақтөбе ОММ, 1: 6). 1930 жылдың ортасына дейін көптеген қаулылар жарық көрген. Саяси қуғын-сүргін «жоспарына» әйелдер де ілікті. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінде «Отчеты и отчетные доклады о работе ИТК» деп аталатын құжатта әр жылдарға арналған еңбекпен түзету колонияларының есептік баяндамалары сақталған (Ақтөбе ОММ, 1: 11).

Архив деректеріне үңілгенде лагерлік жүйенің алғашқы қалыптасу уақытында тұтқын әйелдерге қатысты мәліметтер кездеспейді.

1920-30 жылдары КСРО аумағында Колыма, Магадан, Воркут, Сібір, Урал, Қазақстан және өзге де өңірлерде концентрациялық лагерлер құрылды. 1930 жылы КСРО ХКК «Қазақ еңбекпен түзету лагерлерінің ұйымдастырылуы туралы» қаулы қабылдайды. Қазақстанның «аграрлық-мәдени және саяси-шарушылық жағдайын ескере» отырып, қазақ даласы «түрме мен лагерлер орталығына» айналдырылады (Ақтөбе ОММ, 1: 28). Деректерден 1930 жылдың ортасынан бастап тегін жұмыс күшін пайдалануға қатты көңіл бөлінгендігін байқаймыз (Росси, 1991: 15). Кейбір



зерттеушілердің пікірінше кеңестік ГУЛАГ-та (Заңнан тыс құлдық) қылмыскерлер құлдардың ролінде болды (Кравченко, 1999: 300).

1930 жылдың ортасына дейін әйелдерге арналған арнайы лагерлер болмады (Астана ҚММ, 5731: 85). 1937 жылғы 15-тамыздағы ПХК-ның № 00486 шұғыл бұйрығы «Отанын сатқандардың отбасы мүшелеріне» арналған арнайы лагерлерді құруға жол ашты. РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабымен сотталған әйелдерді басқаларға қоспай, бөлек қамау бұйырылды. Нарым өлкесі мен Қазақстандағы Торғай ауданы осындай лагерьлерді құру аймақтары болып белгіленген.

1930 жылы Қазақстандағы 23 тұтқындау орындарында сотталған әйелдер болғаны белгілі. Алайда, түрмелердегі әйелдердің саны сол жылдардағы құжаттарда көрсетілмейді (ҚР ОМА, 309: 3). 1928-1931 жылдары адамдарды «соттаудың» неше түрлі әдістері жетілдіріліп, ОГПУ-дің қолында репрессияны жүргізудің даяр тетігі болды.

1930-шы жылдардың ортасында саяси қуғын-сүргін жүгізудің өзіндік жолы қалыптасты. Жалған айыптаулар, бір адамға жала жабу арқылы бірнеше адамды ұстау арқылы репрессия жаппай әрі жалпылама бағыт алды. Астық, ет дайындау, бай-кулакты тап ретінде жою, социалистік меншікті қорғау науқандарында халыққа қарсы репрессиялық шаралар қарқынды қолданылды. Жоғарыдан үсті-үстіне келіп жатқан бұйрықтар қуғын-сүргінді жеделдетті. Мәселен, ЮХК сот-тергеу органдары астық дайындау науқаны барысындағы «жұмыстары» туралы мәліметті екі апта сайын жинаған. Көптеген адамдардың үстінен қозғалған қылмыстық істер заңсыз болған. Оны архив құжаттары дәлелдейді. Деректерде: «...1928 жылы сотталған шаруалар өз өнімдерін сатпаған және алыпсатарлықпен айналыспаған. Олардың көпшілігінде астықты сату үшін ауылдық кеңестен алынған рұқсат қағаз болған. Астықты мұқтаждықтары бойынша сатқан. Бірақ олардың үстінен заңсыз негізде қылмыстық іс қозғалған» – деп жазылған. Жоспарды орындай алмағандарды да, орындата алмағандарды да тұтқындау жоғарыдан қатаң бұйырылды. РСФСР ҚК-нің баптары бұрмаланғандықтан жаппай жазаланғандар саны күрт артқан.

ҚК 61-3 бабы науқан жоспарын орындамау мақсатында алдын-ала келісіліп, ұйымдасқан топты жазалауға арналғанымен, осы баппен жалғыз адамды да соттаған.

Айыпқа тартылған тұлғаны «қылмыскер» атандыру үшін бірін-бірі танымайтын, әр ауылдан шыққан айыпкерлерді топтап, байланысы жоқ бірнеше істер біріктірілгендігі, астық тапсырмағандардың мүлкін тәркілеу кезінде мал-мүлкінен айырылғысы келмей, кеңес өкіметіне қарсы сөз айтқандардың іс-әрекеті «террористік акт» ретінде бағаланғандығы, ҚК-тің 58-8 бабымен ату жазасына кесілген. Тіпті, ауылдарында бай-кулак қалмағандығын айтқан ауылдық кеңес төрағалары да, осы баппен атылып кете барған. «Науқан жоспарын орындауға шамамыз келмейді» деген сөзді айтқандарды «кеңестерге қарсы үгіт-насихаты» үшін ҚК-нің 58-10 бабымен соттау үрдіс алған. Науқандар барысында өткізілген жиналыстарда білім деңгейінің төмен дәрежесі салдарынан сөз сөйлей алмаған кеңес қызметкерлері ҚК-тің 111 бабымен жазаланған. Нәтижесінде түрмелерге адам сыймай, сотталғандар адам төзгісіз жағдайда «жазаларын» өтеген (Сарсембина, 2016: 164). Мәселен, архив құжаттарындағы «1933 жылы 65 орындық Әулиеата түрмесінде 1200 адам қамалған. Олар отырып ұйықтайды. Түрмеде аштан өлу өте жиі кездеседі. Аштан өлгендердің мәйіті бірнеше күн камерада жатып қалады. Тұтқындар аштықтан бір-бірінің саусақтарын тістейді. Жергілікті әкімшілік бұл жағдайға көңіл бөлмеуде» – деген жолдар жан түршігерлік жағдайды көрсетеді. Түрмедегі тұтқындардың шамадан тыс болуы «таптық күрестің шиеленісуінен» деп түсіндірілді. Кейбір түрмелерде қылмыстық іс қозғалмай қамалған азаматтар да болған. Дәлел келтірер болсақ, 1931 жылы 112 орындық Қызылорда түрмесіндегі 325 адамның 203-нің ешқандай мәліметсіз қамалғаны анықталған. Ал, 300 адамның түрме қабырғасының жанында көшеде «қамауда» жатқандығы белгілі болады (Астана ҚММ, 5763: 10). Кеңестік тоталитарлық қоғамның заңсыздықтарын осылайша шексіз тізіп айта беруге болады.

Жазықсыз жазаланған әйелдер саны әлі күнге дейін әр түрлі мөлшермен айтылады. РСФСР ҚК 58-бабының әр түрлі тармақтарымен сотталған әйелдердің барлығы дерлік ақталды ма? – деген заңды сауал туындайды.

Деректерде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің аты-жөні, тегі, үкімі, туған жылы және өзге де қажетті дерек көздерінің жүйесіз жазылғандығын, тіпті кейде жазылмай қалғандығын да

айтуымыз керек. Түрмедегі әйелдердің қылмыстық іс-қағаздары дұрыс толтырылмаған. 1931 жылы тұтқындардың іс қағаздарын жүйелі толтыру туралы айтылғанымен, нәтижесіз қалған. Грамматикалық қателерден көз сүрінеді (Астана ҚММ, 5763: 13). 1933–1934 жылдары сотталғандар санын дұрыс есептеу туралы қайта-қайта айтылады. Сотталғандар тізімі жүйесіздікпен жазылған. Бір айдағы тізімде әйелдер жазылады, ал екінші айдағы тізімде жазылмайды.

Сарғайған парақтардағы қарандашпен жазылған жазықсыз жапа шеккендердің есімдері кейде дұрыс, анық көрінбейді де. Қағаз бетінен өшіп қалу қаупі де жоқ емес. «Қылмысқа тартылған» әйелдердің жеке істерінде зерттеу ісіне қажетті деректер толық табылмайды. Дәлел келтірсек: Ақмола түрмесіндегі сотталған әйелдердің қылмыстық істерінің басым көпшілігі 1 парақтан тұрады. Онда келесідей мазмұндағы деректер бар: № 1092 іс: Байғанатова Татий 1932 жылы ҚК-ң 166-72 баптарымен сотталған. Жасы 45-те. Партияда жоқ. Кедей. Колхозда жұмыс жасайды. Байғанатов Мақсұтпен бірге ат ұрлаған. Басқа дерек жоқ. Қылмыстық істердің кейбірінде жазаға тартылған әйелдердің бармақтарының ізі басылып, түр сипатына (шашының түсі, бойының ұзындығы және т.б.) қысқаша анықтама берілген (Астана ҚММ, 1092:1).

**Нәтижелер.** Мақалада саяси қуғын-сүргін жылдарында отбасы бірлігіне қарсы бағытталған саясаттың мәні мен мазмұны зерделенді. Енді, тікелей Ақмола облысы бойынша жазықсыз жазаланған әйелдерге қатысты айтсақ. <https://ru.openlist.wiki> сайтында «Хранить вечно: Книга памяти жертв массовых политических репрессий 30–40-х и нач. 50-х гг. Ч. 1: 58-я статья. Ақмолинская обл.», – кітабының электронды нұсқасы бар. Осы кітап бойынша Ақмола облысында 1616 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Алайда, көпшілігінде ұлттары, білімі, кәсібі көрсетілмеген. Аталған сайтта Ақмола облысы бойынша ҰҚҚД-нің (ДКНБ) саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалар туралы материалдары салынған. Онда 58-баппен сотталған 4350 адамның тізімдері, ұлты, туған жылы, жынысы, білімі, кәсібі, сотталған жылы, қандай баппен сотталғаны, неше жылға сотталғаны, жаза түрлері жазылған. Алайда, көп адамның туған жылы көрсетілмеген. Осы мәліметтерді талдағанда, РСФСР ҚК 58-бабымен сотталған әйелдер саны-275 (Ақмола облысы бойынша). Оның ішінде ату жазасына кесілген әйелдер саны-26. Ұлттық құрамы келесідей: Қазақ – 9; орыс – 100 (оның ішінде Қазақстанда туғандары – 35); еврей – 10; неміс – 40; поляк – 68; белорус – 7; қытай – 11; латыш – 1; түркімен – 1; фин – 5; кәріс – 1; украин – 14 (Қазақстанда туғаны – 3); балкарка – 2; мордва – 1; чех – 1; коми – 1; ұлты көрсетілмеген – 3.

Бастауыш білімі бары – 142; орта білімді – 71 (оның 31-і аяқталмаған орта білімді); жоғары білімді – 16 (оның ішінде аяқталмаған жоғары білімді – 3); сауатсыз – 32 адам.

Кәсіптері, қызметтері келесідей: жұмысшы – 29; колхозшы – 51; үй шаруасында – 9; жұмыссыз – 1; сауыншы – 1; тігінші – 6; актриса – 1; еден жуушы – 5; етікші – 2; мұғалім – 10 (1-уі завуч); оқушы – 2; аға пионервожатый – 1; шетел тілі бойынша инспектор – 1; аспазшы – 1; малшы – 1; дәрігер – 1, медсестра – 6; санитарлық дәрігер көмекшісі – 1; аптека меңгерушісі – 1; меңгерушісі – 1; артель меңгерушісі – 1; сотталғандар – 5; бухгалтер – 1; есепші – 3; кассир – 2, сатушы – 2; хатшы – 2; бригадир – 1; агроном – 2; метастанция бақылаушысы – 1.

Ату жазасына кесілгендердің ұлттық құрамы: 2 поляк, 1 украин, 6 орыс, 2 неміс, 9 қытай, 3 еврей, 2 фин, 1 кәріс. Атылғандардың қатарында 22 жастағы Шульман Эсфира (ұлты еврей, тігінші) 1937 жылы 4 қарашада ұсталып, 1938 жылы 29 тамызда атылған (Сарсембина, 2016: 265).

Барлығы дерлік 1937-1938 жж. атылған. Олардың қатарында 12 адам жұмысшы, колхозшы, тігінші, еден жуушы, етікші болса, 1 медсестра, 1 меңгеруші, 1 аптека меңгерушісі, 1 артель меңгерушісі, 1 санитарлық дәрігер көмекшісі де бар. Ал, кейбірінде қандай кәсіппен айналысқаны көрсетілмеген.

Адамдарды жазықсыз айыптау кеңес өкіметі орнаған жылдардан басталды. Енді, жазықсыз жазаға тартылған әйелдердің ұсталған, сотталған жылдарын қарастырсақ. 1919-20 жж 1 әйел сотталған. 1929–30 жж. 4 адам, оның 1-уі 10 жылға, қалғандары 1-5 жыл мерзіммен бас бостандықтарынан айырылған. 1933 ж. 1 адам, 1935 ж. 5 адам (3 жыл мерзіммен), 1937 ж. 10 адам АЖК, 10 адам 10 жыл мерзіммен, 3 адам 3-4-5 жыл мерзіммен сотталған, ал 2 адамға қылмыстық іс тоқтатылған. 1938 ж. 18 адам АЖК. 4 адам 10 жылға, 3-уі 1-5 жылға, 1-уі 8 жылға сотталса, 5 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 3 адамның жазасы жазылмаған. 1939 ж. 3 адам 3 жылға, 1

адам 10 жылға бас бостандығынан айырылған. 1940 жылы 5 адам 10 жылға, 29 адам 5 жылға, 5 адам 6 жылға, 3 адам 8 жылға, 1 адам 4 жылға, 1 адам 7 жылға сотталған. 1941 жылы 27 адам 10 жылға, 6 адам 7-8 жылға, 3 адам 5-6 жылға, 1 адам 3 жылға, 1 адам 1 жылға сотталған. 1942 жылы 13 адам 10 жылға, 6 адам 5-6 жылға, 1 адам 3 жылға, 5 адам 7-8 жылға бас бостандығынан айырылған. 1943 жылы 12 адам 5 жылға, 2 адам 7 жылға, 2 адам 9-10 жылға, 1 адам 2 жылға сотталған, ал 1 адамның неше жыл мерзіммен жазаланғандығы көрсетілмеген. 1944 жылы 7 адам 5 жылға, 2 адам 6-7 жылға сотталады, 1 адам «ссылка» деп қана көрсетілген. 1945 жылы 5 адам 5 жылға, 3 адам 7-8 жылға, 2 адам 10 жылға сотталады. 1946 жылы 4 адам 5-6 жылға, 1 адам 10 жылға, 3 адам 8 жылға, ал 1947 жылы 1 адам 8 жылға, 1948 жылы 2 адам 10 жылға сотталады, ал 2 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 1949 жылы 6 адам 10 жылға, 2 адам 8 жылға, 1 адам 25 жылға сотталады. 1950 жылы 5 адам 10 жылға, 1 адам 8 жылға сотталады, 1 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 1951 жылы 2 адам 25 жылға, 1 адам 10 жылға сотталады, 1 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 1952 жылы 2 адам 10 жылға, 1 адам 25 жылға сотталған. 1 адамға ЕТЛ (ИТЛ) деп қана жазылған. 1953 жылы 1 адам 25 жылға, 1 адам 5 жылға сотталады, ал 1 іс тоқтатылған. 1959 жылы 1 әйел 10 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған [19]. Байқап отырғанымыздай 1937-1938 жж. және 1940-1943 жж. жазықсыз жазаланғандар саны басым.

1929-30 жылдары Ақмола облыстық халық сотымен сотталғандар арасында 150 әйел болса, оның 29-і спиртті ішімдіктерді сақтағаны үшін, 3-уі Кеңес өкіметіне қарсылығы үшін, 6-уы жаппай тәртіпсіздікке салынғаны үшін, ал 22-сі «Кеңес өкіметі туралы әңгіме айтқаны» үшін айыпқа тартылған. Басқа сотталған әйелдердің қылмыстары жазылмаған. Ал, 79 жасында РСФСР ҚК-ң 58-бабымен ОГПУ шешімімен сотталған (Қылмыстық ісінде жазылған) Кубжасарова Райсаны ақталғандар тізімінен таба алмадық. Айыпқа тартылған әйелдердің отбасы мүшелері туралы ақпарат, олардың жеке істерінде көрсетілмеген (Астана ҚММ, 523: 7).

Түрмелерде жазықсыз сотталған әйелдер қылмыс жасаған (адам өлтірген, адам тонаған) әйелдермен бірге қамалған. Соколова Нина Иванова өз естелігінде: «...Құлағымнан балалардың, әйелдердің жылаған дауыстары кетпейді. Алайда, түрмелерде рецидивистер «Урки» де болды. Оларды түрме өмірі шошындырмады (Абрамов, 2001: 119),-деп жазған еді. Естеліктерде жазықсыз сотталған аналардың түрмеге қамалып, балаларын тартып алғанда «өз халқына жасалған қандай заңсыздық» деп те жылағандығы да жиі айтылады. Өздерінің жесір қалғандығын білмеген аналар балалары мен күйеулерін ойлап қана өмір сүрген (Абрамов, 2001: 122).

АЛЖИР-де азап шеккен аналардың тағдыры ортақ болды. Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде кеңес өкіметіне қауіпті «жат элементтер» деп аталған әйелдердің, «халық жауының» әйелдерінің өтініштеріне, жазған арыздарына мән берілмеген (Жұмағалиев, 1998: 3).

Тұжырымдар. Сонымен, ер азаматтар жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшарағанда, олармен қатар әйелдер де «жазalandы». Айыпқа тартылған тұлғаның отбасы мүшелері «қылмысты» тиісті органдарға жеткізбегені үшін 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзіммен мүлкі тәркіленіп, сотталды. Отбасы мүшелері «қылмысты» білмеген жағдайда, сайлау құқығынан айрылып, Сібірдің алыс аудандарына 5 жыл мерзіммен жер аударылды. Ажырасып кеткен әйелдер де қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Кеңес өкіметі құрылған күннен бастап жүргізген қуғындау саясатына әйелдер де, балалар да іліккен. Саяси-экономикалық науқандар барысындағы заңсыздықтарға қарсы пікірлерге саяси мән берілген. Ашаршылық салдарынан бала-шағасын аштан өлтірмеу мақсатында өз малын өзі сойып жегендердің де жазықсыз жазаланғандары белгілі. Сол бір зобалаңнан аман қалған отбасы кемде кем. 1935 жылғы 8 сәуірдегі заң 12 жастағы балаларды да ересектермен бірдей жауапқа тартуды өмірге енгізді. Өмірдің қатігездінен бейхабар бейкүнә қаншама сәбилердің тағдыры ойыншыққа айналды. Балалар үйінде қайтыс болған сәбилер қаншама!

ЧСИР (Отанын сатқандардың отбасы мүшесі) немесе ЖИР (Отанын сатқандардың әйелдері) сөзі сот істерінде күнделікті қолданылды. «Халық жауы» атанған азаматтармен бірге қызметтес болған, сонымен қатар өндіріс, құрылыс салаларында жұмыс жасаған әйелдердің басым көпшілігі қудаланды. ОГПУ мәліметтерінде жаңсақ айтылған пікірі үшін қылмысқа тартылған әйелдер көп кездеседі. Алайда, сол жылдардағы тұтқындау орындары мен еңбекпен түзету лагерлері,

колонияларының құжаттарды жүйесіз толтыру салдарынан, қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің нақтылы есебін келтіру қиын. Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың есебі сталиндік қуғын-сүргіннің көлемін анықтауға көмектеседі.

Қазақстанға жер аударылып келген әйелдер де саяси қуғын-сүргіннен аман қалмады. 1932-1934 жылдары «қоғамдық меншікке қол сұққандар» көп болса, 1935-1938 жж. «контрреволюциялық» және кеңестерге қарсы іс-әрекеті немесе теріс пиғылы үшін сотталғандар қатары артады. 1935 жылдан бастап қылмыс жасаған 12 жастағы балалар да, ересек адамдармен бірдей жазаланғандығын жоғарыда айттық. 1936 жылдан бастап отбасы мен неке туралы жаңа заң қабылданып, ажырасу қиындайды. Осылайша мемлекет отбасының ішкі өміріне араласа бастайды. Тіпті, күйеулерінің «халық жауы» болғанына сенбей, тиісті орындарға арызданған әйелдер де қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Себебі, үкімет пен партия шешімдеріне «сенбеуге» адамдардың құқығы болмады.

ЕТЛ (еңбекпен түзету лагерлері), ЕТК (еңбекпен түзету колониялары) және түрмелердегі айрықша «қауіпті элементтерге» таптық көзқараспен қарау қажеттілігі де жоғарыдан қатаң бұйырылған. Айыпталғандарды түрмеден лагерге, лагерден түрмеден немесе лагерден лагерге ауыстырғанда құжаттар жиі жоғалған.

Сонымен, кеңестік тоталитарлық қоғам тұсында бұрын-соңды болмаған қатігездік түрлері өмірден орын алды. Адамдардың өмірі ойыншыққа айналды, тағдырлары тәлкек болды. Адамдар үрей мен қорқынышта өмір сүрді. Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлер көптеп құрылды. Түрмелер мен ЕТЛ-дағы әйелдер жағдайы адам төзгісіз, өте ауыр болғандығы деректерде көп жазылады. Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлеріне тән басты ерекшелік сотталғандар санының шамадан тыс әрі олардың арасында жұкпалы аурулардың көп болуы еді.

Ақмола облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдерді зерделегенде, олардың басым көпшілігінің 1937-1938 жылдары ұсталғандығын байқаймыз.

Жазықсыз жазаланғандардың басым көпшілігі колхозда жұмыс жасаған және жұмысшылар (80 әйел). 2 оқушы мен 10 мұғалім, үй шаруашылығындағы 9 әйел сотталған. Сырттан арнайы қоныс аударылған әйелдер саны келесідей: орыс – 65; еврей – 10; неміс – 40; поляк – 68; белорус – 7; қытай – 11; латыш – 1; түркімен – 1; фин – 5; кәріс – 1; украин – 11; балкарка – 2; мордва – 1; чех – 1; коми – 1.

Жазықсыз жазаланған әйелдердің басым көпшілігінің бастауыш білімі болған (142 адам). Орта білімділері (71 адам) және жоғары білімділері (16 адам) аз. 32 адам сауатсыз деп көрсетілген.

Сонымен, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдерді толыққанды зерттеп, толыққанды ақтау жолында жұмыстар атқарылуда. Саяси қуғын-сүргін тақырыбы бұл бірнеше жылдарға созылатын тыңғылықты зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Отбасы тәрбиесі дара тұлғаны қалыптастырады. Отбасы құндылықтары арқылы тұлға қалыптасып, елі мен жеріне адал, адамзатты сүйетін адам өсіп жетіледі. Отбасын социалистік жанұяға айналдыру саясаты қарқынды жүргендіктен ата-баба, тек, әулет тарихына тереңдеу шет қала бастады. Шыққан тегі колхозшы болу мақтанышқа айналды. Бұл да кеңестік саясаттың бір жемісі еді. Себебі, билікке қарсы шықпайтын, өз өмірі өзне ұнайтын адамды қалыптастыру мақсат етілді. Кеңестер билігі ғасырлардан тамырын тартқан ұлттық құндылықтарды жоюға ұмтылды. «Құдайсыз» адамды қалыптастыру сынды шаралар адамдыққа жат қасиеттерді туындатты. Осы мақсатпен де діни тұлғаларымыз бен аузы дуалы ақсақалдарды репрессиялық машина өз құрдымына жұтты.

**Қорытынды.** Сонымен, жазықсыз жазаланса да, балаларынан тірідей айрылып азаптанса да, қорлық пен белден кешкен азапқа төтеп бере білген аналар бейнесі тарихта қалды. Олар жолдастарына психологиялық, моральдық жағынан тірек болған әйелдер рухы биік ерекше әйелдер еді. Әсіресе, саяси қуғын-сүргін зобалаңында шиеттей балаларын қалдырып немесе соңынан шұбырта ерте жүріп, аштық пен суыққа да қарамай, Ресей, Сібір өңірлеріндегі лагерлерге күйеулерін бірнеше мәрте іздеп барған аналардың жігер, қайраты кейінгі ұрпаққа мәңгі өнеге. Ал, лагерден оралған соң да шаңырағын шайқалтпай, өмірдің қиындығымен күресе жүріп, мойымай

балаларын іздеп тауып алып, оқытып, қатарынан кем қалдырмай тәрбиелеген аналар ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Абрамов Д. Места заключения и репрессированные. – Алматы: Глобус, 2001. – 142 с.
- Байганатова Татии // Астана ҚММ. 65-қ., 1-т., 1092-іс, 1-п.
- Баллестрем К. Априори теории тоталитаризма // Вопросы философии. – 1992. – № 5. – С. 17-20.
- Вергенов Л.Н. Закат тоталитаризма. Сумерки России // Россия и современный мир. – 1995. – № 3. – С. 178-185.
- Гаджиев К. Тоталитаризм как феномен XX века // Вопросы философии. – 1992. – №2. – С. 3-25;
- Геллер М., Некрич А. Утопия у власти. История Советского Союза с 1917 года до наших дней. – Москва: Миг, 2000. – 856 с.
- Жұмағалиев З. Сыр сандық // Орталық Қазақстан. – 1998. – 12 ақпан.
- Кан А.С. Постсоветские исследования о политических репрессиях в России и СССР // Отечественная история. – 2003. – № 1. – С. 115-123.
- Капелюшников Р.И. «Дорога к рабству» и «дорога к свободе»: полемика Ф.А. Хайека с тоталитаризмом // Вопросы философии. – 1990. – № 10. – С. 99-112.
- Конквест Р. Большой террор // Нева. – 1989. – № 9. – С. 26-148.
- Книга приказов по ИТК. 1930-1931 гг. // Астана ҚММ. 65-қ., 1-т., 5763-іс, 10 п.
- Кравченко А.И. Социология. – Екатеринбург: Деловая книга, 1999. – 368 с.
- Красная книга ВЧК / Под. ред. А.С. Валидова.-Москва: Политиздат, 1990. – 250 с.
- Кубжасарова Райса // Астана ҚММ. – 65-қ., 1-т., 523-іс, 7-п.
- Отчеты и отчетные доклады о работе ИТК за 1929-1930 гг. // Ақтөбе ОММ. 13-қ., 2-т., 1-іс, 6-п.
- Отчеты о деятельности НКЮ за 1930 г. // ҚРОММ. 1380-қ., 2-т., 309-іс, 3-п.
- Росси Ж. Справочник по ГУЛАГУ. – Москва: Просвет, 1991. – Ч.1. – 269 с.
- Сарсембина К. 1920-1930 жж. Саяси қуғын-сүргін қасіреті // Материалы XIV Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации»: Сб. науч. трудов. – Переяслав-Хмельницкий, 2016. – Вып. 14. – 164-167 с.
- Хайек Ф.А. Дорога к рабству // Вопросы философии. – 1999. – № 11. – С. 123-165.
- Хлевнюк О.В. Принудительный труд в экономике СССР. 1929–1941 гг. // Свободная мысль. – 1992. – №2. – С. 73-84; Земсков В.Н. ГУЛАГ (историко-социологический аспект) // Социологические исследования. – 1991. – № 6. – С. 10-27, № 7. – С. 3-16.
- Циркуляры сводные ведомости и акты. 31.01.1929 – 7.05.1931 г. – Астана. ҚММ. 65-қ., 1-т., 5731-іс, 85-п.
- Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. – Караганда, 1997. – 175 с.

### References

- Abramov D. Mesta zaklyucheniya i repressirovannyye [Places of detention and repressed]. – Almaty: Globus, 2001. – 142 s. [in Russian]
- Bayganatova Tatii // Astana RSA – 65-k., 1-t., 1092-is, 1-p.
- Ballestrem K. Apriori teorii totalitarizma [A priori the theory of totalitarianism] // Voprosy filosofii. – 1992. – № 5. – S. 17-20. [in Russian]
- Vergenov L.N. Zakat totalitarizma. Sumerki Rossii [The decline of totalitarianism. Twilight of Russia] // Rossiya i sovremennyy mir. – 1995. – № 3. – S. 178-185. [in Russian]
- Gadzhiev K. Totalitarizm kak fenomen XX veka [Totalitarianism as a phenomenon of the twentieth century] // Voprosy filosofii. – 1992. – № 2. – S. 3-25. [in Russian]
- Geller M., Nekrich A. Utopiya u vlasti. Istoriya Sovetskogo Soyuzs s 1917 goda do nashikh dney [Utopia is in power. History of the Soviet Union from 1917 to the present day]. – Moskva.: Mig, 2000. – 856 s. – S. 8-185. [in Russian]
- Zhumağaliyev Z. Syr sandyk [Secret chest] // Ortalyq Qazaqstan. – 1998. – 12 aqpan. [in Kazakh]

Kan A.S. Postsovetskiye issledovaniya o politicheskikh repressiyakh v Rossii i SSSR [Post-Soviet Studies on Political Repression in Russia and the USSR] // Otechestvennaya istoriya. – 2003. – № 1. – S. 115-123. [in Russian]

Kapelyushnikov R.I. «Doroga k rabstvu» i «doroga k svobode»: polemika F.A. Khayyeka s totalitarizmom ["The road to slavery" and "the road to freedom": F.A. Hayek with totalitarianism] // Voprosy filosofii. – 1990. – № 10. – S. 99-112. [in Russian]

Konkvest R. Bol'shoy terror [Great terror] // Neva. – 1989. – № 9. – S. 126–148. [in Russian]

Krasnaya kniga VCHK [Red Book of the VCHK] / Pod. red. A.S. Validova.-M.: Politizdat, 1990.-250 s. [in Russian]

Kubzhasarova Raysa // Astana RSA. – 65-k., 1-t., 523-ís., 7-p.

Otchety i otchetnyye doklady o rabote ITK za 1929-1930 gg. [Reports and reports on the work of the ITC for 1929-1930.] // Aqtobe RSA – 13-k., 2-t., 1-ís, 6-p.

Rossi Zh. Spravochnik po GULAGU [Guide to the Gulag]. – M.: Prosvet, 1991. – CH.1. – 269 s. [in Russian]

Sarsembina K. 1920-1930 zhzh. Sayasi kugyn-syrgin kasireti [1920s-1930s The tragedy of political repression]//Materialy KHIV Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy internet-konferentsii «Tendentsii i perspektivy razvitiya nauki i obrazovaniya v usloviyakh globalizatsii»: Sb. nauch. trudov. – Pereyaslav-Khmel'nitskiy, 2016. – Vyp. 14. – 164-167 s. [in Kazakh]

Khayyek F.A. Doroga k rabstvu [The road to slavery] // Voprosy filosofii. – 1999. – № 11. – S. 123–165. [in Russian]

Khlevnyuk O.V. Prinuditel'nyy trud v ekonomike SSSR. 1929–1941 gg. [Forced labor in the economy of the USSR. 1929-1941] // Svobodnaya mysl'. – 1992. – №2. – S. 73-84 [In Russian]

Zemskov V.N. GULAG (istoriko-sotsiologicheskii aspekt) [GULAG (historical and sociological aspect)] // Sotsiologicheskiiye issledovaniya. – 1991. – № 6. – S. 10–27, № 7. – S. 3–16. [in Russian]

Tsirkulyary svodnyye vedomosti i akty. 31.01.1929 – 7.05.1931 g. [Circulars summary statements and acts. 01/31/1929 - 05/07/1931] – Astana RSA. – 65-k., 1-t., 5731-ís, 85-p.

Shaymukhanov D.A., Shaymukhanova S.D. Karlag [Karlag]. – Karaganda, 1997. – 175 s. [In Russian]; Kukushkina A.R. Akmolinskiy lager' zhen «izmennikov Rodiny»: istoriya i sud'by [Akmola camp of wives of "traitors to the Motherland": history and fate]. – Karaganda, 2008. – 248 s. [in Russian]

Kravchenko A.I. Sotsiologiya [Sociology]. – Yekaterinburg: Delovaya kniga, 1999. – 368 s. [in Russian]

**МРНТИ 03.00.20**

## **ЖЕНЩИНЫ, ПОДВЕРГШИЕСЯ ПОЛИТИЧЕСКИМ РЕПРЕССИЯМ (ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ)**

**К.К. Сарсембина<sup>1</sup>, М.М. Козыбаева<sup>2</sup>, Х.Б. Маслов<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, Нур-Султан

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: kuralai\_sk@mail.ru (Сарсембина), koz.mahabbat\_85@mail.ru (Козыбаева), halel\_86@mail.ru (Маслов)

**Аннотация.** В статье исследуется судьба невинных женщин, подвергшихся преследованиям и пострадавших в Акмолинской области в годы сталинских политических репрессий. Как известно, когда мужчин подвергали массовым репрессиям, сопровождавшие их женщины также подвергались политическим репрессиям. Судьба невинных матерей – это преступление тоталитарной системы советского образца. Хорошо известно, что реорганизация судебной системы в 1920-1930-е гг. была

подготовкой к репрессиям. Грубые нарушения допущены судебными органами. В целом политические репрессии затронули как женщин, так и подростков. Невинные дети остались живыми сиротами НКВД.

**Key words:** diaspora, Kazakhs, material culture, socio-cultural infrastructure, traditions.

**Сведение об авторе:**

<sup>1\*</sup>Кандидат исторических наук

## 1928-1929 ЖЖ. ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫН ТӘРКІЛЕУ НАУҚАНЫ

А.М. Әбікей<sup>1\*</sup>, А.Ж. Утегалиева<sup>2</sup>, Ж.С. Саурықова<sup>3</sup><sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы<sup>2</sup>Алматы энергетика және байланыс университеті, Қазақстан, Алматы<sup>3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: abikey.arm@mail.ru (Әбікей), almazhan@gmail.com (Утегалиева), zhanarsaurykova@mail.ru (Саурықова)

**Аңдатпа.** Мақалада кең архивтік дереккөздермен, сонымен қатар қазақ және шетел авторларының соңғы жылдары жарияланған еңбектері негізінде, ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының соңындағы Қазақстандағы байлар қауымын тәркілеу науқаны қарастырылады. Бұл кезең Қазақстан тарихында дәстүрлі қазақ ауылының ғасырлар бойы қалыптасқан құрылымы, қауымдық заңдылықтары мен өзіне ғана тән экономикалық қатынастары дағдарысқа ұшырауымен және ХХ ғасырдың 31-33-ші жылдардағы зұлмат ашаршылықтың тікелей алғышарттарының бірі болғандығымен белгілі. Мақалада дәстүрлі қазақ ауылындағы байлар қауымының рөлі қарастырылып, олардың әлеуметтік және экономикалық қатынастарына көңіл бөлінеді. Өз шаруаларын аяусыз қанайтын ресейлік немесе еуропалық бай тап өкілдері мен қазақтың байлар қауымына салыстырмалы анализ жасалады. Науқан барысында жіберілген өрескел заңсыздықтарға, озбырлыққа толы тәркілеу саясатының әділетсіз табиғатына мән беріледі.

**Түйін сөздер:** Сталин, кәмпеске, бай-феодалдар, орташалар, тәркілеу, Голощекин.

**Кіріспе.** Еліміздің тарихындағы үнемі назарда болатын, ақтаңдақты кезеңдердің бірі 1931-1933 жылдары орын алған алапат ашаршылық тақырыбы. Қазақ елі үшін осы қаралы қиын-қыстау кезеңді дұрыс түсініп, әділ бағасын беру үшін оның бастауында тұрған, тікелей алғышарттарының бірі болған – «Қазақ байларын тәркілеу науқанын» тыңғылықты зерттеуіміз қажет. Соңғы жылдары осы тақырыпқа жіті көңіл бөліп, қадағалап отырған ресми биліктің де талабы осындай. Биылғы жылы ашаршылыққа арналған 3 томдық құжаттар жинағының жариялануы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі» мемлекеттік комиссияны құру туралы Үкіметке тапсырма беруі, зерттеп отырған тақырыбымыз қоғам тарапынан сұраныс тудырып отырған аса өзекті мәселе екендігін көрсетіп отыр.

**Материалдар мен әдістер.** ҚР Орталық мемлекеттік архивінің, ҚР Президенті архивінің құжаттары мақаланың деректік негізін құрады. Президент архивіндегі № 141 қордың келесідей материалдары зерттелді: Ірі бай-феодалдарды тәркілеу мәселелері (Тәркілеу қорытындылары туралы Қазқрайкомының БКП(б) ОК-не баяндама хаты және оған қосымша тіркелген материалдары), байларды тәркілеу туралы материалдар (ОГПУ ІІІ мәліметтері, өлкелік парткомиссияның хаттамалары, анықтамалар, Қазқрайкомының ақпараттары және т. б.)

ҚР Орталық мемлекеттік архивінде зерттелген қорлар: № 135 қордан: Қазақ КСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы бай-феодалдардың мүлкін тәркілеу және жер аудару жөніндегі орталық комиссия материалдары қаралды; № 5 қордан ҚазАССР кеңестерінің орталық атқарушы комитетінің (ҚазАССР ОСК) бай феодалдардың мүлкін тәркілеуге қатысты материалдары қаралды.

Сонымен қатар зерттеудің дереккөзі ретінде осы тақырып аясындағы соңғы жылдары жарық көрген отандық және шетел зерттеушілерінің монографиялары болды.

**Талқылау.** Тақырып тарихнамасын кеңестік кезең мен тәуелсіздік тұсында зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектері құрайды. Кеңестік кезеңде қарастырып отырған тақырыпты терең зерттеген ғалымдар қатарында А.П. Кучкин, Г.Ф. Дахшлейгер, М.Қ. Қозыбаев және т.б.

болса, тәуелсіздік тұсында негізінен Ж.Б.Абылхожин, Қ.С.Алдажұманов, Т.Омарбеков, С.А. Жакишева, Ф.К. Қозыбақовалар зерттеу нысанына алды. Қарастырылып отырған мәселе, кеңестік кезеңде идеологиялық шеңбердің аясында, саяси тұрғыда негізделген еңбектер болды. Кейінгі жылы шыққан зерттеулер тың көзқарас, жаңа деректермен қамтылғанмен, тақырып бүгінгі күнге дейін өзінің ғылыми және зерттеу маңыздылығын сақтап келеді. Жаңадан ғылыми айналымға енгізілу барысындағы деректер мен жаңа зерттеулер қазақ байларын кәмпескелеу науқаны шараларының әлі де ақтаңдақ беттерінің бар екендігін көрсетіп отыр.

**Зерттеу нәтижелері.** Жеке меншіктік, өзгенің жұмыс күшін пайдаланушылық жалпы кеңестік, социалистік мемлекетке жат құбылыстар. Сондықтан, Қазақстанда бай, кулактардың кеңестік жүйемен қатар өмір сүруі әлбетте уақытша еді. Жаңа экономикалық саясат та қазақ байларының мәселесін кейінге қалдыруға түрткі болды. Дегенмен таптық күрестің жағымсыз кейіпкеріне айналған қазақ байлары большевик билігінің үгіттеуінше, сан ғасырлар орыстың крепостнойларын қанап келген помещиктермен (орыс байларымен) қатар қойылды. Мәселен, байларды тәркілеу кезінде Қазақстан республикасы үкіметінің халыққа жолдаған үндеуінде «қатардағы қарапайым бай әр ауылда бар, оның шаруашылығы тауарлық капиталистік қатынасқа негізделген және мұндай қазақ байының орыс кулагынан еш айырмашылығы жоқ» деп, қазақ байының қоғамдағы өзіндік ерекше статусын жоққа шығарғысы келді (Народное хозяйство Казахстана, 1928: 128). Орал округтік атқару комитетінің жұмысшы, шаруа, казак және Қызыл әскер депутаттары мен Қазақтың еңбекші халқы кеңестерінің қаулысында: «Саны жағынан елеусіз, бірақ өзінің әлеуметтік-саяси жағдайы бойынша аса зиянды және қауіпті ауылдың мығым бөлігі ең зымыян және ең қауіпті таптық жаулар болып табылады» деп қазақ байына батыс байларының теріс қасиеттерін телді. Бірақ бастысы байлар тарапынан «... алдағы уақытта да жалшыларды, кедейлерді және орташаларды құлдыққа салып және ауылды қайта құру кезінде кеңес өкіметінің алдында тұрған міндеттердің іске асуына тосқауыл болады» деген қауіпті төндірді. Мұндай өсек-аянды ресми билік құрылымдары тарапынан айту байларды мал-мүлкінен айыру үшін ғана емес, сонымен бірге оларды тұрғылықты округтерден, тіпті республикадан тыс жерлерге шығару үшін де қажетті және жеткілікті негіз деп санады (Жакишева, 2021: 8).

Өмір салты көшпенді шаруашылыққа негізделген қазақ халқының байлары большевиктік билік тарапынан таңылатын қанаушы таппен салыстыруға келмейтіндігі туралы Изабель Огайон өзінің «Сталин тұсындағы КСРО-дағы қазақтардың отырықшылануы. Ұжымдастыру және әлеуметтік өзгерістер (1928-1945 жж.) атты еңбегінде: «Көшпелілердің дәстүрлері бойынша, қиын-қыстау уақыттары қазақ қоғамының байлары өздерінің мал-мүлкі мен беделін басқа руластарын құтқаруға бағыттауға міндетті болды және бұл жалпы қазақ байлары сословиесіне тән нәрсе деп жазады (Qazaqstan tarihy, 2013).

Сол сияқты орыс зерттеушісі Кушнер қазақтың байларын өз шаруаларын аяусыз қанайтын ресейлік немесе еуропалық бай тап өкілдерімен теңестіруге келмейтіндігі жөнінде: «Мен әлеуметтік таптар мен таптық күресті бос іздедім, қазақ қоғамының таптарға бөлінудің нақты мысалдарын таппадым» деп түйеді (Абылхожин, 1991: 225).

Осы мәселемен тереңірек айналысқан орыс зерттеушісі Полочанский қазақ байлары мен ауқатты шаруалардың қазақ қоғамындағы зор беделі мен біріктіруші рөлін туралы айта келе былай деп жазады: «Бұқарада таптық сана болмаған жағдайда, ол (бай) қанаушы ретінде емес, экономиканы ұйымдастырушы ретінде, рулық қоғамның ажырамас мүшесі ретінде танылады» (Алланиязов, 2002: 25).

1903 жылы «Сибирский наблюдатель» атты ай сайынғы ғылыми журналдың №3-де жарияланған «қырғыздар» очеркінде («қазақтар» деп оқыңыз), орыс зерттеушісі В.Никольский: «қазақ даласын орыстар түпкілікті тыныштандырғанға дейін қазақтар біртұтас рулық топтарда өмір сүрді және олардың басты кәсібі мал шаруашылығы болды», - деп куәлік етеді. Сонымен бірге, автор «... Бүкіл қазақ халқы ауқаттылығымен ғана емес, көшпенділер тұрғысынан тіпті, байлығымен де ерекшеленетінін» мойындайды. Ол сондай-ақ Қазақстанда отарлық тәртіптер орнатылғанға дейін «қазақтар, жалпы алғанда, ауқатты өмір сүрді және олардың қоғамында әлеуметтік бөлініс пен таптық қайшылықтар байқалмағанын» атап көрсетеді.

«Халық шаруашылық-экономикалық тұрғыдан біртекті қоғам болды, олар байлар мен кедейлер деп таптарға мүлдем бөлінбеді. Бұл кезде пролетарийлер табы туралы айту мүмкін емес еді, өйткені оның қалыптасуына рулық негіздегі қазақ қоғамының құрылымы кедергі келтірді» деп қазақ қауымының жікке бөлінуіне бейімсіздігін түсіндіруге тырысады. Никольскийдің айтуынша, қазақтардың өркендеп өсуіне, ең алдымен, қазақ қоғамының қауымдық-рулық құрылымының ерекшеліктері ықпал етті: «Шалғынды алқаптар мен жайылымға ыңғайлы алып далалық кеңістік мыңғырған малды айдауға мүмкіндік берді, ал рулық қоғам қандай да бір себеппен малынан айырылып, бақытсыздыққа ұшыраған туыстарын қолдап отырған. Қазақ өз отарларынан айырылып қалса да, оны жұт салдарынан жоғалтса да, ол аштыққа ұшырамайтын... Оны рудан шығарып тастамайтын, далалық қатарынан шығарылмайтын, керісінше, руластары оны қолдауға тырысты, оларға қайтадан шаруашылық тұрғысынан оңалып кетуіне мүмкіндік берді ...» (Аккулы, 2016).

Қазақ қоғамының байлығы, ауқаттылығы жөнінен көрініс беретін тағы бір орыс зерттеушісі А. Левшин, өзінің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде былай дейді: Қой отарлары мұнда көптігімен таң қалдырады. Әлемде малды бұл жерден де көп өсіретін ел жоқ. Қазақтардың ең байларының жиырма мың қойы бар».

Мұндай көп көлемдегі малды бір ғана байдың отбасы бағып ие бола алмайды. Кеңестік кезеңдегі бір колхоз малының жартысын немесе үштен бірін бағып-баптап өсіру бір байдың отбасының күшімен емес, ауыл ауылдың күшімен іске асуы мүмкін болған. Бұл жерде әрине ру, тайпаның рөлі маңызды болған.

Кез-келген ру-тайпалық қоғам ең алдымен отбасылық-туыстық қатынастарға сүйенеді. Қазақ қоғамының қауым ішіндегі қарым-қатынастар, қауымның аға буын және неғұрлым ауқатты мүшелерінің кіші және әлсіз мүшелерін қамқорлыққа алуына негізделді (Акимбеков, 2021: 375). Тиісінше, шағын рулық қауымдастықтың ішінде бәрі бір-біріне әр түрлі дәрежеде туыстық қатынаста болды. Бұл қажетті келісімді, соның ішінде ресурстарды үлестіруді қамтамасыз етті. Ресурстарды үлестіру малды пайдалануға беру арқылы, сондай-ақ сыйға тарту актілерінің көмегімен жүзеге асырылды. Қатардағы қазақтың бай туыстарына жұмыс істеу маңызды фактор болды. Сонымен қатар, туыстары байдан несие алып тұрды және ол көбінесе қайтарылмайтын. Бұл ретте экономикалық тұрғыдан қазақ қоғамында стратификация аса маңызды болған жоқ. Қазақ үй шаруашылығының 80%-ында әр аулада 10 бас мал бар, 17%-да 10-нан 35 -ке дейін болды, тек 3%-да 35 -тен және 200-ден астам малға ие болды (Огайон, 2009: 63). Сонымен қатар, қиын жағдайда қазақ байлары кедей туыстарына тікелей қолдау көрсетті. Мысалы, 1924 жылы Ақмола уездік атқару комитеті «ұлттық әдет-ғұрыпқа сәйкес» 25 мың аштыққа ұшыраған адамдарды тамақтандыру үшін жергілікті байларға бекітеді» (Аманжолова, 2019: 376).

Жалпы, мұндай қатынастар прагматикалық есепке негізделген. Туыстарға тұрақты негізде көмек көрсету отбасылық байланыстарды нығайтты. Сонымен қатар ол ауқатты бай қазақтардың айналасында өздеріне адал тұтынушылардың желісін қалыптастырды. Өз кезегінде, мұндай желінің болуы және оның ауқымы мемлекетпен қарым-қатынаста да, басқа ру-тайпалық қауымдармен бәсекелестік жағдайында да байдың мәртебесін арттырды.

Байдың беделі оның тұтынушыларының санымен анықталды. Мысалы, жергілікті сайлау жағдайында, Ресей империясы кезіндегі болыстар деңгейінде немесе Кеңес Одағының алғашқы жылдарында болғандай, тұтынушы байларға сайлау жағынан қолдау көрсетті. Басқа рулармен бәсекелестік жағдайында клиенттер күштік қолдау көрсетті және олар неғұрлым көп болса, соғұрлым күшті болды. Сондықтан ресурстарды бөлу қазақ қауымын ұйымдастыру құрылымында байлардың өмір сүруінің маңызды және ең қажетті функциясы болды. Оның мүлкі іс жүзінде бүкіл қауымның меншігі болды (Акимбеков, 2021: 376).

Сонымен қазақ байының қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынасы қайшылықты емес, керісінше екі жақ та қатынастарын прагматикалық тұрғыдан құруға мүдделі екендігін көреміз. Сондықтан қазақ байының батыс өлшеміне келмейтін этникалық, географиялық, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан түсіндірілетін ерекшеліктері болғандығы анық нәрсе. Ал қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескергісі келмеген большевиктік билік қазақ байларын қоғамнан аластап, халыққа иелік ету үшін қазақ қоғамын Ресейдегідей қанаушы және қаналушы таптарға бөлді.

Қазақтың байларын жеккөрінішті көрсетіп оның эксплуататорлық, қанаушы ретіндегі бейнесін ресми газет-жорналдар арқылы жиналыс, митингілер ұйымдастырып насихаттады.

Кеңестік билік қазақтың байларын халқына қарсы қоюды кәмпескеге дейін де бастаған еді. 1926-1927 жж. шабындық және егістік алқаптарды қайта бөлу реформасы арқылы билік байларды экономикалық қыспаққа алып, олардың қазақ қауымындағы рөлін аласартуға талпынады. Шабындық және егістік алқаптарды қайта бөлу реформасының сәтсіз болғандығын келесідей деректер көрсетеді: БКП(б) ОК-нің ұйымдастыру кеңесі (1929 ж.сәуір) реформаның қорытындыларын ескере отырып, «бұл іс-шаралардың нәтижелері кереметтей болған жоқ» (Прииртышская правда, 1928: 5 фев) деп көрсетті. Семей губкомы БКП (б), сондай-ақ қайта бөлу үміттерді ақтамағанын айтты (Ряднин, 1928: 28). Енді бір бақылаушы былай деп жазады: «көптеген аудандарда қайта бөлу кезінде кедейлер айтарлықтай белсенділік танытқан жоқ. Біз кедейлерді тиісті дәрежеде үгіттей алмадық... Шабындықтарды қайта бөлу ауылдағы тап күресінің, ауылдың әлеуметтік топтарының жер үшін күресінің нәтижесі тиісті дәрежеде болмады деп қорытынды жасауға болады» (Ряднин, 1928: 28).

Голощекин де реформа нәтижесінің болжамдары оның нақты нәтижесінен тіпті алшақтайды деп күтпеді. «Біз әлі барлығын ой елегінен өткізіп түсінген жоқпыз»... Мысалы, 10 мыңнан мал басы бар Шорманов пен Ақпаевты алайық. Біз олардан жерді алдық, мен олар енді не істей қояды деп ойладым, ал олардың мұрты да қисаймаған сияқты. Мұнда бір кілтипан бар, жолдастар. Біз олардан жерді тартып алғанымыз жақсы әрине, бірақ біз бәрін әлі жіті түсінген жоқпыз, бай үшін құтылудың жол бар болып тұр, міне соны жолдастар, тауып алып құтылып кетуіне жол бермеуіміз керек» (Голощекин, 1927: 75).

Ал енді қазақ байларының көзін жойған Голощекин кім еді? Бір қызығы 1925 жылы Голощекин Қазақстанды басқаруға келгенде, дәл сол жылы Лазарь Каганович Украинаны басқаруға Киевке жол тартады. Украинаға барған Л. Каганович украиндықтардың көңілін табу үшін, украинша сөйлеуге тырысқан екен. Қазаққа бұйырған Голощекиннің қазаққа көзқарасын төменде келтіретін тарихшы В.Л. Бурцевтің сөзінен білетін боламыз. Сонымен, Голощекин И.В. Сталиннің Қазақстандағы сенімді өкілі, қазақстандық партия ұйымын 1925 жылдан бастап басқарды және Қазақстанның Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы болды. Голощекинді білетін, революция тарихшысы В.Л. Бурцевтің айтуынша: «Бұл кәдуілгі лениншіл адам. Мақстақа жетуде қан төгуге де бар. Баскесер, қатыгездік оның табиғатына тән қасиеттер. Және оның бойында дегенерацияның элементтері байқалады. Партия өмірінде ол менмендікпен ерекшеленді, демагог әрі циник. Ол қазақтарды адамдар ретінде санаған жоқ. Голощекин Қазақстанға келіп үлгермей, мұнда Кеңес өкіметі жоқ және «Кіші қазанды» ұйымдастыру керек деп мәлімдеген еді (Аян Аден, 2016: 16.01.2019).

Голощекин орталықтың тапсырмасын мүлтіксіз орындауы үшін өзіне қарсы келген қарсыластарын жолдан тайдырып отырды. Тапсырманы асыра орындайтын Голощекинді Сталин мақтап, қолдау білдіріп отырды (3-й Пленум, 1927: 4). Голощекиннің шексіз билігі БКП(б) ОК Саяси Бюросы мен Сталиннің қолдауымен ғана түсіндірілмеді. Оның тағы бір себебі Қазақстандағы жергілікті интеллектуалды элита тым аз және бытыраңқы күйде болғандығында. Қазақ элитасының әлеуметтік мүдделері де айтарлықтай ерекшеленді (Мухамедина, 2002: 138).

Ешкім қарсы тұра алмаған Қазақстан көшбасшысына 1927 жылдың 24 маусымында Г.Е.Зиновьев партия Орталық Бақылау Комиссиясында келесідей сипаттап еді: «Мен Голощекиннің қандай тәраға екенін саған қарағанда өте жақсы білемін. Ол кәрі большевик, бірақ мұндай Өлкені ол қайдан басқара алсын. Оның сөзі жазылған стенограмманы оқып көріңізші. Ол жергілікті ұлт өкілдеріне не үйретіп отыр. Ол партияның атына кір келтіріп, Лениннің ұлттық мәселесінің қойылуына нұқсан келтіретін бағытты ұстанып отыр» (6-я Всеказахская конференция, 1927: 95).

Голощекин үшін қазақ байларына қарсы кезекті және соңғы науқан 1928 жылы байларды кәмпескелеу кезінде жүзеге асты. Дәл осы жылы мемлекет жоспарларының ішінде кең көлемді ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыру да болды. 1928 жылдың тамыз айында, ҚазССР-де байларды кәмпескелеу бойынша комиссия жұмыс істей бастаған кезде, Мәскеуде 125 ірі астық совхозын құру туралы шешім қабылданды. Астық совхоздарының жартысынан көбін Қазақстан



Республикасының аумағында құру жоспарланған болатын. Осылайша, бұл кезде мемлекет нарықтағы және ауылдық жерлерден жеткізілетін тауарларға тәуелді болмайтындай, өз бақылауындағы астық өндірісін кеңейтуді жоспарлады. Әлбетте, мұндай ірі кеңшарлар үшін үлкен кеңістікті алып жатқан жерлер қажет болды. 1928 жылы мұндай жерді не крестьяндар қауымынан, не көшпелілерден алуға болатын еді. Алайда 1928 жылы ауқымды мемлекеттік өндірісті ұйымдастыру үшін мемлекет тұрғысынан салыстырмалы түрде бос жерлерді алу қисынды болды. Мемлекетке мұндай жерлерді көшпелілер мен жартылай көшпелілерден, яғни негізінен ҚАССР-ден тартып алу оңай болды (Акимбеков, 2021: 374).

Голощекиннен бұрын Қазақ байларын кәмпескелеу мәселесі Мәскеуде 1919 жылдың өзінде-ақ көтерілген болатын. Кирвоенревкомның бірінші төрағасы Станислав Пестковскийдің өзінің естеліктерінде 1919 жылдың көктемінде В.И.Ленин РКП(б) VIII съезінің делегаттары – қазақстандықтардың сұрағына жауап бере отырып, қазақ байларын экономикалық әлеуетінен қалай айыруға болады деген сауалдарына: «Әлбетте, сіздерге ерте ме, кеш пе малды қайта үлестіру туралы мәселе қоюға тура келеді» деп жауап береді (Ларькина, 1960: 79).

Ірі байлардан малды тәркілеу туралы мәселе 1923 жылы наурызда Қазақстанның III облыстық партия конференциясында да қойылды. Алайда, сол кездегі «әскери коммунизмінің» тауарсыз утопияны жүзеге асыру нәтижесінде туындаған экономикалық және саяси дағдарыстан шығуға бағытталған ЖЭС стратегиясы, коммунистік радикалдардың экспроприациялық әрекеттеріне тоқтау салды (Дахшлейгер, 1965: 179).

КСРО үкіметі БКП(б) XV съезінде (1927 ж. қараша) Кеңестік шығыс өлкеде кеңестік қоғамының мүлде орнамағанын атап өтіп, ондағы кеңестендіру жұмыстарын тез арада іске асыру мәселесі ретінде күн тәртібіне қояды (XV съезд ВКП(б), 1928: 1047). Кеңестік Қазақстан Республикасына қатысты бұл Қазан революциясына он жыл толса да қазақ қоғамында сақталып отырған бай, кулак шаруашылықтарын кәмпескелеуді білдірді. 1927 жылы қарашада Қазақстанның VI-шы партиялық конференциясында «ірі байлардан мал мен құрал-сайманның бір бөлігін тартып алуға рұқсат беру» мүмкін деп тауып, байларды экспроприациялау мәселесі талқыланды. Бұл «ауылдың орташалануы мен оның өндіргіш күштерінің дамуына және пролетариаттың ауыл еңбекші халқымен одағын одан әрі нығайтуына әкелуі тиіс» деп есептелді.

1927 жылдың желтоқсанында ірі көлемдегі шаруа қожалықтарын тәркілеу туралы заң жобасын әзірлейтін комиссия құрылды. Казкрайком бюросында қаралып, нақтыланғаннан кейін оны Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясының орталық комитеті мен Бүкілресейлік орталық атқару комитеті мақұлдады. 1928 жылдың 18 тамызында Қазкрайком Бюросының отырысында Қазақ байларын тәркілеу жөніндегі комиссия құру туралы шешім қабылданды. Тәркілеу жөніндегі комиссияны Елтай Ерназаров басқаратын болып шешілді. Комиссия құрамына О. Жандосов, Н. Нұрмақов, Ф. Тоқтабаев және басқалар кірді. Жергілікті жерлерде тәркілеумен округтік комиссиялар айналысатын болды. Уәкілдер тағайындалып, Қостанай облысына Ұзақбай Құлымбетов, Ақмола облысына Садық Сапарбеков шықты.

1928 жылы 27 тамызда республиканың Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің отырысында «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулы қабылдады. Мұнда «Қазақстан АССР-да Адай округі мен бұрынғы Сырдария және Жетісу губерниялары мен Қарақалпақ автономиялық облысының мақта өсіру аудандарын қоспағанда, жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өзінің мүліктік және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі келтіретін ірі байларды көшіру» қарастырылды (Материалы к отчету ЦИК КАССР, 1928: 18). Республика аудандарында тәркілеу жүргізу үшін өкілетті өкілдер тағайындалды. Мыңнан астам өкілетті өкілдер тікелей ауылдарға жіберілді. Сонымен қатар, жәрдемдесу комиссияларында 4700 адам жұмыс істеді. Тәркілеуді жүргізу үшін ауылдарда 300-ге дейін комиссия ұйымдастырылды, оған 5000-ға жуық жұмысшы өкілдері кірді.

1928 жылы 30 тамызда «Бай шаруа қожалықтарын тәркілеу туралы ҚАССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің декретін қолдану жөніндегі нұсқаулық» бекітіліп, жарияланды. Нұсқаулыққа сәйкес мыналар тәркілеуге және көшірілуге тиіс болды:

а) көшпелі аудандардағы ірі малға шаққанда 400 бастан аса малы бар, жартылай көшпелі аудандардағы ірі малға шаққанда 300 бастан аса малы бар, отырықшы аудандарда 150 бастан аса малы бар және төңірегіндегі халыққа қатынасының кіріптарлық сипатына байланысты әлеуметтік қауіпті болып табылатын немесе рулық артықшылықтар мен экономикалық үстемдікті пайдалана отырып, ауылды кеңестендіру іс-шараларын өткізуге кедергі келтіретін байлар;

б) ірі қара малға шаққанда жоғарыда көрсетілген нормадан малы аз болса да, бірақ «а» тармағында көрсетілген шарттарға байланысты жергілікті билік әлеуметтік қауіпті деп таныған адамдар;

в) бұрын мәртебесі бойынша артықшылықты иемденген топтарға жататын адамдар, мысалы: сұлтан, хан ұрпақтары, патша үкіметінен арнайы марапаттар алған бұрынғы болыс басқарушылары, яғни жеке немесе мұрагерлік атақтары бар азаматтар, еңбек сіңірген қызметі үшін медальдар алған және басқа да ерекшелік белгі, қандай да бір артықшылықтар беру туралы ерекше грамоталар алған адамдар, олардың мүлктік жағдайына қарамастан көшірілуі тиіс».

«а» тармағына енген байлар 1-ші категорияға жатқызылды, «б» және «в» тармақтарына енген байлар тәркілеу мен көшірудің 2-ші категориясы бойынша өтті. Олардың өздері және отбасы мүшелері автоматты түрде сайлау құқығынан айырылды. Билік шаруашылықтар санын болжап, шамамен бөліп қойған еді: 1-ші топ бойынша 600 шаруашылық, 2-ші топ бойынша 100 шаруашылық (Жакишева, 2021: 46). Кәмпескені іске асырушылардың ұзақ пікір-таластарынан кейін бастапқыда белгіленгендей 4300 шаруашылық емес, 500-600 шаруашылық тәркіленетін болып шешілді (Кстаубаева, 2015: 174).

Алматы облысының мемлекеттік архивінің 591-қордың, 1-тізімдемесі, 1-бумасы, 9-шы ісінде Алматы округтік атқару комитетінің жанындағы байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы округтік комиссияның жиналыстарының хаттамалары сақтаулы. Осы хаттамада қабылданған қаулы бойынша «ірі қара» деп жасы екі жылдан асқан жылқы, сиыр, қодас, түйе есептелетін болды. Сонымен бірге үш құлын, екі бір жасар тай, үш бас тайынша, бес бұзау, бес қой, алты ешкі, үш бас бияз жүнді қой, үш бота, екі тайлақ, бір ірі қара болып есептелінетіндігі нақтыланды. Сондай-ақ, төлдеген тоқты да ірі қойдың қатарына жатқызылды. Міне, осы және басқа да мәселелерді түсіндіру-насихаттау мақсатында тәркілеу комиссиясы 5 қыркүйектен 2 желтоқсанға дейін 25 жиын өткізген (Рысдәулет, 2018: 1).

Декретке сәйкес малдан басқа бай шаруашылықтарынан ауыл шаруашылығы құрал-саймандары, көлік құралдары, зергерлік және кілем тоқу бұйымдары да тәркіленді. Осы тақырыпты зерттеуші И.Огайон тәркілеуге ұшыраған үлкен әулеттік тарихы бар материалдық мүлікке ерекше мән береді. Тәркіленген осындай отбасылық жәдігерлер фольклорлық дүние болып, мемлекет кірісін толықтырғанымен, терең тарихы бар рулық жадтың жойылуына ықпал етті. Этнографиялық мұражайлардың қорларын байыта отырып, генеалогиялық тізімдерді символдық түрде көрсететін отбасылық құндылықтар рулық сәйкестіліктің берілу механизмінің бастапқы мағынасын жоғалтты. Осылайша қазақ элитасын әлеуметтік және саяси мәртебеден айырды дейді зерттеуші (Qazaqstan tarihy, 2013).

Байлардың мүлкін тәркілеу және оларды кейіннен жер аудару кезінде өрескел заңсыздықтарға жиі жол берілді. Мысалы, шын мәнінде, мал саны көп болған байлардың саны салыстырмалы түрде аз болды, олар жалпы санның үш-ақ пайызын құрады. Сондықтан уәкілетті өкілдер, өздерінің жеке мүдделері үшін неше түрлі амалдарға барды. Мемлекеттік деңгейде байлардың эксплуатациялық әрекеттерін әшкерелеу және тәркілеу жөніндегі комиссияларға жан-жақты көмек көрсетілуі үшін, билік тарапынан ауылдың ең кедей топтарына тәркіленген мал мен мүліктің 60-70% бөлу туралы уәделерімен азғырды. Сондықтан, бақай есебі бар шолақ белсенділер тек растауға ғана емес, сонымен бірге жойылатын бай шаруашылықтарының шеңберін кеңейтуге де тырысты.

Сондай шолақ белсенділердің бай шаруашылықтарының көлемі, олардың әлеуметтік қауіптілігі туралы берген мәліметтері тексерусіз қабылданды. Ал кеңес органдарының құжаттарымен бекітілген байлардың мәліметтері күмән тудырды немесе ескерілмеді. Сонымен қатар байдың кінәсінің жоқтығына кепілдік беретін немесе оларды қорғауға алған адамдардың сенімділігін тексеру туралы нұсқаулар берілді.

Сонымен қатар, тәркіленетін және жер аударылатын байлардың тізімдері үнемі жаңартылып отырды. Мысалы, жергілікті жерлердегі уәкілдерден байлардың мал саны 1-ші категорияға сәйкес келмей жатқандығы туралы жеделхаттар келіп түскен жағдайда округтік комиссия бұл байлар әлеуметтік қауіпті және Кеңес өкіметіне қарсы болғандықтан, оларды тәркілеудің 2-ші тобына сәйкес анықтау керек деп 2-ші категорияға аударып салатын болған.

Жоспарды орындау үшін уәкілдер көбіне қолданған әдіс – бірнеше отбасы мүшелерін біріктіріп, қажет пайызға қол жеткізіп отырған. Байды жер аударып жіберуге және мүлкін тәркілеуге малдың жеткіліксіз болуы, шолақ белсенділерді аса алаңдатпады. Мысалы, Алматы округы Бәрібаев ауданының азаматы Заманбек Бексұлтановтың Өлкелік орталық комиссияға, көшірмесі ҚазССР прокурорына, ҚазЦИК Президиумына жазған арызынан біз бірнеше заң бұзушылықтың орын алғанын байқаймыз. Жалпы арыз мазмұны сол науқан кезінде көптеп жазылған арыздарға тән болғандықтан арыз мәтінін толығымен береміз:

Согласно объявления в газете «Джетысуйская искра» я подвергнут выселению а мое имущество конфискации. Считаю мое выселение и конфискацию моего имущества в корне неправильными по нижеследующим основаниям.

1. В силу декрета КЦИКА и СНК АКССР для выселения и конфискации необходимо хотя бы одно из нижеследующих условий:

А) Наличие скота в переводе на крупные единицы в полукочевых районах свыше 300 шт. Я скотовод. Семья моя состоит из четырех человек, имущественное положение: лошадей- 8 шт., коров- 2 шт., баранов- 10 шт. Таким образом по имущественному положению я являюсь мирным скотоводом ПОЛУСРЕДНЯКОМ, ПОЛУБЕДНЯКОМ т.е. стою в ряду имущественно-социальных единиц в отношении которых советская власть создает в ауле рад экономически-политических привилегий.

Б) Вторым условием для выселения может быть наличие политической нетерпимости, т.е. известная контрреволюционная идеология, враждебное отношение к советской власти, ее мероприятиям.

Ни мое прошлое ни мое настоящее и ни мое имущественное положение, абсолютно, ничто ни говорит за то что я могу быть признан идеологически чуждым советскому строю элементом. Я никогда не занимал каких либо должностей при царском строе, я нигде никогда не выступал против советской власти и по объективным данным врагом социалистического строительства как в городе так и в ауле, а это особенно важно, признан быть не могу.

2. Первоначально мое хозяйство и хозяйство одного из моих родственников Ахметбека Султанова было признано единым, вследствие чего мы были преданы к уголовной ответственности по признакам 2 ч. 169 ст. Угол. Код. Если бы даже признать правильным, что наше хозяйство действительно едино, то и тогда нет оснований к нашему выселению, ибо все равно 300 голов крупного скота хозяйство не составит. Но против этого уголовного преследования имеется целый ряд фактов а) Мы т.е. я и Ахметбек Султанов живем совершенно отдельно. Ведем самостоятельные хозяйства Платим каждый самостоятельно единый с.х.налог. Я живу в сел. Кызы-Гора, Барибаевском районе, Ахметбек Султанов живет в Алмалинском ауле, Барибаевском районе, т.е., совершенно в другом месте чем я. б) Нарсуд 15уч Алма-Атинского Округа выше указанное раздельное самостоятельное существование нас и наших хозяйств признал фактически и юридически действительным и 10 декабря 1928 года вынес оправдательный приговор.

3. Я не бий, не б. волостной правитель, я не потомок хана и т.п. Я никогда не был ни аксакалом ни аткаменером и т.д. Я трудящийся скотовод, т.е представитель той аульной массы в отношении которой мы имеем неоднократные категорические указания со стороны КЦИКА и КРАЙКОМа ВКП(б), об осторожном вдумчивом подходе к скотоводу средняку а тем паче к бедняку и полубедняку каковым, являюсь я не смотря на это. Не смотря на то что я ни формально ни фактически не подпадаю под декрет о выселении меня все же выселению и конфискации подвергли.

4. Выселение и конфискация проходят на основе безусловной классовой борьбы. С одной стороны байство и с другой средняк в союзе с аульной беднотой и батрачеством. С этой точки

зрения весьма (характерным и лишним раз подчеркивающим неправильность моего выселения является Постановление общего схода членов СОЮЗА КОШЧИ на каковом присутствовало свыше ста человек членов с. Кошчи и батраков. В этом постановлении дана моя характеристика как трудящегося с одной стороны и не врага советской власти с другой и кроме, сход признал необходимым обратиться в соответствующие органы на предмет отмены постановления о моем выселении и конфискации.

5. Сейчас наступила зима. У меня на руках маленькие грудные дети и не имею ни материальной ни физической возможности перекочевать. Кочевка в настоящее время к месту высылки, абсолютно, невозможна. На основании изложенного и принимая во внимание, что я по имущественному положению, полубедняк-полусредняк. Идеологически чуждым Советской власти не являюсь, что поскольку конфискация и выселение баев направлены с целью освободить аул от вредных элементов тормозящих проведение мероприятий Советской власти, постольку ясно, что мое выселение и конфискация нищенского имущества и нецелесообразно и ошибочно и политически вредно, что это наконец особо подчеркивается высказанным в мою пользу мнением организованной аульной бедноты, прошу срочно затребовать подлинники документов из окружной Алма-Атинской комиссии и постановление о моем выселении отменить т.е. прошу оказать мне содействие в деле восстановления моих нарушенных прав трудящегося и гражданина. 15 декабря 1929 года. (ҚР ОМА, 211: 30)

Алайда, көп жағдайда жер аударылғандардың шағымдары ескерілмеді. Бай мүліктерін тәркілеуге жәрдемдесу жөніндегі аудандық комиссиялардың хаттамаларын талдау көрсеткендей, өтініштердің көпшілігі шындыққа сәйкес келмейді деп қабылданбады (ҚР ОМА, 8: 121).

Көп жағдайда рулық ауызбірлік бүкіл қазақ қоғамы тарапынан тәркілеуге қарсы тұру деңгейін көрсетіп отырды. Сонымен қатар, рулық ауызбірлік комиссиялардың өз қатарында да болды. Тіпті коммунист партиясы қатарына өткен қазақтар да туыстарын экспроприациялау акцияларына қатысудан бас тартты. Мысалы, Орал округінің 178 партия мүшесінің тек 7 коммунисті жерлестерінің мүлкін тәркілеуге қатысты. Оның үстіне партияға кіруге ынталандырудың бірі «балалары Коммунистік партияның мүшелері болған және комиссиялардың құрамына кіретін байлар реквизициядан босатылады» деген қауесет те болған (Огайон, 2009: 86). Бірақ бұл әдіс көбіне нәтиже бермеді. Тіпті комиссия мүшелері жергілікті байларға алдағы тәркілеу туралы ескертіп, хабарлап отырған.

Сондықтан билік науқан белсенділеріне моральдық ұстанымдарды сақтамауға және оларға ГПУ қарулы топтары мен агенттерінің көмегімен физикалық, әлеуметтік тұрғыдан зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауға да құқық берді. Мәселен, Шалқар ауданында тәркілеу комиссиясы жергілікті бай Нағым Мұхтаровтың мал-мүлкін экспроприациялау үшін Ақтөбе округінің өкілетті өкілі және полиция қызметкері бастаған он адамнан тұратын топты жібереді. №12 ауылға келген бұлар тұрғындарды мылтықтан оқ атып қорқыта бастады. Кедейлерге қоқан-лоқы көрсете отырып, олардың соңғы жылқыларын өз пайдаланулары үшін тартып алады. Кәмпеске өкілдері онда шамамен бір ай тұрып, оларға сый-құрмет көрсетуді, үнемі қой сойып беруді талап етіп отырған. Осы аралықта кәмпеске өкілдері байдың 200 қойын жеп, өздерінің зорлық-зомбылық көрсетулерін жалғастыра берді. Содан кейін ауыл тұрғындары арасында жаппай тінту жүргізіліп, күшпен тартып алынған арбаларға бар тәркіленген дүние-мүлікті тиіп алып, тайып тұрған. Сондай-ақ, Алматы округіндегі комиссия өкілдері байларға дегенін істегіп, қорқыту мақсатында ату жазасына кескендей етіп, жалған үкім шығарып оларды жәбірлеген (Огайон, 2009: 91).

Сара Кэмерон да өзінің: «Аштық жайлаған Дала: Ашаршылық, Зорлық және кеңестік Қазақстанды орнату» еңбегінде негізінен ОГПУ қызметкерлерінен тұратын тәркілеу комиссияларына ешкімді аямау туралы бұйрық болғандығы және тәркілеу комиссия мүшелерінің де аянып қалмағандығы туралы айтады. Зерттеуші Садық Жердентапқановтың тағдыры туралы мынадай деректі келтіреді: «Комиссия мүшелері оны тыржалаңаш етіп шешіндіріп тастады. Олар оның аузын байлап, кеудесіне тапанша тақап, оның әлі де тәркілеуден кейін жасырған малы мен басқа дүниесі қайда екенін айтуды талап етеді. ... Мал қалмағаны белгілі болғаннан кейін, олар оның жалаңаш арқасынан қан кеткенше қамшымен сабап тастайды. Қанжоса болып жатқан күйеуін

көрген Жердентапқановтың жүкті әйелі жүрек ұстамасынан қайтыс болады». Зерттеуші мұндай айуандықтар сол кезеңде кездейсоқтықтан гөрі үйреншікті жайға айналған еді, деп түйеді (Камерон, 2020: 105).

Іс жүзінде ауыл тұрғындары не болып жатқанын нашар түсінді (Народное хозяйство Казахстана, 1928: 27). Тіпті орта шаруалар мен кедейлер ауқатты мал иелерінің жойылуына наразылық білдірді. Шаруашылықтың күйреуін, кедейліктің жаппай орын алуын қолдаған адам аз. Сонымен қатар, кедей шаруалар, орта шаруалар «байлармен қауымда жақсы өмір сүргендігін, олардан тегін сиыр, өгіз және т.б. алғандығын, сондықтан оларды тәркілеудің қажеттігі жоқ» деп те айтып жатты.

Қарқаралы округіндегі жеке шаруа қожалықтарының таратылуы үлкен қиындықтармен өтті. Мұнда көп жағдайда кеңес және қоғамдық құрылымдар байларды қорғап, сөз сөйледі; 90 ауылдық Кеңестер, «Қосшы» ұйымы тәркіленген мал мен мүлікті қайтару туралы атқару комитеттері алдында өтініш білдірді (Красный Урал, 1928). Ақтөбе уезінде орыс кулактары байларға қарсы зорлық-зомбылыққа қарсы сөйлеген жағдайлар да болды. Архив құжаттарында әйелдердің тәркілеуге теріс қатынасы сипатталады. Мысалы, Қарқаралы округі аудандарының бірінде олар жергілікті байдың қоныс аударуына қарсы наразылық ретінде жиналыстан шығып кетеді (ҚР ПА, 1988: 360).

Мал мен мүлікті тәркілеу, көшіру бойынша 696 емес, тарихшы ғалым С.Ә. Жәкішеваның жүргізген соңғы зерттеулеріне қарағанда, жүйеге қауіп төндірген 1053 ірі меншік иелері, бұрынғы болыс билеушілері мен хан мен сұлтан әулеттерінің ұрпақтары ұшырады. Оның ішінде жалпы көлемнің 65,71%-ы тәркілеудің 1-ші категориясы бойынша, ал 34,29% 2-ші категориясы бойынша өтті.

Зардап шеккендерден тәркілеуді әділетсіз және өрескел тәсілдермен жүргізгендігі жөнінде Орталық комиссияға келіп түскен 500 шағым куәландырады. Байлардан 144 474 бас мал тәркіленді (ірі қара малға шаққанда). Оның 58,6% - ы 25061 орташаларға пайдалануға берілді, ал қалған мал колхоздар арасында үлестірілді. Тәркіленген ірі қара мал барлық кедей шаруашылықтарын қанағаттандыратын қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар оларды орташалар деңгейіне жеткізу үшін жеткіліксіз болды. Осы шаруашылықтардан алынған малдың едәуір бөлігі қарыздарын жабуға, салықтарын төлеуге жұмсалды.

**Қорытынды.** 1928 жылғы кәмпеске науқаны ауыл тұрғындарын орны толмас моральдық және материалдық шығынға тап болды. Қазақ қоғамының ең тәжірибелі және сауатты, экономикалық тұрғыдан білімді бөлігі репрессияға ұшырады. Дәстүрлі ауылдың ғасырлар бойы қалыптасқан құрылымы, қауымның ішкі қағидалары, өзіне ғана тән экономикалық қатынастары дағдарысқа ұшырады. Қазақ алдағы келе жатқан ұжымдастыру, отырықшыландыру сынды реформаларына қарсы тұратын не болмаса, реформа әкеле жатқан жаңа жағдайға халықты бейімдей алатын күштен, механизмінен айрылды. Бұл өз кезегінде бассыз қалған қазақтың кеңестік биліктің одан әрі тонауына және де 1931-1933-тің ылаңына алып келді.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930-е гг.). – Алма-Ата, 1991. – С. 225.

Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – 584 с.

Алланиязов Т. О некоторых вопросах методологии и историографии коллективизации в Казахстане // Мысль. – 2002. – №5.

Аманжолова Д.А. Советский проект в Казахстане: Власть и этничность. 1920-1930-е гг. – Москва, 2019. – С. 376-377.

Аден А. Жестокий палач с элементами дегенерации // Qazaqstan tarihy. 16.01.2019

Внутрипартийные вопросы на 3-м Пленуме Казахского крайкома ВКП(б). – Кызыл-Орда, 1927. – С. 4.

Голощекин Ф.И. Отчет Краевого комитета IV Всеказахской партконференции. –1928. – С.75.

Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. – Алма-Ата, 1965. – С. 179.

Жакишева С.А. Элиминация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20-30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 222 с.

Камерон С.: Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана. Издательство: Новое литературное обозрение, Серия: Historia Rossica. 2020 г. – С. 360.

Красный Урал. – 1928. 4 окт.

Козыбаев М.К., Алдажуманов И.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. АН Респ. Казахстан. Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан. ист.-просветит. о-во «Адилет» (Справедливость) – Алматы: 21 век, 1997. – 28 с. – 500 экз.

Ко всем трудящимся Казахстана. Ко всем аульным батракам, беднякам и середнякам // Народное хозяйство Казахстана. – 1928. – №8-9.

Кстаубаева, У. А. Ликвидация казахского байства как класса в конце 20-х годов XX века. // Материалы III Междунар. науч. конф. (г. Москва, январь 2015 г.). – Москва: Буки-Веди, – 174 с.

ҚР ОМА. 135-қ., 1-т., 211-іс.

ҚР ОМА. 135-қ., 1-т., 7-іс.

ҚР ОМА. 135-қ., 1-т., 8-іс.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 1988-іс.

Ларькина Е.И. Подготовка колхозных кадров в период массовой коллективизации. – Москва: Соцэргиз, 1960. – С. 167.

Материалы к отчету Центрального Исполнительного Комитета Казахской Автономной Социалистической Советской республики на 3-й сессии ВЦИК 13 созыва. – Кызыл-Орда, 1928. – С. 18.

Мухамедина Ш. Конфискация байских хозяйств в Казахстане // Вопросы истории. – 2002. – № 4. – С.138-143.

Народное хозяйство Казахстана. – 1928. – № 9-10. – С. 35, 27-28.

Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения. (1928-1945 гг.) / Пер. с франц. А.Ракишева. – Алматы, 2009. – С. 63.

Прииртышская правда, 1928, 5 февраля.

Рысдәулет М. Қоңыр ауылдарды күйреткен кәмпеске // Түркістан. 16.08.2018.

Ряднин М. Казахстан на путях к социалистическому строительству. (Ответ на выступления оппозиции по национальному вопросу). – Кызыл-Орда: Казахское гос. изд-во, 1928. – С. 81.

Систематическое собрание законов Казахской АССР, действующих на 1 января 1930 г. (6 октября 1920 г. – 31 декабря 1929 года). – Алма-Ата: Упр.дел. СНК КАССР, 1930. – 224 с.

Сужиков Б.М. Казахская трагедия в исследовании французского историка Часть I. «Дебаизация» + конфискация = обнищание // Qazaqstan tarihy. 04.08.2013.

Султан Хан Аккулы. Бай-меценаты и их роль в национальном возрождении казахов – [Электронный ресурс] – URL: <https://zebra.today/i345> (дата обращения: 09.09.2016 г.).

6-я Всеказахская конференция ВКП(б), 15-23 ноября 1927 г. – Кызыл-Орда, 1927. – С. 95; 7-я Всеказахская конференция ВКП(б). Стенографический отчет. – Алма-Ата, 1930. – С. 7.

XV съезд ВКП(б) Стенографический отчет. – Москва, 1928. – С. 1047.

### References

Abylhojin J.B. Traditsionnaya struktura Kazakhstana. Sotsialno-ekonomicheskiye aspekty funktsionirovaniya i transformatsii (1920-1930-e gg.). [The traditional structure of Kazakhstan. Socio-economic aspects of functioning and transformation (1920-1930s).] – Alma-Ata, 1991. – S. 225. [in Russian]

Akimbekov S. Kazahı mejdu revoliutsiei i golodom. [Kazakhs between revolution and famine.] – Almaty: TOO «Institut Aziatskih issledovaniı», 2021. – 584 s. [in Russian]

Allaniazov T. O nekotoryh voprosah metodologii i istoriografii kollektivizatsii v Kazahstane. [On some issues of methodology and historiography of collectivization in Kazakhstan] // Mysl. – 2002. – №5. [in Russian]

Amanjolova D.A. Sovetskii proekt v Kazahstane: Vlast i etnichnost. 1920-1930-e gg. [The Soviet project in Kazakhstan: Power and ethnicity. 1920s-1930s.] – M., 2019. – S. 376-377. [in Russian]

Aden A. Jestokii palach s elementami degeneratsii [A cruel executioner with elements of degeneration] // Qazaqstan tarihy. 16.01.2019. [in Russian]

Vnutripartynnye voprosy na 3-m Plenumе Kazahskogo kraikoma VKP(b). [Internal party issues at the 3rd Plenum of the Kazakh Regional Committee of the CPSU (b).] – Kyzyl-Orda, 1927. – S. 4. [in Russian]

Goloshekin F.I. Otchet Kraevogo komiteta IV Vsekazahskoi partikonferentsii, [Report of the Regional Committee of the IV All-Kazakh Party Conference]. – 1928. – S. 75. [in Russian]

Dahshleiger G.F. Sotsialno-ekonomicheskie preobrazovaniia v aele i derevne Kazahstana. [Socio-economic transformations in the village and village of Kazakhstan.] – Alma-Ata., 1965. – S. 179. [in Russian]

Jakisheva S.A. Eliminatsiia baiskih hoziaistv v Kazahstane na rubeje 20-30-h gg. XX v.: novye podhody, metody i tehnologii. [Elimination of bai farms in Kazakhstan at the turn of the 20-30s of the XX century: new approaches, methods and technologies] – Almaty: Qazaq universiteti, 2021. – 222 s. [in Russian]

Kameron S.: Golodnaia step. Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana. Izdatelstvo: Novoe literaturnoe obozrenie. [Hungry step. Famine, Rape and the creation of Soviet Kazakhstan. Search: new literary review] Sernia: Historia Rossica. 2020 g. – S. 360. [in Russian]

Krasnyi Ural. – 1928. 4 okt.

Kozybaev M.K., Aldajomanov I.S. Totalitarnyi sotsializm: realnost i posledstviia. [Totalitarian socialism: reality and consequences.] AN Resp. Kazahstan. In-t istorii i etnologii im. Ch.Ch. Valihanova, Kazahstan. ist.-prosvetit. o-vo «Adilet» (Spravedlivost). – Almaty: 21 vek, 1997 – 28 s. – 500 ekz. [in Russian]

Ko vsem trudiaimsia Kazahstana. Ko vsem aulnym batrakam, bedniakam i seredniakam // Narodnoe hoziaistvo Kazahstana. [To all the workers of Kazakhstan. To all the aul farm labourers, the poor and the middle peasants] – 1928. – №8-9. [in Russian]

Kstaubaeva, U.A. Likvidatsiia kazahskogo baistva kak klassa v kontse 20-h godov XX veka. [The elimination of the Kazakh baity as a class in the late 20s of the XX century.] // Materialy III Mejdunar. nauch. konf. (g. Moskva, ianvar 2015 g.). – M.: Baki-Vedi. – 174 s. [in Russian]

KR OMA. 135-q., 1-t., 211-is.

KR OMA. 135-q., 1-t., 7-is.

KR OMA. 135-q., 1-t., 8-is.

KR PA. 141-q., 1-t., 1988-is.

Larkina E.I. Podgotovka kolhoznyh kadrov v period massovoi kollektivizatsii. [Training of collective farm personnel during the period of mass collectivization] – Moskva: Sotsekgiz, 1960-s. 167. [in Russian]

Materialy k otchetu Tsentralnogo Iсполnitelnogo Komiteta Kazahskoi Avtonomnoi Sotsialisticheskoi Sovetskoi respubliky na 3-i sessii VTsIK 13 sozyva. [Materials for the report of the Central Executive Committee of the Kazakh Autonomous Socialist Soviet Republic at the 3rd session of the Central Executive Committee of the 13th convocation.] – Kyzyl-Orda, 1928. – S. 18. [in Russian]

Muhamedina Sh. Konfiskatsiia baiskih hoziaistv v Kazahstane [Confiscation of farms in Kazakhstan] // Voprosy istorii. – 2002. – № 4. – S.138-143. [in Russian]

Narodnoe hoziaistvo Kazahstana. [National economy of Kazakhstan] – 1928. – № 9-10. – S. 35, 27-28. [in Russian]

Ogaion I. Sedentariizatsiia kazahov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiia i sotsialnye izmeneniia. (1928-1945 gg.) [Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social change] / Per. S frants. A.Rakisheva. – Almaty, 2009. S. 63. [in Russian]

Priirtyshskaia pravda, 1928, 5 fevralia.

Rysdaulet M. Konyr auylardy kuiretken kampseske [The confiscation policy that destroyed the villages] // Turkistan. 16.08.2018 [inKazakh]

Riadin M. Kazahstan na putiah k sotsialisticheskomu stroitelstvu. (Otvét na vystupleniia oppozitsii po natsionalnomu voprosy). [Kazakhstan is on the way to socialist construction. (Response to the opposition's speeches on the national question).] – Kzyl-Orda: Kazahskoe gos. izd-vo, 1928. S.81. [in Russian]

Sistematischeskoe sobranie zakonov Kazahskoi ASSR, deistvuiush na 1 ianvaria 1930 g. (6 oktiabria 1920 g. – 31 dekabria 1929 goda). [Systematic collection of laws of the Kazakh ASSR, effective as of January 1, 1930]. – Alma-Ata: Upr.del. SNK KASSR, 1930. – 224 s. [in Russian]

Sujikov B.M. Kazahstanskaia tragediia v issledovanii frantsuzskogo istorika Chast I. «Debaizatsiia» + konfiskatsiia = obnianie [The Kazakh tragedy in the study of a French historian Part I. "Debaization" + confiscation = impoverishment] // Qazaqstan tarihy. 04.08.2013. [in Russian]

Sultan Han Akkuly. Bai-metsenaty i ih rol v natsionalnom vozrojdenii kazahov [Rich patrons and their role in the national revival of the Kazakhs]. – [Elektronnyi resers] – URL: <https://zebra.today/i345> (data obraeniia: 09.09.2016 g.). [in Russian]

6-ia Vsekazahskaia konferentsiia VKP(b), 15-23 noiabria 1927 g. [6th All-Kazakh Conference of the CPSU (b), November 15-23, 1927] – Kyzyl-Orda, 1927. – S. 95; 7-ia Vsekazahskaia konferentsiia VKP(b). Stenograficheski otchet. – Alma-Ata, 1930. – S. 7. [in Russian]

XV sezd VKP(b) Stenograficheski otchet. [XV Congress of the CPSU (b) Verbatim report] – Moskva, 1928. – S. 1047. [in Russian]

## МРНТИ 03.00.20

### КАМПАНИЯ КОНФИСКАЦИИ КАЗАХСКИХ БАЕВ В 1928-1929 гг.

А.М. Абикей<sup>1\*</sup>, А.Ж. Утегалиева<sup>2</sup>, Ж.С. Саурыкова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

<sup>2</sup>Алматинский университет энергетики и связи, Казахстан, Алматы

<sup>3</sup>Казакский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: [abikey.arm@mail.ru](mailto:abikey.arm@mail.ru) (Абикей), [almazhan@gmail.com](mailto:almazhan@gmail.com) (Утегалиева), [zhanarsaurykova@mail.ru](mailto:zhanarsaurykova@mail.ru) (Саурыкова)

**Аннотация.** В статье рассматривается кампания по конфискации имущества и скота баев Казахстана конца 20-х годов XX века на основе архивных источников, а также трудов казахских и зарубежных авторов, опубликованных в последние годы. Этот период в истории Казахстана известен тем, что многовековая структура, общинно-родовые законы и присущие только ему экономические отношения традиционного казахского аула находились в кризисе и являлись одной из непосредственных предпосылок голода 31-33-х гг. XX века. В статье также рассматривается роль казахских баев в традиционном казахском ауле, уделяется внимание их социальным и экономическим отношениям. Проводится сравнительный анализ между представителями русского или европейского эксплуататорского класса и баями казахских общин. Уделяется внимание произволу, допущенным в ходе кампании, несправедливой природе политики конфискации имущества казахских баев.

**Ключевые слова:** Сталин, конфискация, баи-феодалы, средняки, Голощекин.



IRSTI 03.00.20

## THE CAMPAIGN OF CONFISCATION OF KAZAKH BAIS IN 1928-1929

A. Abikey<sup>1\*</sup>, A.Dzh. Utegalieva<sup>2</sup>, Zh.S. Saurykova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Gumarbek Daukeyev Almaty University of Power Engineering and Telecommunications, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: abikey.arm@mail.ru (Abikey), almazhan@gmail.com (Utegalieva), zhanarsaurykova@mail.ru (Saurykova)

**Abstract.** The article discusses the campaign to confiscate the property and livestock of the Kazakh bais of the late 1920s on the basis of archival sources, as well as the works of Kazakh and foreign authors published in recent years. This period in the history of Kazakhstan is known for the fact that the centuries-old structure, community-tribal laws and economic relations of the traditional Kazakh aul inherent only to it were in crisis and were one of the immediate prerequisites for the famine of the 1931-1933. The article also examines the role of Kazakh bais in the traditional Kazakh village, pays attention to their social and economic relations. A comparative analysis is carried out between representatives of the Russian or European exploiting class who mercilessly exploit their peasants and the bais of Kazakh communities. Attention is paid to the arbitrariness committed during the campaign, the unfair nature of the policy of confiscation of Kazakh bais' property.

**Keywords:** Stalin, confiscation, feudal lords, middle peasants, Goloshchekin.

**Авторлар туралы мәлімет:**

<sup>1\*</sup>PhD доктор

<sup>2</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

<sup>3</sup>Магистр

## ПИДАХМЕТ БОБКИН И ЕГО ПОТОМКИ

К.Н. Балтабаева<sup>1\*</sup> <sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

**Материалдар мен әдістер.** Империяны мекендейтін ру-тайпалар мен әртүрлі этникалық топтардың заңдық қарым-қатынасын реттеп отыру үшін Шыңғыс хан ауызша таралған тіпті, моңғолдардың өзі ұмытып, құндылығын жоғалта бастаған заң-ережелер жүйесін қалпына келтіріп, жинақтап өзінің атақты «Жасағын» (Яса, Ясак) жасады. З.Қинаятұлының пікірінше, «Ұлы Жасақ – тек Шыңғысханның аузынан шығып, Шихихутугтың қолымен жазылған жаңа туынды емес, ол ежелден Моңғол үстіртін мекен еткен түркі, тұңғыс, моңғол мемлекеттері тұсында өмірге келген ежелгі заңдық ережелердің ең бір сыналған элементтерінің жинағы. Мысалы, Ұлы Жасақта «ер адам басын елін қорғауға дайын тұруға міндеттейтін» ғұн-түркі заманынан қалған үрдістер сол күйінде қабылданған» (Қинаятұлы, 2007: 7-9). Ұлы Жасақта «көшкен жұрттың ошақ орынын және өзен-суға зәр сындыруға тыйым салатын ережелер» кейін түркілер мұсылмандықты қабылдаған соң ислам діни ережелерімен ұштасып, моральдық дәстүрге айналды (Қинаятұлы, 2007: 8).

Бұдан өзге, аталмыш мәселеге орай XIII ғасырдағы моңғол-түркілердің жаулап алуларына байланысты мәселелер төңірегінде Рашид ад-диннің «Джами ат-тауарих», Ата Мәлік Джувейнидің «Тарихе Джахангуша», Хондмирдің «Тарихэ әл-Асир», Шахаб ад-дин ан-Нисавидің «Сират Джалал

ад-дин Минкбурни» т.б. сияқты кең танымал еңбектермен қатар Афзал ад-дин Керманидің «Тарихе Керман», Әбу әл-Хасан әл-Кашанидің «Тарихе Олжайту» тарихи еңбектері талқыланды.

**Талқылау.** Осы тақырыпта қалам тартқан зерттеушілер ирандық тарихшылар туралы да осыны айтуға болады. Абдол Али Дастгейбтың «Худжумэ ордуйэ моғул бэ Иран», М.Дж.Машкурдың «Торихе Иронзамин», Азизолла Бейаттың «Тарихэ Иран аз зохурэ эслам та дэйоламэ», Реза Эсфаханидың «Иран аз зардошт та қиомхай ирани», А.Басанидың «Дин дар охдэ моғул» атты зерттеулері мазмұны жағынан кеңестік авторлар еңбектерімен сарындас болып келеді.

Плано Карпини XIII ғ. екінші жартысында түркі, моңғол тайпалары мен Шыңғыс иелігіндегі жерлерге саяхаты нәтижелері «Монголдар тарихы», Гильом Рубруктың «Шығыс елдерге саяхат» атты кітапқа жинақталып, бүгінгі күнге жетті. Бұлардан кейін далаға саяхат жасаған Марко Поло да өз «Кітабының» көлемді бөлігін моңғол түркілерге арнады. Ескі армян тілінде жазылған Киракос Гандзакецидің «Армян тарихынан» да түркі-моңғолдардың дүниетанымы жайлы мәліметтері жан жақты талданды.

**Зерттеу нәтижелері.** Шыңғыс хан құрған мемлекеттік жүйе мен заңдық ережелер өз бастауын көне, дәстүрлі дүниетанымның қайнарынан алып жатты. Әрине, жетілген жүйе мен нақты қағидалармен бекітілген ережелер тұрғысынан алғанда шынында да салыстыруға келмеді. Дегенмен, исламдағы басты табыну нысаны – Аллаһтың мәні мәселесі мен исламдағы негізгі сенім тірегі – «иман» тұрғысынан алғанда түркі сенімі бұл талапқа толық жауап бере алатын сенім жүйесі болды. Мысалы, Шыңғысхан жорығының табысты болуына, моңғол-түркі жауынгерлерінің олардың дүниетанымымен байланысты берік рух пен діншілдіктері себеп болғандығына талас жоқ. Көрнекті орыс философ-тарихшысы Н.Трубецкойдың дұрыс байқағанындай «... Шыңғысхан мемлекетінің тағы бір маңызды ерекшелігі ол осы мемлекеттегі дін жағдайына байланысты. Терең діни сенімге ие бола отырып, өзінің жеке басын Жаратушымен байланыстыра отырып, Ұлы Хан бұл қасиетті өзіне бағынышты тобырдан да көргісі келді. Өз борышын қорқынышсыз, бұлжытпай орындау үшін жауынгер сенімді түрде теориялық жағынан емес, интуитивті түрде жан-тәнімен тағдырының әлемдегі басқа да адамдардың тағдыры сияқты жеке адамның қолында емес, мәңгі биік, талқылауға келмейтін Құдай қолында екендігіне сену аса маңызды болды. Тәртіпті жауынгер өз бастығына сөзсіз бағынады, Бірақ, ол өзіне деген құрметті де аяқ асты етпейді. Ол іс жүзінде материалды, дүнияуи байлық пен жалған намысқа бас ұратын құлдық психологиядан ада еді. Шыңғысхан да өз қағандығындағы осындай шынайы діншіл жауынгерлерін бағалай білді» – (Трубецкой, 2000: 236) деп түйіндейді. Исламдағы негізгі талап «иман», ар-ұят, қанағатшылдық, сияқты сенім категориялары тұрғысында моңғол-түркі көшпенділерінің мұсылмандардың кейбір «іші түтін, сырты бүтін» діни «ғұламаларынан» әлдеқайда діни адамдар болғандығы белгілі.

Дәл осы діншілдік сипат олардың ислам әлеміндегі саяси жеңістеріне себепші болды. Әуел бастағы кіршіксіз бастауын өздерінің өзімшіл пиғылдарымен ластаған, дінді саяси ойындарына ермек еткен мұсылман билеушілеріне моңғолдар аса қаталдық көрсетті.

Дегенмен, Н.Трубецкой қалай болғанда да моңғол-түркілердің қандай нанымда болғандығын айтпай, мәселені ашық қалдырады. «...Ол өз бағыныштыларына догматикалық, дәстүрлермен шектейтін қандай да бір дінді күштеп таңбады. Міне, сондықтан да оның мемлекетінде ресми дін болмады. Ал, өзі қарапайым дін-шамандықты ұстанып, соған сенді» (Трубецкой, 2000: 236). Оның қарапайым сенім деп аса назар аудармай отырған осы «шамандық» нанымы олардың империясында басқа әлемдік діндермен қақтығысқа келмей, керісінше, қатар дамуына септігін тигізді.

Түркілердегідей көне моңғолдарда да Тәңірі-Аспан негізгі сенім нысаны болып қала береді. Моңғолдарда аспан – барлық құдайлардан жоғары және қосымша құдайлар оның еркінің құралы, өз мақсатына пайдаланатын күші болып табылды. Б.Банзаров «Азия мен Еуропаның көне халықтарының мифологиялық жүйесімен салыстырсақ, онда қара сенімнің басқалармен керемет ұқсастығын байқар едік, бірақ бұл ұқсастықтар халықтардың жақындауынан пайда болған жоқ – бұл ұқсастықтар кездейсоқтық» (Банзаров, 1955: 375) – деп жазды.

Шыңғысханның «Ұлы Жасағы» да көшпенділер өміріне жат арақ пен шарапқа қарсы болды: «Арақ пен шараптан ақыл мен өнерге еш пайда жоқ. Арақ ішкен адамда жақсы қасиет пен әдет қалмайды. Арақ пен шарап ішкен билеуші ұлы істер мен ұлы ойларын іске асырмайды. Егер

қарапайым адам арақ ішсе, онда ол бүкіл қолында барын, дүниесін ішеді» деп (Хара Даван Эренжен, 1992: 184) көшпенділер арасына маскүнемдіктің таралуының әлеуметтік зардаптарын жете түсінді.

Түркі-моңғолдардың жалғыз құдайға сенуі жайлы XIII ғасырдағы италян саяхатшысы Плато Карпини да (Карпини, 1993: 25) жазды. Армян тарихшысы Кирокос Гандзакеци де моңғолдардың сенімі жайлы: «Олар құдайға мінажат етпейді. Олар [ешкімге] табынбайды. Бірақ құдайдың атын жиі, кез келген сәтте еске алады. Біз олардың қай құдайға табынатынын білмейміз. Бірақ олар әдетте былай дейді: олардың билеушілері – аспанның иесі, жерді қағанға беруші Құдайдың туысы... Олардың тілі жабайы, ал Құдайларын Тангри деп атайды» дейді (Гандзакеци, 1976: 172).

Тәңірі (аспан) сөзін Шыңғысхан грамоталарында Ұлы құдай, халықтар мен олардың билеушілердің тағдыры сұралатын күдірет түрінде кездестіреміз. Моңғолдар өз грамоталарын әрқашан «мәңгі аспан күшімен» (Григорьев, 1978: 210) деп бастады. Бұл дәстүр мұсылмандардың әр түрлі жазба материалдарын «мейірімді де рахымды Алла атымен бастаймын» деген исламдық дәстүрмен бастауымен сабақтас екенін көреміз. Шыңғыс хан меркіттерді талқандаған соң:

Tenggeri qajar-a gugu nemekdeju.

Evketu tenggeri nevexitcu

Eke etugen-e guvgeju

*Аспан мен жер біздің күшімізді көбейтті.*

*Күдіретті Тәңір шақырды,*

*ал Жер – Ана Өтүген – кеудесіне көтерді*

*Аспан мен Жер күшімізді көбейтіп,*

*біз сартаул халқын талқандадық*

Tenggeri qajav-a gugu nemekdeju.

Savta'ue ivden-i edui dovoxita'ueuqsan-tur.

Mongke tenggeri-yin qucun-tur tenggeri qajav-a gugu

auqa nemekdeju qur ueus-i siduvqutqaju qaqca jieua-duviyan

ovo'ueuqsan-tuv.

*Мәңгі Тәңір күшімен,*

*Аспан мен жер [менің] күшімді молайтты,*

*[мен] империя құрдым және оны өзімнің*

*біртұтас алақанымда алып жүрдім (Никитин, 1984: 104).*

Шыңғысхан мен оның әулетінің тәңірдің қалауымен келген билігінің ресми бекітілуі, мұсылман елдерінде қасиетті Құран аяттарымен ұқсастықты шебер пайдалану нәтижесінде одан әрі бекітіле түсті.

Шыңғысханға дейінгі түркі-моңғол қоғамындағы дәстүрлі дүниетанымдық жүйенің күйреуіне Түркі қағанаттары кезінде мемлекет ісіне аса араластырылмаған шаман-бақсылардың маңызының артуымен де байланыстыруға болады. Көшпенді тайпаларды бір орталыққа бағындырған Шыңғыс ру-тайпа көсемдері жиналған құрылтайда ресми түрде қаған болып жарияланғандығы белгілі. Шыңғысханның қаған дәрежесіне ие болуына сол кездегі түркі-моңғол қоғамындағы маңызды барлық тұлғалар сияқты Көкчу Теб-Теңірінің тікелей қатысы болды. Қасиетке ие діни адам, сондай-ақ өзінің қағандыққа жетуіне ықпал еткен саяси тұлға ретінде Шыңғыс хан оған сеніп, сүйенгенімен, оны өз ырықанда ұстап, еркіне жібермеуге тырысты. Теб-Теңірі де Шыңғыс хан болған соң да өз маңызын жоғалтқысы келмей хан ақсүйектерінің қатарына кіргісі келді. Ол хан туыстарын жамандап айдап салғанда, хан оларды жазалауды жөн санағанда ол шешесі мен әйелінің үгітімен райынан қайтады. Ол тіпті, Теб-Теңірінің өлтіруге жарлық береді. «Теб-Теңірі менің бауырларымды ұрды. Жалған жала жапты, сол үшін Аспан оны ұнатпады, сондықтан оны өмірі мен денесін алады» деді. (Владимирцев, 2002: 176). Келтірілген деректен Шыңғысханның түркі-моңғол қоғамындағы

дәстүрдің әлсіреуімен өсе бастаған шаман-бақсы маңызын бұрынғы Түркі қағанаттарындағы деңгейіне қайта түсіруге талпынуын байқаймыз.

Түркі-моңғол дүниетанымдық ортақтықтарының тағы бір дәлелі олардың жерлеу ғұрпына байланысты. Алдыңғы тарауларда көрсетілгендей, Түркі қағанаты тұсында қаза болған кісіні қабірге атымен, ат әбзелдерімен бірге көму дәстүрі болған. Моңғолдар арасына саяхат жасаған Бенедикттің есебі негізінде жазылған де Бридианың жазбасында моңғолдардың жерлеу дәстүрін анық суреттеген. Бенедикттің есебінде бұл былайша суреттеледі: «Егер бай өлсе, оны жасырын түрде далаға шығарып, киіз үйдің ішіне отырғызып, алдына ет, қымыз қойылған ағаш бөстекпен қоса жерлейді. Онымен бірге құлынды бие, ер-тоқымымен ат, жебесімен садақ көміледі. Бір жылқыны жақындары сойып жеп, терісіне шөп толтырып, ағаш бақанмен көтереді. Олар кісі өлген соң осының бәрін пайдаланады деп сенеді. Тағы да алтын-күміс салады» (Дубровский, 2002: 200). Бұл дәстүр туралы Герадот жазбаларында скифтерде, Солтүстік Кавказдағы ғұндардың осындай жерлеу ғұрпы болғандығын Мовсес Каганкатвацци жазады (Дубровский, 2002: 200). Бағдаттың Еділ бұлғарларына жіберген елшілігінің хатшысы ибн Фадлан да X ғ. түркілердің жерлеу ғұрпын жазады: «Ал егер олардан кісі өлсе оған арнап үй тәрізді шұңқыр қазады. Оған киім кигізіп, белбеу, садақ асындырады ...қолына ағаш ыдыс ұстатып, набиз құяды, үйде не бар, бәрін қояды. ... Жүз немесе екі жүз жылқы сойып, басы, құйрығы, терісі мен аяқтарын қалдырып, етін жейді. Қалған бөліктерін ыдыстарға салып, бірге көмеді де «О дүниеде осы жылқыларға мініп, жұмаққа барады» дейді. Осы дәстүр ХҮІІІ ғ.дейін яғни христиандықтың белең алуына дейін телеуіт, саха, бурят, сияқты Ресейдің түркі-моңғол халықтарының жерлеу ғұрпында сақталды (Дубровский, 2002: 204). Сонау Түркі қағанатынан қалыптасып, бекіген жерлеудің бұл тәсілінің кейінгі моңғолдарға да ортақ болуы олардың Түркі қағанатының билік ету аумағында болуын, ең болмағанда түркілердің мәдени дәстүрлерінің ықпалына мықтап ұшырағандығын көрсетеді.

Шыңғыс ханның түркі-көшпенділерін біріктіруі олардың өзара идеологиялық ерекшеліктерге ие болып, рухани алауыздықтар негізінде одан әрі ыдырауларымен қатар жүрді. Діннің бұрынғы біртұтас түркілерге саяси-мәдени ықпалының өскендігі соншалық, енді олар бір-бірімен идеологиялық тұрғыда бітпес жауларға айналды. Бұл туралы Н.Нұртазина «ХІІІ ғасырда моңғол империясында этникалық ерекшеліктер шын мәнінде көп маңыз атқарған жоқ. Нағыз мәдени күрес діни-конфессиялық топтар арасында өрбіді. Мысалы, түркі-мұсылмандар түркі-христиандарға бауыр тартқан емес, оның орнына олар нәсіл жағынан үш қайнаса сорпасы қосылмаса да парсылармен, тәжіктермен, тіпті сол заманда қалыптасып жатқан қытай-мұсылмандармен (дүнгендермен) бірігіп, ортақ пікірлерін қорғап жатты» Нұртазина, 2002: 216). деген пікірінің жаны бар. Бұл ақиқатпен келіскісі келмеген Шыңғыс хан өз империясында этникалық жақындықтың маңызы, діни-конфессиялық жақындықтан көрі басым болуына күш салды. Өйткені, Шыңғысхан дәл осы үрдістің моңғолдардың алдында, түркі қағанатының құлауына себеп болғандығын жақсы түсінді. Сондықтан да, ол бұл айырмашылықты жойып, көне, дәстүрлі түркі бірлігін (киіз туырлықты халықтарды) біріктіруді көздеді.

Өздерінің осы мақсаттағы алғашқы қадамдары Дала көшпенділерін дүниетанымдық тұрғыда бірыңғайлыққа түсіруге ұмтылысымен бастады. Бұл орайда Шыңғыс ханның ең басты қарсыласы – қыпшақтар болды. Ұлы даланың кең байтақ бөлігін мекендейтін, көне түркілік мемлекеттерді құруға қатысқан қыпшақтар өздерінің дәстүрлі этно-мәдени, шаруашылық ерекшеліктерінен айырылып, ыдырау үдерісін бастан кешіп жатқан еді. Дешті-Қыпшаққа келген моңғолдар осы аймақтың негізгі көшпенділері қыпшақ билеуші ақсүйектерін толығымен тықсырып, жойып, олардың тайпалық және рулық табыну нысаны болып табылатын далада шашылған балбал тастарын қиратты (Феодоров-Давыдов, 1976: 126).

Түркі мемлекеттілігінің ыдырауымен орын алған саяси жағдайлардың ықпалымен түркілердің көршілес аймақтарға ену үдерісі жылдамдады. Түркі-моңғол шапқыншылығының алдында түркі, ең алдымен қыпшақ элементтерінің де Орта Азияға енуі күшейді. Ислам дінін қабылдаумен қыпшақтардың жерлеу ғұрпында да өзгерістер пайда болды. Енді мүрдемен қосып қабірге еш нәрсе салмайтын болды. Өлікті басын солтүстік-батыс–Мекке тарапына қаратып жерлеу ғұрпы етек алды. Қабір үстіне күйген кірпіштен күмбезді мазар орнататын болды Көк Орданың шығыс аудандарында

ислам дінінің келуімен байланысты «бұтқа табынуға» қарсы идеологиялық күрестер нәтижесінде ата-бабалар әруақтарына арнап балбал тастар орнатылмайтын болды. С.М. Ақынжановтың Низамидің поэмасының негізінде жасаған пайымдауларына қарағанда енді балбал тастардың өзі исламдық сипатқа ие болып, әйелдердің тас мүсіндері енді орамал тарқан бейнеде болды (Ақынжанов, 1999: 223).

Бұл хорезмшах армиясындағы қыпшақ контингенттері еді. Хорезмшах Мұхаммедтің шешесі Теркен қатын өзінің төңірегіне оғыз-қыпшақ аристократиясынан шыққан баяут немесе урани тайпасының қыпшақтарын топтастыра бастады. Бұл Хорезмнің түркіленуінің күшейе түсуіне көп әсер етті. XII ғ. ортасы мен XIII ғ. басында шығыстан қара қытай, қарлық, т.б. сияқты Ертіс маңайы мен Жетісудан түркілер ағыны кіре бастаған болатын. Олардың көбісі хорезмшах әскерінде қызмет етті. Түркі этникалық элементтерінің көбеюі түркі тілінің қолданыс аясын кеңейтті. Орта Азияда XII ғ. өзінде-ақ түркі тілі тәжік тілімен бірдей дәрежеде қолданылды. Дегенмен, жаңа жерлерге келген түркілер өздерінің түркілік тегінен алшақтап, отырықшы мәдениетті бойларына сіңіруі заңды құбылыс. Олар өздерінің түркілік тегін сақтай білгенімен, бәрібір көне түркілік рухтың бірден-бір мұрагерлері, Орталық Азиядан келуші моңғол-түркілерге қарағанда, парсы-соғдылық мәдениеттің элементтерін бойларына терең сіңірген, отырықшы дәстүр мен төл дәстүрдің синтезін қалыптастырып, өзгеріске ұшырай бастаған этникалық топқа айнала бастаған болатын.

Ан-Несеви қыпшақтардың хорезмшахтар мемлекетімен етене-жақындығын, Шыңғыс ханның оларға қарсы саясатының мәнін былайша түсіндіреді: «қыпшақ тайпалары бұл үймен (хорезмшахтармен) достық пен махаббат арқылы байланысқан. Өйткені, хорезмшахтардың аналары бұрын да, қазір де қыпшақ билеушілерінің қыздары. Сондықтан да Шыңғысхан мен оның ұлдары қыпшақтарды түбімен жою үшін қолынан келгеннің барлығын істеді. Өйткені, қыпшақтар хорезмшахтар әскерінің күші мен тірегі еді» (Юрченко, 2002: 401).

Орта Азияға жорық 1219 жылдың қыркүйегінде басталды. Әскердің бір бөлігін Шағатай мен Үгедейге беріп Шыңғысхан оларды Отырарға жіберді. Үлкен ұлы Жошы Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерді жаулап алу үшін аттанды. Үшінші топты Алақ нойон бастап Сырдарияның жоғарғы сағасын жаулап алуға кетті.

Шыңғысхан Хорезмді аларда осы аймақтағы сопылық дәстүрдің өкілі Нәжмеддин Кубраның даңқын естіп, оған хат жолдайды. «Мен Хорезмді аламын да халқын қырамын. Ол ұлы шейх қаланы тастап, маған келгені дұрыс болар еді» деп жазады. Сонда Кубра: «мен жетпіс жыл болды осы қала халқымен тұрдым. Енді олардың басына күн түскенде тастап кетіп қалғаным адамгершілік болар ма екен» деп жауап береді. Шейх қала халқын түркілерге қарсы джихадқа шақырады (Абд ур-Рафи Хакикат, 2002: 118). Ал, моңғолдар жорығы кезінде Қожа Ахмет Йасауи шәкірттері Шыңғыс хан жағында болады. Солардың бірі Мұхаммед Зарнуқи Шыңғыс ханға қызмет етеді. Шыңғысханның мұсылман түркілерге айрықша озбырлығын, тек олардың түркілік бірлікке тұсау жасағандықтарымен түсіндіруге болады. В.Трепавловтың айтуынша «түркі-моңғолдық бірлік» идеясы Мауреннахрға келгенде жүрмеді (Трепавлов, 1993: 54). Моңғолдардың Орта Азияны жаулап алу оқиғаларына мұқият зер салсақ, Шыңғысхан әскеріне қарсылықты бәрінен бұрын осы түркі сарбаздары көрсетеді. Көбінесе қаланың дарбазасын ашып берушілер мұсылман дін басылары.

Өзінің саяси мақсаттарына қол жеткізіп, бұрынғы Түркі қағанатын қалпына келтірген Шыңғыс хан мемлекетті империя дәрежесіне жеткізді. Дегенмен, Шыңғысхан мемлекеті қазіргі түсінігіміздегі империя ұғымынан ерекшелігі болды. Біздің түсінігіміздегі мемлекеттік биліктегі империя, батыстың ескі ресми ғылымы негізінде қалыптасып, мысал ретінде Рим, Карфаген, Мысыр империяларын көрсетті. Ал, әсіре қаталдық пен орталықтандырудың зардабын алдын ала білген Шыңғысхан өз елінде билікті нақты етіп, орда – мемлекеттік және жергілікті – өзін-өзі басқаратын етіп бөлді. Сондықтан да Шыңғысхан мемлекетіндегі империялық дәстүр империяның классикалық түсінігінен мүлде бөлек болды. Яғни, Шыңғысхан империясы құқықтары қатал заңдармен шектелген, шамадан тыс орталықтанған мемлекет емес, еркін, жұмсақ заңдарға ие, мемлекеттік жүйе болды.

Ал, дін мәселесіне келгенде Шыңғыс хан бастапқыда түркі-моңғолдардың өз діндерінде қалып, дәстүр беріктігін сақтағанымен, империяның өзге бағыныштыларына діни еркіндік берді.

Мысалы, моңғол империясындағы билеушілердің қайсысы болмаса да, өз иелігінде діни еркіндікті сақтап отырды. Бұл империяның негізін салушы Шыңғысхан кезінде орнатқан қатаң позицияның жемісі еді. Шыңғысханның «барлық төрт пайғамбарды (Будда, Мұса, Иса, Мұхаммед) құрметтеймін және сыйлаймын. Осылардың қайсысының шын екенін айтындаршы, сол маған жақын болсын» деп (Хафиз Аbru, 1345: 74) барлық дінге бірдей көзқарас ұстану үрдісі оның ұрпақтары кезінде де ұзақ уақыт сақталып қалды. Дегенмен, билеушінің дінге қатысты бұл жұмсақтығы империяның одан арғы саяси беріктігіне өз ықпалын тигізбей қоймады. Дәл осы діни жұмсақтық Шыңғыс хан құрған империяның уақыт өте келе одан әрі ыдырауына себепкер болды.

Біздіңше, Шыңғыс ханның діни мәселелерге қатысты солқылдақ саясаты біріншіден, оның жаулап алу жорықтарының сәтті жүруіне мүдделілігіне байланысты болса, екіншіден, осы кезде әлі де болса реформалауды қажетсінетін дәстүрлі діни жүйенің өз мүмкіншілігін әбден түгесіп біткендігіне байланысты болды. Тәңірі сенімінің дүниетанымдық жүйесі моңғолдардың өзге діндерге, әсіресе христиан дініне қолдау көрсетуіне, тіпті, кейбір билеуші отбасы мүшелерінің осы дінді қабылдауына кедергі келтірмеді. Яғни, «Шыңғыс хан ұрпақтары арасында христиан діні мен буддизмді қолдайтындар, ежелгі наймандар мен ұйғырлар арқылы аталған діндермен танысып, сол нанымдарға көңілі ауған ханзадалар да кездесті» (Басани, 1371: 216).

Жаңа құрылған империяның көне дәстүрді қайта жаңғыртуға талпыныстарына қарамастан, әлі де дүниетанымдық-идеологиялық вакуум жағдайында қалғандығын түсінген Еуропалық христиан шіркеулері моңғол билеушілеріне идеялық тұрғыда әсер етуге белсене кірісті. Моңғол империясының құрылу қарсаңында Еуразия құрлығының көшпенділері әлемдік өркениеттердің рухани-мәдени тұрғыдағы бөлініске толық түсе қоймаған болатын.

Еуропалық католик және православ бұл мәселеде едәуір артта қалды. Тек XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Ордада Сарай православ епархиясы және францистік орденнің Аквилон викариат Сарай мен Газария округтарына енді. XIV ғасыр басында ислам Алтын Орданың мемлекеттік дініне айналған кезде католик епископтығы Кафа (1318 ж.) мен Сарайда (1315 ж.) құрылды 1362 жылы Сарай католик епископы болып минорит Косьма тағайындалды.

Моңғол билігі кезінде Русте шіркеу өмірі тоқыраған жоқ. Екі жүз жылдық моңғол билігі кезінде Русте шіркеулер саны бұған дейін болған шіркеулерден екі есеге өсті. Орыс шіркеуі Рустің моңғолдарға бағынуынан соң-ақ жаулап алушылар арасына кіре бастады. Де Пано Карпини Ордада орыс дінбасыларымен кездескендігін жазады. Миссионерлік қарапайым көшпенділерді емес, билеушілерді қамтыды (Карпини, 1993: 163). Олар бұл жерде Рим куриясымен қақтығысты. Византия осындай саяси мақсаттарды алға қоя отырып, моңғолдардың қол астындағы, ең алдымен Русті өз діндеріне кіргізуді жоспарлады.

XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс Еуропа мемлекеттерінен Ұлы хандарына бірнеше елшіліктер жіберді. Елшіліктердің мақсаты татарлар тарапынан Батысқа қауіп бар ма, олардың арасына христиан дінін таратуға және оларды Мысыр сұлтанына қарсы пайдалануға болады ма деген тапсырмаларды орындау болды. Моңғолдардың өзге діндерге «жалпақ шешейлік» танытуынан Г.Микаэлян, В.Бартольд сияқты бірқатар ғалымдар саяси астар іздейді. Соңғысы Джузданидің «Табаката-насири» атты еңбегіне сүйене отырып, христиан дінін қолдау Күйік хан (1246-1248) кезінде жемісті жүргізілген саясат еді (Бартольд, 1966: 55). Бірақ, В.Кривошеев сияқты орыс зерттеушілері моңғолдардың діндерге алаламаушылық көзқарасы жөнінде түрлі пікірлерге қарамастан, бұл көзқарастан саяси себеп іздеудің қажеттілігінің жоқ екендігін жазады. Оның айтуынша: 1261 жылы Сарайда Митрофан басқаратын православ епархиясы құрылды. Көптеген орыс тарихшылары моңғол билеушілерінің бұл қадамын моңғолдардың Византия билеушілерімен қарым-қатынас жасап, жақындасуы үшін жасалған қадам деп топшылайды. Дегенмен, бұл ең алдымен Сарайда моңғол билігі кезінде келген православ тұтқындардың рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында екендігін де естен шығармай керек (Кривошеев, 2001: 169). Бұл тепе-теңдік исламды қабылдаған Өзбек хан тұсында өзгерді. Оның тұсында исламның іргесі нығайып, тіпті кейбір Русті мұсылмандандыруға бағытталған сәтсіз қадамдар жасала бастады (Кривошеев, 2001: 179).

М. Феодоров-Давыдовтың айтуынша Шыңғыс хан құрған мемлекеттің құрылымдық жүйесі алғашқы кезеңде көне түркі мемлекеттілігінің тікелей көшірмесі болмады. Шыңғысхан өзі жаулап алған жерлердегі бүкіл көне рулық-тайпалық жүйелерді бұзып, ыдыратып, халықтарды араластырып, жаңа рулық-тайпалық құрылымдық жүйелерді түзді (Феодоров-Давыдов, 1976: 55). Жаңа жерлерді бағындырған түркі-моңғолдар Шыңғысхан Ясасы бойынша іс жүргізді. Мұсылмандар істері шарифатпен жүргізілді.

Ұлдарына бөлініп берілген аймақтарды қамтыған Шыңғыс хан империясының тағдыры өздерінің орналасқан аймақтарының ұлттық-мәдени және діни ерекшеліктеріне орай қалыптасты. Мысалы, қытай мәдениетінің әсерімен будда іліміне мойын ұсынған моңғол көшпенділерінің де көшпенділерге тән дүниетанымы трансформацияға ұшырады. Буддизмнің таралу кезеңінде моңғолдардағы шаман діні өзіндік дүниетанымы бар діни форма ретінде қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып, қоғамның әртүрлі мүшелерінің талабын қанағаттандырып тұр еді. Сондықтан да будда монахтарының Ханбалықтағы Құбылай сарайындағы басты қарсыластары сарайдың ресми шамандары еді. Сондықтан да олармен моральдық-этикалық ақиқат тұрғысында ғана емес, сиқыр мен емшілік жөнінде де күрес жүрді. Моңғол хандарының өздері біртіндеп будда элементтерін қабылдай бастаған шамандық рәсімдері мен құрбандық шалу салтанаттарына қатысты. Бұл жерде буддаға тән қасиет-әртүрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүріне сіңісіп кету процесі қатар жүрді (Малаявкин, 1972: 24).

Ислам дінінің шииттік ағымын қабылдаған түркілер де өздерінің ұлттық болмысынан айырылып толық парсыланып кетті. Ауғанстандағы хазарейлер, Ирандағы түркілер туралы да осыны айтуға болады. Ұлы Даланың шығыс бөлігіндегі тарихи мекенді мекендейтін түркі-моңғолдар будда ілімінің ламаизм бағытының әсерінен рухани-мәдени трансформацияға ұшырап, тарихи негіздерінен едәуір алшақтады.

Осылайша, бүкіл ортағасырлар бойы түркі дүниетанымында орын алуға тырысқан әлемдік діндердің біршамасы ақыры түркілердің дініне айналып тынды. Осы діндерді қабылдаған түркілердің бір-бірімен мәдени жақындығы шектеліп, этно-мәдени тұрғыда бір-бірінен алшақтай берді. Ислам діні өзінің икемділігімен отырықшылардан өзгеше көшпенділер үшін барынша ылайықты дін болды. Қандай да бір қарулы қақтығыстарсыз жаңа дін түркі санасына орнықты. Мұсылман ғұламаларының, әсіресе сопы өкілдерінің еңбектерінің арқасында ислам бұрынғы көне түркілік діни наным элементтерін өз бойына сіңіре отырып көшпенділерге ұсынылды.

Ислам дінін қабылдаған Шыңғыс ұрпақтарының мемлекеттерінде діни-идеологиялық жағдай күрт басқаша сипат ала бастады. Әсіресе бұл Жошы ұрпағының еншісіне тиген аймақта – Дешті Қыпшақта анық байқалды. Исламданған өзге түркі мемлекеттеріне қарағанда бұл аймақта көне түркілік дүниетанымға сәйкес келетін мемлекеттік дәстүрлер молынан сақталып, қайта жалғасты. Жошы Ұлысында исламның мемлекеттік дәрежеге жетуіне моңғол шапқыншылығына дейін-ақ байқалды. Бұған барлық түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Йассауи мен оның ілімі ықпал етті. Оның ілімі түркі даласының түкпір-түкпіріне тарады (Сибгатулина, 1995: 85). Жаңа дінді қабылдауда түркілердің алдына аса күрделі таңдау тұрды. Көшпенділік дәстүрді сақтай отырып, көне сенім элементтерін жаңа дінге батыл ендіре отырып, исламды қабылдау және осы арқылы өздерінің этникалық ерекшеліктерін сақтау оңай емес еді. Сақтай отырып, дін иірімдеріне терең бойлайтын, барлық ережелер мен талаптарды орындайтын шынайы мұсылмандарға айналу тіпті күрделі еді. Осындай маңызды талапқа түркі-көшпенділері сопылық ағымдар арқылы ғана қол жеткізе алды. Өз кезегінде сопы ғұламалары исламды догматтық элементтерден тазартып, түркі-көшпенділерге діннің өзегі мен мәйегін таза күйінде ұсынды.

Түркі-моңғолдар да ислам дінінің кейбір догматтық формаларымен, сыртқы формальды қажеттіліктерімен бірден келісе алмады. Мысалы, Әбілғазы Бахадур хан өзінің «Түркімендер шежіресі» атты еңбегінде Шыңғыс хан мен Бұхара имамының арасында болған сұхбатта Шыңғыс хан қандай да бір құрылысты «Тәңірдің үйі» деген пікірге қарсы шығады. Имам оған Мекке жайын сөз еткенде Шыңғыс хан «әлемнің барлығы Тәңірдің үйі. Тәңірдің үйі деп арнайы жер белгілеудің қажеті не?» деп жауап береді. Ирандағы түркі-моңғолдық ильхандар мемлекетінің билеушісі Хулагудің алдына ислам дінін қабылдауды ұсынып келген мұсылман дін өкілдерінің ислам



ағымдары негізінде хан алдында өзара таласқа кіріскенде ханның: «сендердің мына бітпейтін таластарыңа өз діндерің себепкер болса, онда еш таласы жоқ өз дінім артық екен ғой деуі» де дін тұрғысында түркі билеушілерінің өз ұстанымдары болғандығын көрсетеді.

Г.А. Федорова-Давыдов пікірінше: Алтын Орда екі түрлі мәдени және шаруашылық әлемді біріктірді: далалық көшпенді малшылар мен сауда мен қолөнердің орталықтары қалаларда тұратын отырықшы егіншілер. Олар шаруашылық тұрғыда бір-бірімен алтынордалық билеушілердің қатал орталықтанған саясатының ықпалымен ғана біріге алды (Вернадский, 1977: 124). Алтын Орданың негізгі халқы қыпшақтар мен басқа да көшпелі түркілер болды. Олар моңғол империясының негізгі әскери күші болды.

Шыңғысхан негізін қалаған түркі-моңғол империясының түркілер аймағындағы бөлігі – Алтын Орданы 1385 жылы Ақсақ Темір талқандаған соң, осы түркі-моңғол мемлекеті де бөлшектеніп, ұлан-байтақ аймақта өздерін Алтын Орданың мұрагерлері санап, түркі әлемінде жетекші орынға ие болуға тырысқан бірнеше хандықтар құрылды. Алтын Орда қирандысының орнында пайда болған осындай мемлекеттер Қырым, Қазан, Астрахан, Ноғай, Сібір хандықтары орыс мемлекетінің күшеюі тұсында түркілердің солтүстіктегі мүдделерін қорғаушы мемлекеттер ретінде құрылғандай болды. Бастапқыда бұл жаңа түркі мемлекеттерінде ортақ идеологиялық негізге ие болуға рухани негіз жасалды. Алтын Орда Өзбек хан (1313-1341) кезеңінде исламның ресми дін ретінде танылуы нәтижесінде сопылық ілім Еділ бойына тарады (Кенжетай, 2004: 21).

**Қорытынды.** Дегенмен, барлық саяси-идеологиялық мүмкіншіліктерді қолдарына ұстаған бұл мемлекеттер саяси-экономикалық тұрғыда күшті жаңа түркі мемлекеттері бұл үмітті ақтай алмады. Діннің, сопылық ілімдердің жетекшілерінің саяси іс-әрекеттері нәтижесінде жекелеген түркі билеушілері сопылықтағы ағымдарды өз мемлекеттеріне жетекші діни-идеологиялық жүйе ретінде қабылдады. Бұл ілімдердің өздерінің қалыптасу ортасына осы ортадағы шаруашылық-экономикалық, мәдени-рухани болмыс ерекшеліктеріне орай өзіндік мәдени айырмашылықтары болды. Дегенмен, осындай ерекшеліктерге қарамастан түркі әлемінің басқа өңірлеріне қарағанда тарих барысында қалыптасқан нәсілдік, мәдени ерекшеліктерге қарамастан ислам әлемі түркілері бір-бірімен қандай тұрғыда болмасын жақын болды.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Абдур-Рафи Хакикатындағы Борьба шейха Наджмаддин Кубра против насилия // Сборник статей конференции посвященной шейху Наджмаддин Кубра. – Ашхабад, 2001. – 187 с.
- Акинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: «Гылым», 1999. – 296 с.
- Банзаров. Д. Собрание сочинений. – Москва: «Изд. АН СССР», 1955. – 375 с.
- Бартольд В.В. Сочинение. V том. – Москва: Наука, изд. АН СССР, 1966. – 431 с.
- Басани А. Дин дар охдэ моғул // Тарихэ Иран аз омаданэ салжуқион та форупошиэ даулат-э ильханион. – Пезухеш-э донешгах-э Кембридж. – Техран: «Амир Кабир», 1371х/ж. – 512-520 с.
- Вернадский Г.В. Монголы и Русь. – Тверь-Москва, 1977. – 243 с.
- Владимирцев Б.Я. Работы по истории и этнографии монгольских народов / редколлегия В.М. Алпатов и др. – М. «Вост.лит», 2002. – 557 с.
- Григорьев А.П. Конкретные формуляры чингизидских жалованных грамот // Тюркологический сборник. 1974 г. – Москва: «Наука», 1978. – 54-67 с.
- Дубровский Д.В. Жертвенный конь в погребальном обряде кочевников улуса Джучи // Тюркологический сборник. 2001: Золотая Орда и ее наследие. – М: «Вост. Лит.», 2002. – 302 с.
- Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. – Түркістан: «Түран», 2004. – 341 б.
- Кирокос Гандзакеци. История Армении. Пер.с др.-арм. Л.А. Ханларян. – М.: «Наука», 1976. – 324 с.
- Кривошеев Ю.В., Соколов Р.А., Русская церковь и ординские власти // Тюркологический сборник. 2001: Золотая Орда и ее наследие. – М.: Вост. Лит., 2002. – 302 с.
- Қинаятұлы З. Қазақ заңдары және Шыңғысханның «Ұлы Жасағы» // «Қазақ тарихы» журналы, №4. – 2007. – 7-9 бб.

Малявкин. А.Г. К вопросу о расселении уйгуров после гибели Уйгурского каганата // Сиб.отд.АН СССР. №1, вып.1. – 1972. – 231 с.

Никитин А.Б. Христианство в Центральной Азии (древности и средневековье) // Восточный Туркестан и Средняя Азия: история культурных связей. – Москва: «Наука», 1984. – 121-137 с.

Нұртазина Н. Моңғол шапқыншылығының түркі исламына әсері // «Қасымбаев оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, ҚазҰПУ, 2005. – 216-219 бб.

Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: «Гылым», 1993. – 248 с.

Сибгатулина А.Т. Суфийские тарика среди тюркских народов // Сборник тезисов региональной научной конференции Проблемы взаимодействия национальных культур. – Астрахань, 1995. Ч. 1. – 84-86 с.

Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империй XIII в. Проблемы исторической преемственности. – Рос АН. Институт Росс. ист. – Москва: Наука, изд. фирма «Вост. лит», 1993. – 278 с.

Трубецкой Н.С. Наследие Чингиз хана. – Москва, 2000. – 560 с.

Федоров-Давыдов Г.А. Искусство кочевников и Золотой Орды: Очерки культуры и искусства народов Евразийских степей и золотоордынских городов. – М., 1976. – 231 с.

Хара Даван Эренжен. Чингисхан как полководец и его наследие (культуро-исторический очерк Монголии XII-XIV вв, перевод. – Алматы: Крамдс, Ахмед Яссави. 1992. – 284 с.

Хафиз Аbru. Зейль джомэ ат-тауарих рашиди. – Техран: «Бомдод», 1345. – 356 с.

Юрченко А.Г. Русские и половцы перед лицом монгольского вызова (1223 г.) // Тюркологический сборник. Россия и тюркский мир. 2002. – Москва, «Восточная литература», – 2003. – 23-39 с.

### References

Abd ur-Rafi Khakikat. Bor'ba shcheykha Nadzhmaddin Kubra protiv nasiliya [The struggle of the sheikh Najmaddin Kubra against violence] // Collection of articles from the conference dedicated to the sheikh Najmaddin Kubra. – Ashgabat, 2001. – 187 p. [in Russian]

Akinzhanov S.M. Kipchaki v istorii srednevekovskogo Kazakhstana. [The Kipchaks in the history of medieval Kazakhstan]. – Almaty: «Gylym», 1999. – 296 p. [in Russian]

Banzarov. D. Sobraniye sochinenii. [Collected Works]. – Moscow: Ed. AN SSSR, 1955. – 375 p. [in Russian]

Bartol'd V.V. Sochinenie. V tom. [Composition. V volume]. – Moscow: Science, ed. Academy of Sciences of the USSR, 1966. – 431 p. [in Russian]

Basani A. Din dar okhde mogul // Tarikhe Iran az omadane salzhuktion ta foruposhie daulat-e il'khanion. [Religion on Mongols] –Pezhukhesh-e doneshgakh-e Kembridzh. – Tekhran: Amir Kabir. 1371 kh/zh. – 512-520 p. [in Persian]

Dubrovskii D.V. Zhertvennyy kon' v pogrebal'nom obryade kochevnikov ulusa Dzhuchi [Sacrificial horse in the funeral rite of the nomads of the Jochi ulus] // Turkological collection. 2001: The Golden Horde and its heritage. – M: Vost. Lit., 2002. – 302 p. [in Russian]

Fedorov-Davydov G.A. Iskusstvo kochevnikov i Zolotoi Ordy: Ocherki kul'tury i iskusstva narodov Evraziyskikh stepey i zolotoordynskikh gorodov [Art of nomads and the Golden Horde: Essays on the culture and art of the peoples of the Eurasian steppes and Golden Horde cities]. – M., 1976. – 342 p. [in Russian]

Grigor'yev A.P. Konkretnye formulyary chingizidskikh zhalovannykh gramot [Specific forms of Chingizid letters of gratitude] // Turkological collection. 1974. – Moscow: «Science», 1978. – P. 54-67 [in Russian]

Kenzhetay D. Kozha Akhmet Yasaui dunietyany [Worldview of Hodja Ahmed Yasawi] – Turkestan: Turan. 2004. – 341p. [in Kazakh]

Khafiz Abru. Zeyl' dzhome at-tauarikh rashidi [The History of Rashidi]. – Tehran: Bomdod, 1345. – 356 p. [in Persian]

Khara Davan Erenzhen. Chingiskhan kak polkovodets i ego naslediya (kul'turo-istoricheskii ocherk Mongolii XII-XIV vv., perevod. [Genghis Khan as a commander and his legacy (cultural and historical sketch of Mongolia XII-XIV centuries, translation). – Almaty: Kramds, Ahmed Yassavi, 1992. – 284 p. [in Russian]

Kirokos Gandzaketsi. Istoriya Armenii. [History of Armenia. Translated from old-Armenian L.A. Khanlaryan]. – M: «Science», 1976. – 324 p. [in Russian]

Krivoshcheyev YU.V., Sokolov R.A., Russkaya tserkov' i ordynskie vlasti [Russian Church and Ordinal authorities] // Turkological collection. 2001: Golden Horde and its heritage. – M: Vost. Lit., 2002. – 302 p. [in Russian]

Malyavkin A.G. K voprosu o rasselenii uygurov posle gibeli Uygurskogo kaganata [On the question of the settlement of the Uighurs after the death of the Uyghur Kaganate] // Siberian Department of the Academy of Sciences of the USSR. No. 1, issue 1. 1972. – 314 p. [in Russian]

Nikitin A.B. Kristianstvo v Sentral'noi Azii (drevnosti i srednevekov'e) // Vostochnii Turkestan i Srednyaya Aziya: istoriya kul'turnykh svyazei [Christianity in Central Asia (antiquity and the Middle Ages)] // East Turkestan and Central Asia: the history of cultural ties. – Moscow «Science», 1984. – P.P 121-137 [in Russian]

Nurtazina N. Mongol shapkyshlygynyn turki islamina aseri // «Kasymbaev okulary» halykaralyk gylymi-praktikalyk konferenciya materialdari [The impact of the Mongol invasion on Turkic Islam] // Materials of the international scientific-practical conference "Kasymbayev readings". – Almaty, KazNPU, 2005. – P.P. 216-219 [in Kazakh]

Puteshestviya v vostochnye strany Plano Karpini i Gil'oma de Rubruka. [Travels to the eastern countries of Plano Carpini and Guillaume de Rubruc]. – Almaty: «Gylym», 1993. – 248 p. [In Russian]

Kinayatuly Z. Kazakh zandary jane Shyngyshannyn «Uly Jasagy» [Kazakh laws and Genghis Khan's "Great Squad"] // *Journal of «Kazakh History»*. – №4. –2007. – P.P. 7-9 [in Kazakh]

Sibgatulina A.T. Sufiyskie tarika sredi tyurkskikh narodov [The Sufii tarikats of Turks]. – Astrakhan, 1995. CH. 1. S. – P.P 84-86. [in Russian]

Trepavlov V.V. Gosudarstvennyi stroi mongol'skoi imperii XVIII v. Problemy istoricheskoi preymstvennosti [The state system of the Mongol empires of the XIII century. Problems of historical continuity]. – Ros AN. Institute of Russian Scientists. – Moscow: Science, ed. firm “East. lit.”, 1993. – 278 p. [in Russian]

Trubetskoi N.S. Nasledie Chingiz khana. [The legacy of Genghis Khan]. – Moscow, «Agraf», 2000. – 560 p. [in Russian]

Vernadskii G.V. Mongoly i Rus'. [Mongols and Russia]. – Tver-Moscow, 1977. – 243 p. [in Russian]

Vladimirtsev B.YA. Raboty po istorii i etnografii mongol'skikh narodov [Works on the history and ethnography of the Mongolian peoples] editorial board V.M. Alpatov et al. – M.Vost.lit. 2002. – 557 p. [in Russian]

Yurchenko A.G. Russkie i polovtsy pered litsom mongol'skogo vyzova (1223 g.) [Russians and Cumans in the face of the Mongol challenge (1223)] // Turkological collection. Russia and the Turkic world. 2002. – Moscow, Eastern Literature. – 325 p. [in Russian]

МРНТИ 03.00.20

## ИДЕОЛОГИЯ НА ЭТАПЕ ФОРМИРОВАНИЯ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ

Ж.Ж. Женис<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор  
E-mail: zhzhengis@gmail.com (Женис)

**Аннотация.** В статье рассматривается ход государственной и идеологической политики на ранних этапах существования империи, основанной Чингисханом. Рассмотрены роль традиционного мировоззрения в идеологической системе, вопросы идеологической борьбы.

В средневековых тюркских государствах по разным причинам некоторые религиозные системы подавляли традиционную религиозную систему на основе государственной идеологии. Автор утверждает, что в процессе этого традиционное мировоззрение изменилось, и определенные элементы продолжают существовать в системе новых религий, таких как ислам.

По мнению автора, сам Чингисхан разрушил все древние племенные системы на завоеванных землях, смешал народы и создал новые племенные структурные системы. Утверждается, что тюрко-монголы, завоевавшие новые земли, действовали в соответствии с Ясой Чингисхана, а дела мусульман велись в соответствии с шариатом.

Автор статьи поясняет, что судьба империи Чингисхана, в которую входили отведенные его сыновьям территории, определялась национальными, культурными и религиозными особенностями их регионов. В качестве примера показано, что кочевое мировоззрение монгольских кочевников, испытавших влияние китайской культуры буддизма, также претерпело изменения.

**Ключевые слова:** империя Чингисхана, кочевое мировоззрение, идеологический строй, ислам, государственность, политическая борьба.

IRSTI 03.00.20

## IDEOLOGY AT THE STAGE OF THE MONGOLIAN EMPIRE FORMATION

Zh. Zhengis<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author  
E-mail: zhzhengis@gmail.com (Zhengis)

**Abstract.** The article examines the course of state and ideological policy in the early stages of the existence of the empire founded by Genghis Khan. The role of the traditional worldview in the ideological system, issues of ideological struggle are considered.

In the medieval Turkic states, for various reasons, some religious systems suppressed the traditional religious system based on state ideology. The author argues that in the process, the traditional worldview has changed, and certain elements continue to exist in the system of new religions such as Islam.

According to the author, Genghis Khan himself destroyed all the ancient tribal systems in the conquered lands, mixed peoples and created new tribal structural systems. It is argued that the Turkic-Mongols, who conquered new lands, acted in accordance with the Yasa of Genghis Khan, and the affairs of the Muslims were conducted in accordance with the Sharia.

The author of the article explains that the fate of Genghis Khan's empire, which included the territories assigned to his sons, was determined by the national, cultural and religious characteristics of their regions. As an example, it is shown that the nomadic worldview of the Mongol nomads, who were influenced by Chinese culture and Buddhism, also underwent changes.

**Keywords:** Empire of Chinghis Khan, nomadic worldview, ideological system, Islam, statehood, political struggle.

**Автор туралы мәлімет:**

<sup>1\*</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты

## Н. СӘБИТОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ МЕН ӨМІРІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ

Ә.Қ. Шашаев<sup>1</sup> , Н.Н. Құрманалина<sup>1</sup> , А.Н. Қоңқабаева<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: shashaevauezhan@mail.ru (Шашаев), nurgulca@mail.ru (Құрманалина),  
konkabayeva.arailym@mail.ru (Қоңқабаева)

**Аңдатпа.** Мақалада шығыстанушы, библиограф және этнограф-тарихшы Н.Сәбитовтың қоғамдық-ғылыми мұрасы мен өмірінің бастапқы кезеңі оның жеке архив қорында сақталған құжаттық деректері негізіндегі мәліметтер берілген. Н.Сәбитовтың өмір жолы кеңестік кезеңдегі ашаршылық, ұжымдастыру, индустрияландыру, мәдени революция мен қуғын-сүргін жылдарына түспа-түс келген еді. Орыс тілін жетік білгендігінің арқасында, қоғамдағы өзгерістерді жіті бағалағандығы мен сол кездегі жүріп жатқан қалыптасу кезеңінің қайнаған ортасындағы белсенді қызметі тарихи деректер бойынша талданады. Сонымен қатар, мақалада Н.Сәбитовтың өзінің алдындағы ғалымдар секілді энциклопедиялық білімі бар, араб-парсы, түркі және ағылшын тілдерін яғни кемінде жеті елдің тілін жете меңгерген, ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілуі туралы, сондай-ақ соңынан қалдырған үлкен мұрасы жайлы баяндалады.

**Түйін сөздер:** Н. Сәбитов, шығыстану, дінтану, мәдениеттану, этнография, библиография, тарих, экспедициялар.

**Кіріспе.** Тарихымыздағы іргелі мәселелермен қатар халқымыздың мұрасын, ұлттық мәдениетін, ғылымды өздерінің қара басының қамынан жоғары қойған ірілі-ұсақты тұлғаларымыздың тұтастай бір ұрпағының қызметін өмір сүрген кезеңімен байланыстыра зерттеу аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Міне, соларды алапап көбінесе саяси және әкімшілік саладағы тұлғаларды зерттеуге тұрарлық қалғандарының сіңірген еңбегінің маңызы аз деп, шеттетудің өзі тарихқа жасалған қиянат болып табылады. Өйткені сүркія заманның шынжыр табанына тасталған олардың өмірі алапат зор арпалыстармен, қуғын-сүргінмен еркін ойға салынған күрсаумен шектеліп, тіпті адам өмірінің құны түскен, тірі қалудың өзі үлкен мәселеге айналған кезеңде өтті. Осындай тарихи кезеңде аман қалудың өзі ерлік, ал тіпті ұрпағына мұра болып қаларлық ғылыми туындылар жасау бұл ғажайып құбылыс (феномен) еді.

Қазақ елі талай талантты, дана ғалымдарды дүниеге әкелген. Әрине, әр ғалымның өз басына тән табиғи ерекшеліктері, дүниетаным деңгейі, ғылыми білгірлігі, әр қырлары болады. Біз сөз қозғағалы отырған адам өзінің ақыл-ой парасаты, ғылыми даралығы тұрғысынан, жеке басының игі қасиеттері жағынан ерекше бір өзіндік тұлға болатын. Ол Қазақстан шығыстану тарихында, этнографиясында, библиографиясында ерекше орын алатын ғалым – Н.Сәбитов.

Ол заманымыздың ірі тұлғалары – И.Ю. Крачковский, А.А. Семенов, Е.Э. Бертельс, Ш. Мухамедьяров С.Н. Малов, Н.В. Юшманов, Е.С. Истрина, В.И. Чернышев, Қ.И. Сәтпаев, Ә.Х. Марғұлан, Н.Т. Сауранбаев, Е. Бекмаханов, С.К. Кеңесбаев, А. Нүсіпбеков және т.б. қызметтес болып, олардың мектебінен өткен, тәлім-тәрбие алып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын айқындаған.

**Материалдар мен әдістер.** Ең маңызды деректік мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының архивіндегі Тарих, археология және этнография институтының 11-ші қорында сақталған. Мұнда аталған институттың Ғылыми кеңесі мен бөлімдері отырыстарының хаттамаларының көшірмесі, талқылаулардың стенограммасы, пікірлер, аннотациялар және т.б. молынан кездеседі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 1711 – «Уполномоченный Совета по делам религиозных культов при Совете Министров СССР по Казахской ССР», 1876 – «Комитет по делам культурно-просветительных учреждений при Совете Министров КазССР», 693 – «Общество изучение Казахстана» деген қорларының мәліметтері пайдаланылды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайының 1308 – «Орталық мемлекеттік мұражай» деп аталатын қорында Н.Сәбитовтың А. Имановқа арналған библиографиялық көрсеткішіне байланысты деректер кездестірдік. Қазақстан Республикасы Президенті рхивінен 141-ші «Казахский Краевой Комитет ВКП (б)» қорынан жаңа әліпбиге, партиялық қызметтеріне қатысты деректерді қарастырдық.

**Талқылау.** Нығмет Сәбитовтың өмірі мен қызметіне қатысты арнайы зерттеу жұмысы жүргізілмегенімен, оның ғылым саласындағы шығармашылық еңбектеріне қатысты кеңестік кезеңде жарық көрген басылымдарда біраз мәліметтер берілген.

Солардың алғашқысы С.К. Кеңесбаевтың «Қазақ тілін зерттеудегі міндеттер мен жетістіктер туралы» – деген мақаласында Н.Сәбитовтың «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» атты еңбегіне берген бағасы. Бұнда белгілі ғалым Н.Сәбитовтың еңбегіне тоқтала келе: «...еңбек лингвистикалық қызығушылықты тудырды және онда бірнеше жүздеген сөздер қамтылып, аталған мәселенің этимологиялық және семантикалық жағының ашылуы қарастырылған. Н.Сәбитовтың жұмысы қазіргі қазақ тіліндегі араб және парсы тілінен енген сөздердің шығу тегін түсіндіріп, тілтанушыларға септігін тигізері даусыз», – дей келе, «бұл еңбектің қазақ тілтануындағы оның лексикасын зерттеудегі ең үздік жетістіктерінің бірі екендігін сөзсіз айтуға болады», – деп ойын қорытады (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Б.Сүлейменов өзінің Н.Сәбитовтың орыс және қазақ тілінде жариялаған Амангелді Имановқа қатысты библиографиялық көрсеткішіне жазған пікірінде: «...осы көрсеткіштің баспадан жарық көруі көптеген оқырмандардың, әсіресе жоғарғы оқу орындары мен мектептердің оқытушылары, аспиранттары мен студенттерінің сұранысын қанағаттандыруға бағытталған», – деп атап көрсете келе, оның жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталып, болашақта оны толықтырып, екінші басылымын шығаруды ұсынған (ҚР ОМА, 4: 1). Міне, бұл жоғарыда көрсетілген екі еңбек те Н.Сәбитовтың шығармашылық ізденістеріне қатысты мәлімет көзі болып табылады.

Осы сияқты мәліметті Б. Кенжебаев Н.Сәбитовтың «Қазақ кітаптары» көрсеткішіне қатысты береді (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Келесі бір мәліметтер көзін құрайтын – А.И. Сембаев, Г.М. Храпченковтың 1900-1917 жылдар аралығындағы Қазақстан мектептерінің тарихына арнаған еңбегі болып табылады. Бұл еңбекте негізінен архиві қорларының деректері, қолжазбалар, сонымен қатар Н.Сәбитовтың монографиясында көрсетілген мәліметтер пайдаланылып, талдау жасалған. Қазақстандағы мектептер тарихынан мол деректер беретін еңбек болып табылады (Сембаев, Храпченков, 1972: 31-32).

Заманымыздың ірі тұлғаларының бірі М. Әуезов өзінің зерттеулерінде Н.Сәбитовтың Абай туралы библиографиялық көрсеткішіне тоқталып кеткен, соның бірінде оған жоғары баға берген: «...Көлемі сексен беттік тұтас бір кітапша, тек қана Абайды тану жолында баспаға шыққан еңбектерінің тізімінен құралады. Осы кітапқа қарап отырып, ұлы ақынның революциядан бұрын жарыққа шыққаны бір ғана кітап болса, социалистік құрлысымыздың жылдары ішінде жасалған еңбектердің құр ғана тізімі мол бір кітап болғанын көреміз. Н.Сәбитовтың «Абай» атты библиографиясына кірген бөлімдер айрықша еске алуды, атап өтуді қажет етеді», – деп мақтаныш сезіміне бөлене отырып пікір білдірген еді (Әуезов, 1967: 31).

Біршама толық мәліметтер көзін С.Е.Әжіғалидың зерттеулерінен алуға болады. Оның көлемді мақаласында Н.Сәбитовтың өмірбаяны мен қызметіне қатысты деректер молынан келтірілген (Ажигали, 2000). Сонымен қатар 1995 жылдың қаңтарында шығыстанушы және библиограф Н.Сәбитовтың туғанына 100 жыл толуына байланысты арнайы естелік жазған. Еске алуға арналған салтанатты отырыс ҚР ҰҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында өтіп, оны сол кездегі институт директоры академик М.Қозыбаев ашқан болатын. Н.Сәбитов туралы баяндаманы С.Е.Әжіғали жасады. Осы салтанатты отырыста Қазақстанның танымал тарихшылары

ҚР ҰҒА корр.– мүшелері К.Н. Нүрпейісов, О.И.Исмағұлов, шығыстанушы Н.Н.Мингулов сөз сөйлеп, Н.Сәбитовтың тарих ғылымына қосқан үлесін атап өткен еді. С.Е.Әжіғалидың мақаласында сонымен қатар осы отырыста Н.Сәбитовтың өмірінің белгісіз жақтары мен өнегелі өмірі жайында оның ұлы астрофизик, физика– математика ғылымдарының кандидаты Шәміл Сәбитов пен қызы Құрманбике Нығметқызы сөз алып, қысқаша мәліметтер бергені келтірілген.

Сонымен қатар Н. Сәбитовке қатысты И.В. ахарованың, Х.А. Арғынбаевтың, Н. Әлімбаевтың, Г. Дахшлейгердің, О. Құдышевтың, Г. Урастаеваның, Х. Ермұратовтың және т.б. ғалымдардың еңбектерінен мол мәлімет алуға болады.

**Зерттеу нәтижелері.** Егер де өткен тарихымыздың терең қойнауына көз жүгіртер болсақ, оның аумалы-төкпелі болғанын байқаймыз. Бірнеше ұрпақтың өмір-тіршілігі алмасқан кезеңнің өзінде, біздің көптеген тұлғаларымыз – ойлы, жүректі және сөзсіз талантты, кіндік қаны тамған туған жері, елі үшін көзсіз сеніммен, бар жан-тәнімен қызмет еткендер есімі танылмай, тиісті бағасын алмай отырғандығы кезінде заманымыз тарихшылар алдында шаң басқан архив сөрелеріндегі олардың туындыларын зерделеп, көпшілікке таныту міндетін артып отыр.

Өйткені солар өмір сүрген дәуірден неғұрлым алыстаған сайын біз олардың өз ортасынан ерекшеленетінін байқап, олардың іс-әрекетінің тиісті бағасын бере отырып, замана қыспағындағы ерік-жігерінің, рухының құламағандығына танданысымызды жасыра алмаймыз.

Нығмет Сәбитовтың өмір жолы мен қызметіне тоқталған кезде, аумалы-төкпелі заманның қыспағына қарамастан аса мәнді де, мағыналы болғанын деректер арқылы көруге болады.

1743-1758 жылдары Орынбор және Орал казактары үлкен жер үлестерін алды, одан кейін Жайықтың оңтүстік жағалауы сағаларымен толық соларға берілді. Отаршылдықтың баспалдағы ретінде 1801 ж. Бөкей хандығы немесе Ішкі Орда құрылды (Астрахан губерниясының бөлігінен). 1822 ж. Орта жүзде, 1824 ж. Кіші жүзде жүргізілген ережелер, олардың артын ала қазақ жерінде ашылған Ресейлік үлгідегі округтік және шекаралық басқару мекемелері сонымен қатар әскери бекіністердің салынуы қазақ қоғамының бірлігін ыдыратуға, отарлауға бағытталған еді (Қойгелдиев, 2004: 84).

Осындай кезеңмен тұстас келген Н. Сәбитовтың өмірбаяны жөнінде деректерге жүгінсек, оның еңбек кітапшасы мен өмірбаяндық жазбасында 1895 ж. Астрахан губерниясының, Краснояр уезінің Баклано-Лопатино селосында кедей шаруа отбасында дүниеге келгендігі айтылған (Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры). Оның әкесі Сәбит Кенембайұлы ата-бабасынан бері балық аулаумен айналысқан, отаршылдық езгінің табиғатының жат екендігін жүрегімен сезіне білген ол зеректігінің арқасында сауатын ашып, Құранды өз бетінше оқи алған. Өзінің мұсылмандық парызын өтеу үшін, Меккеге қажылыққа аттанып, қайтар жолда 1900 ж. Иранда 64 жасында қайтыс болады. Бес жастағы Нығмет пен оның үш қарындастары анасының қолына қарап қалады. Сегіз жасқа толған кезде, Нығмет ауылдағы мектептен білім ала бастады. Бұғанасы қатып, есейе бастаған кезде, 15 жасынан бастап өз қожалықтарында шөп шабумен және балық аулаумен айналысты.

Бұдан кейінгі қоғамдағы өзгерістер Н. Сәбитовтың өміріне де өз әсерін тигізді. Ол 21 жасқа аяқ басқанда 1916 ж. патша жарлығына ілінеді. Міне, осы жарлықтың мәтініне қарасақ: «Объявленное военным министром о привлечении мужского инородческого населения Империи для работ по устройству оборонительных сооружений и военных сообщений в районе действующей армии, а равно и для всяких иных необходимых для государственной обороны работ...» - делінген (Рыскулов, 1997: 36-37).

Сондықтан, 1916 ж. Н.Сәбитов патшаның бұратаналарды тыл жұмыстарына алу жайындағы жарлығына сәйкес қара жұмысқа шақырылды. Ол Москва темір жолында жұмысшы болып істеп, одан Ақпан революциясынан кейін ғана оралады. Бұл жайындағы дерек Москва-Виндаво-Рыбинск темір жолы қоғамының 5 сәуір 1917 ж. берген құжаты: «Предъявитель сего, инородец Астраханской губернии, Макетовского общества, волости № 6, 2 округа Нигмат Сабитов (құжаттағы сөздерді сол түпнұсқа негізінде беріп отырмыз. - М.Б.), находящийся на работах Московско-Виндавской железной дороги, согласно распоряжения от 28 марта с.г. заместителя комиссара Московского железнодорожного узла, увольняется от сего числа в месячный отпуск для поездки на родину для устройства своих семейных дел и для содействия возвращению ушедших с



*дороги инородцев и обязан по истечении месячного срока явиться на ст. Москва Московско-Виндавской железной дороги.*

*Настоящее удостоверение выдано инородцу для предъявления на волостное правление или соответствующее ему учреждение для наложения печати о времени его явки на родину.*

*Означенное удостоверение видом на жительство не служит и права на бесплатный проезд по железным дорогам не дает...»* (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Құжатта айтылғандай Н.Сәбитовты уақытша өкімет комиссарлары жай ғана демалысқа жіберген жоқ, оны бір айға уақытша және бұрын темір жол жұмысынан қашып кеткендерді қайтаруға үгіт жұмысын жүргізуге тапсырма бергендігінен көруге болады.

Оның өмір сүрген кезеңіндегі қазақ зиялыларының екі түрі болғандығы белгілі. Әр түрлі кезеңде ортадан жарылып шыққан зиялылар – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ғазы Уәлиханов және т.б. азшылықта болды, олар орысша білім алып және орыс интеллигенциясымен байланыста болып, орыс үкіметіне арқа сүйей отырып қазақтарды европа мәдениетіне жақындатуға ұмтылды. Келесі топтағылар – татар, башқұрт және басқа да мұсылман мектептерінен тәрбие алып, мұсылмандық Шығыс мәдениетін насихаттау арқылы қазақ халқын білімге жетеледі (Рыскулов, 1997:235).

Н. Сәбитов осы екі топтың қайсысына жатады десек, оны дәл айту қиындау өйткені, орыс ортасында өсіп, білім алғанымен Ресейдің қазақтар шоғырланған Астрахан губерниясындағы қазақы тұрғындар, өз дәстүрін, тілін сақтап қалудың, орыстанып кетпеудің бір жолы мұсылманшылдық деп түсінген, сондықтан да Нығметтің әкесі Сәбит оның мұсылманша білім алуын дұрыс деп шешті. Нығметтің алған тәрбиесінің негізінде мұсылмандықпен қатар европалық мәдениеттің де әсері қатарласып жатты. Бұл оның кеңестік кезеңдегі қызметіне зор әсер еткен еді.

Сонымен Қазан төңкерісінен кейін қалың қазақ бұқарасы арқасында Кеңес өкіметін жақтаушылар көбейе бастады. Астраханның жұмысшы аудандарына жақын орналасқан Бөкей ордасының қазақтары Кеңес өкіметінің ықпалына тез бейімделе алды. Міне, сондықтан ел өмірінде болып жатқан үлкен жаңалықтар Нығмет Сәбитовтың да өміріне көптеген өзгерістер алып келді. Оның Кеңестік дәуірдегі мәдени саладағы белсенді қызметі 1918 ж. бастау алады. Оның еңбек кітапшасында 1918 ж. 20 наурызынан 1921 ж. 10 наурызына дейін Баклано-Лопатино ауылдық кеңесінің хатшысы, кейіннен төраға болып қызмет еткендігі туралы жазылған (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры). Орыс тілін жетік білетіндігі мен саяси сауаттылығын және білімі барлығын ескере отырып оны Шаған - Кондаков болыстық атқару комитетінің, халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі (Н.Сәбитовтың жеке архивтік қоры), төрағасы, кейіннен ликбездің (сауатсыздықты жою) нұсқаушысы қызметіне тағайындайды (Н. Сәбитовтың жеке тектік қоры).

1919 ж. 13 наурызында Астраханға Я.М. Свердлов қол қойған жеделхат келді. Онда коммунистерді қайта тіркеуден өткізуді сұраған губкомның шешімін мақұлдайтындығы туралы айтылған. Осыдан кейін 1919 ж. 20 наурызынан бастап мамыр айларының аралығында Астрахан партиялық ұйымдарының қайта тіркеуден өткізілуі нәтижесінде оның құрамы біршама қысқартылды. Осындай коммунистерді қайта тіркеуден өткізу әдісі партия қатарын күшейту үшін жасалынған күрес ретінде ең алғаш рет Астраханда қолданылды. Бұл әдіс кейін жалпы партиялық масштабта қолданылды. Астрахан партия ұйымы өз қатарын осылай тазалағаннан кейін, партия қатарын жаңадан толықтыра бастады.

Дәл осы тазартудан кейін, Кеңес өкіметінің ұсынған идеясына шын ниетімен сенген Н.Сәбитов 1920 ж. наурызында Коммунистік партияның мүшелігіне өтеді. Ауылда қызмет ете жүріп, ол ауылдық және болыстық басқарма аппаратын нығайту үшін күресті, шабындықтар мен жайылымдардың әділ бөлінуін қадағалады, болыстықта орын алған барымтаны (жылқы ұрлау) болдырмауға күш салды, елді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін балықшылар одағын құрды, жаңа мектептер ашуға қаржы бөлдірді және т.б. яғни ол дәл сол кездегі жүріп жатқан кеңестік жүйенің қалыптасу кезеңінің қайнаған ортасында белсене қызмет етті.

Н.Сәбитовтың өміріндегі елеулі өзгерістер оның 1924-1929 жылдардағы «Кедей тілі» газетінің редакторы ретіндегі қызметімен байланысты болды (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры). «Кедей тілі»

газеті Астрахан губерниялық партия комитеті қасындағы ұсақ ұлттар бөлімшесінің органы болды. Ол алғаш 1924 ж. 20 сәуірден айына 4 рет шығып тұрды.

1921-1925 жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында елімізде алып жұмыстар атқарылып жатты. Сондықтан «Кедей тілінің» бас редакторы Н.Сәбитов осындай қауырт жұмыстарды, бүкіл халықтық қозғалыстың барысын көрсетіп, еңбек майданындағы жаңалықтардың жаршысы болу үшін газеттің негізгі мазмұнын осы мәселелерге арнады (Такишев, 1961).

Қазан төңкерісінің дүмпуі, азамат соғысының дауылы қоғам өміріне аяғын тәй-тәй басып келе жатқан мәдени-ағарту бағытындағы ұйымдар мен баспасөздердің өркендеуіне мүмкіндік жасамады (Еділ-Жайық, 1927).

Қазақтың оқыған зиялылары бұл кезде не қам жасады? Міржақып Дулатовтың «Қазақ зиялылары» деген мақаласында: «Біздің қазақ-қырғыздардың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы бәрімізге белгілі. Бізден коммунистер шыға бастағанына әлі екі-үш жылдан асқан жоқ... Шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының ең әуелі табы ұлтшылдар емес пе еді? ... Енді бүгін кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунист партиясы жолбасшылық қылып отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен... бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүр екен; соның ішінде бізге коммунист болу керек екен; бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар...» (Дулатов, 2002: 52-53). Ұлт бостандығы жолындағы күресті өз күшімен жүргізе алмайтынына көзі жеткен алашшылдардың көбісі кеңес билігіне мойын ұсынды. Тіпті кейбірі кейін коммунистердің көсемі де болды. Тарата айтсақ, зиялылар ертеңгі ұлт тәуелсіздігі үшін осылай қадам жасаған.

1927 ж. қаңтарда сол кездегі өлкелік комитеттің хатшысы Ф.И. Голощекиннің Қазақстандағы 1920-1926 жылдар арасындағы баспасөз мәселесі туралы баяндамасында: «Идеологическая наша печать, особенно казакская, почти до последнего года была крайне слаба. На ее страницах нередко появлялись невыдержанные статьи с националистическим уклоном, а также нередко сводились счеты внутри национальных, групповых и личных трений... теперь на ее страницах не встречаются политические ляпсусы, чем она часто страдала раньше». Бұдан тыс өзіндік ойын айту немесе ондайларды әшкерелемеу айып болып танылып, сынға ұшырап, жазаланатын. Осындай жазалау шараларынан Н.Сәбитов басқарған «Кедей тілі» де тыс қалмады. 20-шы жылдардағы бүкіл Батыс Қазақстан облысын қамтыған «сепаратистік-ұлтшылдық» қозғалысынан тазалау деген атпен орын алған жазалау шараларына 1927 ж. дәл уақытында «астраханшылдықты» (астраханьщина) анықтап, айыптамағаны үшін «Кедей тіліне» сөгіс жарияланған еді (Ажигали, 2000: 5). Бұл «сепаратистік-ұлтшылдық» деп аталған қозғалыс 20-шы жылдары Астраханды ғана емес Орал және Гурьев облыстарын қамтыған, соған қарамастан отандық тарихта әлі күнге зерттеу көзіне айналмаған тақырыптардың бірі болып табылады. Н.Сәбитов редакциялық жұмыстан шыққан соң, 1929 ж. 20 сәуірде «Кедей тілі» газетінің редакциясы (Н.Сәбитовтың орнына болған газет редакторы Кәрім Жанчурин және әріптестері) оған арнап мынадай хабарлама берді:

«Уважаемый товарищ, Нигмет Сабитов! Мы, твои товарищи по совместной работе и учащиеся – казахи, приносим тебе глубокую благодарность за ту работу, которую ты проделал в течение трех лет.

Работая на посту ответ. редактора газеты «Кедей-Тли» - органа Астраханского Губкома ВКП(б) и Губисполкома, ты постоянно вникал в повседневную жизнь казахского населения, давая через газету советы и указания и благодаря твоему умелому руководству газета улучшилась, увеличивала свой тираж...» (Н. Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Бұл жылдары қазақтың оқығандары тек бірыңғай саясатпен ғана емес, шығармашылық жұмыстармен де айналысты. Бірақ азаматтық қозғалыста да, жазу ісінде де олар ұлт тәуелсіздігін көздеді.

Қағаз жүзінде ұлт теңдігін, ұлттардың өзін-өзі билеу құқын сөз еткен марксизмнің Ресейлік нұсқасы мен оның ілімі Кеңес Одағында берік орныға бастағанда-ақ ұлтсыздандыру саясатын жүргізді. Руханияттағы ұлттық сарын тегіс мансұқталды. Ол сарынның неліктен туғандығына мән де берілмеді. Тұтас дәуірдің (қайта өрлеу дәуірінің) қаламгерлеріне «буржуазияшыл-ұлтшыл», «керітартпа» делінген айып тағылып, өздері де, шығармалары да тұтқындалды. Қоғамтану

ғылымында қазақ тарихының елеулі кезеңінің қарасөзі, дарынды сөзі, көсемсөз – жалпы көрнекті өнері туралы көпе-көрнеу жалған сөйлеу, оларға тұтастай қара бояу жағу осылай басталды. Бұдан қазақ ұлты қатты ұтылды: бірнеше буын өршіл рухтың не екенін білмей өсті. Парық, бағамдау секілді ұғымдарда тиянақ болмады. Ұлтты аямағандар, оның руханиятын әлем алдында қорлағандар дәріптеліп, ұлт үшін басын бәйгеге тіккендер, азат руханият үшін жанын құрбан еткендер «зиянкес», «опасыз» атанды.

Бүгінде бізге келіп жеткен ой жоғарыда айтқан мәселенің баршасына парасатпен қарауы тиіс. Бұл ой – ескінің соңы, жаңаның басы болса екен дейміз. Осы тұрғыдан келгенде ол отандық, әлемдік дәстүрлерге табан тіреп, қазіргі ізденіс дәуірінде руханиятты жаңа деңгейге көтеруі қажет. Өткеннің бәрі – сабақ. Нақты ғылымдар да, жаратылыстану ғылымдары да: «Еш нәрсе жоқтан пайда болмайды және жоғалмайды» дейді. Мұны руханиятты қарастыратын қоғамдық ғылымдар да қуаттайды. Олай болса, жақсылығы мен жамандығы, парасаттылығы мен топастығы қатар жүретін мына өмірде жақсылық пен парасатты баянды қылуға жұмылған жөн. Міне, осы тұрғыдан алғанда Н.Сәбитовтың баспасөздегі қызметінің өзіндік жолы болғандығы айқын.

Н.Сәбитов негізгі редакторлық қызметімен қатар әртүрлі қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, өзінің білімін көтеруді ұмытқан жоқ. 1929 ж. 7 мамыры мен 30 маусымы арасында Астрахан округтік Атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімі жанындағы екі жылдық Педагогикалық курстың аз ұлттар арасындағы сауатсыздықты жою курсына тындаушы болып қабылданған еді (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Курсті бітіргеннен кейін 1929 жылдан 1930 жылға дейін Астрахандағы ликбездің округтік штабында нұсқаушы қызметін атқарады (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры). Өз бетінше шығыс тілдерін үйреніп, Астрахан округтік педагогикалық курсына алған білімін пайдалана отырып, Астрахан және Саратовтың кеңестік партия мектептерінде (совпартшкола) тарихтан, географиядан және араб тілінен сабақ берді. Соған қарамастан өзінің білімінің жеткіліксіз екендігін түсінген ол, 35 жасында Саратовтағы комвузға (Нижне-Волжский краевой коммунистический им. В.И. Ленина университет) студент ретінде қабылданады. Онда 1930-31 жж. бойы оқыды. 1931 ж. 4 тамызда берілген № 708 анықтамада Н. Сәбитовтың аталған университеттің газет бөлімін бітіргендігі, онда орыс тілін, математиканы, экономгеографияны, Шығыс пен Батыс тарихын, саяси экономикасын, табиғаттануды толығымен тыңдап шыққандығы айтылған (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Ал, 1931 жылдан 1935 жылға дейінгі аралықта Кеңестер Одағының Орталық Атқару Комитеті жанындағы Москваның Н.Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтында қоғамдық-саяси факультеттің араб бөлімінде оқыды. Н.Сәбитовке 1935 ж. 25 ақпандағы № 09 жоғарыда аталған Институттың берілген куәлігінде оның «Қоғамдық-саяси факультеттің араб бөлімін» тәмәмдағаны және мынадай пәндерден: Саяси экономия, Тап күресі тарихы, СССР халықтарының тарихы, ВКП(б) тарихы, Диамат, Араб тарихына кіріспе, Араб экономикасы, Араб революциялық қозғалыстар тарихы, Араб аграрлық мәселесі, Империализм дәуіріндегі Араб тарихы, Араб тілі, Ағылшын тілі, Ұлттық отарлық мәселе және Әскери іс пәндерінен дәріс алып, сынақтан өткенін мәлімдейді (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Осы жерде бір айта кететін бір мәселе, Мәскеуде институтта оқи жүре Н.Сәбитов тағы бір қызметті қосымша атқарыпты. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің баспасөздегі әскери құпияны сақтаудың өкілеттілігінде 1934 ж. 23 маусымынан 1935 ж. 23 ақпанына дейін Әскери цензура бөлімінің Орта Азия және Қазақстандағы баспасөзді бақылау секторында жұмыс жасағаны туралы құжат сақталған (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Бұл қызметтен кетуіне Шығыстану институтын бітірген соң, оны Тәжікстанға жіберілуі себеп болады. Оның бір дәлелі төмендегі құжат:

СССР. Институт Востоковедения им. Н.Н. Нариманова  
При ЦИК Союза ССР  
25 февраля 1935 г. № 09  
г. Москва, Маросейка 2/15

#### Удостоверение

Дано Институтом Востоковедения им. Н.Нариманова при ЦИК СССР тов. Сабитову Н. в том, что в январе 1935 г. он окончил теоретический курс Института по Общественно-Политическому факультету и что 16 февраля 1935 г. он откомандирован в распоряжение ЦК КП(б) Таджикистана.

Ректор Института (Гамбаров)  
Отв. секретарь Института (Мамедов)  
(Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

Сол кездегі партия тапсырмасы бойынша Н.Сәбитовты институтты тәмәмдаған соң, Тәжікстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті қарамағына жібереді (Сәбитов, 1935). 1935 ж. наурызынан 1936 ж. шілдесіне дейін Сталинабад (қазіргі Душанбе) қаласында Тәжікстан Кеңестік Социалистік Республикасының Білім беру халық комиссариаты (Наркомпрос) Әдебиет басқармасы (Главлит) бастығының орынбасары және әскери цензоры қызметінде істеді.

1936 ж. Н.Сәбитов Сталинабаттың көптеген кітапханаларындағы контрреволюциялық-троцкистік әдебиеттерді, Әдебиет басқармасының жауапты қызметкері ретінде уақытында алып тастамағандығы үшін, партиядан шығарылады. Әрине, ол барлық іс-әрекеттерінде ВКП(б) Орталық Комитеттің Саяси бюросының шешімдерін және РСФСР Әдебиет басқармасының жарғыларын басшылыққа алған еді. Соған қарамастан ешкім істің мәніне терең үнілген жоқ. Мәселені қарау ұзаққа созылып, жұмыстан шығарылып, пәтерінен қуылады, ал 12 тамызда тексерістің аяғын күтпестен Алматыға қайтып кетті. Бұл оның аман қалуына себеп болса керек, өйткені дәл осы кезде Тәжікстанда саяси қуғын-сүргін басталған еді.

Тәжікстанның Сталинабад қаласындағы барлық кітапханалардың саны 50-60-тан асады, олардың барлығын қайнап тұрған күн астында жаяу аралап шығып, Троцкий, Каменев, Зиновьевтің 167-ден астам кітабын (тізім бойынша) кітапхана сөрелерінен алдыртқанын көрсетеді. Әдебиет басқармасына (Главлит) 1935 ж. 7 наурызда тағайындалғанын айта келе, ол келгенге дейін Тәжікстандағы Әдебиет басқарасы мүлдем жұмыс істемегендігін айтады. Наркомпростан жіберілген Мамедов кетіп қалған, оның орнына тағайындалған Әдебиет басқармасы бастығы Самибаев бір ай отырмастан қашып кеткен. Н.Сәбитов жалғыз қалады. Қызмет істеуге еш жағдай жасалмаған. Сырттан ақыл берер ешкім де жоқ. Тағы бір қиындық оның тәжік тілін мүлдем білмейтіндігі. Н.Сәбитов өзі жұмыс істеген 15-16 айдың ішінде Тәжікстан КП Орталық Комитетінен оны іздестіріп, есептік-баяндамасын тындауға шақыртқан да ешкім болмады дейді. Соған қарамастан жалғыз өзі РСФСР Әдебиет басқармасымен тығыз байланыс орнатып, жергілікті баспасөз ұйымдарымен, Сталинабад баспа комбинаты мен кітапханалар, оқу орындары және т.б. мекемелермен (Радиокомитет, Тәжіккино, Союзпечать, Книгоцентр) қарым-қатынас жасады.

Сонымен қатар ол жаяу Куйбышев, Варзобскі, Орджоникидзеабадскі, Көкташ, Сталинабад аудандарын аралап, аудандық Әдебиет бөлімін ұйымдастырды.

Міне, осылайша өзінің атқарған қызметтерін көрсете келе, Тәжікстан КП Орталық Комитетінің 17 қыркүйекте қабылдаған (ол Алматыда болған кезде, сырттай) партиядан шығару туралы бұйрығының заңсыз екендігін атап көрсеткен (Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры).

**Қорытынды.** Сонымен Н. Сәбитовтың өмірінің бастапқы кезіне жасаған шолуымызды аяқтай келе, оның қым-қиғаш заманның ағымында, түрлі өзгерістер мен тауқыметті бастан өткеріп, ауылдың ауыр тіршілігін жастайынан көтеріп, тыл жұмысына тартылып, ерте есейіп, қоғамдық өмірге өзінің қалыптасқан ой-санасымен араласқанын, соған қарамастан үлкен ізденістерге барып, білімін жетілдіруге неғұрлым күш салғанына анық көзімізді жеткіздік. Сүрқия саясаттың сынына үшырап, бірнеше рет қызметінен қуылса да, сауаттылығының арқасында өзінің кінәсіздігін қайсарлықпен дәлелдей білді. Әрине, бұның бәріне қазіргі заман өрісінен қарағанда болмашы нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақта қазіргі тәуелсіз еліміздің демократиялық үрдістеріне әкелген жолдың қаншалықты ұзақ та, азапты болғандығын, сөз және баспасөз бостандығының қаншалықты

қымбаттылығын, сол дәуірде өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігі мен сезімдеріне терең бойлағанда ғана ұғына аламыз. Бұны естен шығаруға болмайды, өйткені өткенсіз, болашақ жоқ.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Ажигали С.Е. Востоковед, библиограф и этнограф Нигмет Сабитов (1895-1955) // Шығыстанушы, ғалым-библиограф Н.Сәбитов. Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст. М.М. Бегманова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2000. – 5 б.

Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967. – 31 б.

Дулатов М. Қазақ зиялылары // Елім деп соққан ұлы жүрек: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист М. Дулатұлына арналады) / Құраст. В.Қ. Күзембаева; Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 362 б. – 52-53 б.

Еділ-Жайық бөлімі ашылды // Кедей тілі. – 1927. – 8 июнь. – №151.

Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б. – 84 б.

ҚР ОМА. 1711-қ., 1-т., 4-іс, 1-п.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. (Бұл қор Н.Сәбитовтың ұлы Шәмил Сәбитовтың жеке қорында сақтаулы). Н.Сәбитовтың еңбек кітапшасы.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Дорогому товарищу и отв. редактору газеты «Кедей тли» Н.Сабитову от 20 апреля 1927 г. гор. Астрахань. (Отвработники, учащая молодежь и рабсель. татар и казак Астраханской губернии).

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Москва-Виндова-Рыбинскі темір жолы қоғамы берген құжатындағы 5.04.1917.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Наркомпросвещения. Сталинабад, 5.08.1935. № 13/081.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Справка. Таджикский педагогический институт. Сталинабад, 13.04.1935. № 774.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Удостоверение. РСФСР. Политпросвет при Красноярском Уездном Отделе Народного Просвещения. 21.01.1922. № 24.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Удостоверения. Отдел Народного образования Астраханского окружного исполкома. 28.06.1929. № 20.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Уполномоченный СНК СССР по охране военных тайн в печати. Отдел военных цензуры. Справка от 25 февраля 1935 г. № 2502.

Н.Сәбитовтың жеке тектік қоры. Автобиография. Решение ЦК КП(б) Казахстана от 27. 02. 1945. № 268, (п.18).

Рыскулов Т. Возникновение и роль казахской национальной интеллигенции. Собр. соч. в 3-х т. Т.2. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 384 с. – С. 235.

Рыскулов Т. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году. Собр. соч. в 3-х т. Т.2. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 384 с. – С. 36-37.

Сембаев А.И., Храпченков Г.М. Очерки истории школ Казахстана (1900– 1917 гг.) / Под ред. док. фил. наук Е.И. Шехтермана. – Алма– Ата, 1972. – С. 31– 32.

Такишев Х. Рожденная в дни призыва // Казахстанская правда. 1961. – 22 января.

### References

Azhigali S.E. Vostokoved, bibliograf i etnograf Nigmat Sabitov (1895-1955) [Orientalist, bibliographer and ethnographer Nigmat Sabitov (1895-1955)] // Shygystanyshy, galym-bibliograf N. Sabitov. Biobibliografialyq korsetkish / Kurast. M.M. Begmanova. – Almaty: Ortalyk gylymi kitaphana, 2000. – 5 b. [in Russian]

Auezov M. Abai Kunanbaev [Abay Kunanbayev]. – Almaty: Gylym, 1967. – 31 b. [in Kazakh]

Dulatov M. Kazakh ziyalylary // Elim dep sokkan uly jurek: (Halkymyzdyn kornekti kogam kairatkeri, agartushy, publisis M. Dulatulyna arnalady) [Kazakh intelligentsia // great heart of the country: (dedicated to the outstanding public figure, educator, publicist of our people M. Dulatuly)] / Kurast. V.K. Kuzembaeva; Almaty: Ortalyk gylymi kitaphana, 2002. – 362 b. – 52-53 b. [in Kazakh]

Edil-Jaiyk bolimi ashyldy [Volga-Ural section opened] // Kedei tili. – 1927. – 8 iyn. – №151. [in Kazakh]

Koigeldiev M. Ul'ttyk sayasi elita. Kyzmeti men tagdyry (XVIII–XX-gg.). Zertteuler. [National political elite. Activity and fate (XVIII-XX centuries.). Research] – Almaty: Jalyn, 2004. – 400 b. – 84 b. [in Kazakh]

KR OMA 1711-q., 1-t., 4-is, 1-p.

N. Sabitovtyn jeke tektik kory. (Bul kor N. Sabitovtyn uly Shamil Sabitovtyn jeke tektyk korynda saqtauly). N. Sabitovtyn enbek kitapshasy. [Personal archive fund of N. Sabitov. (This fund is kept in the private fund of N. Sabitov's son Shamil Sabitov). N. Sabitov's employment record]. [in Kazakh]

N. Sabitovtyn zheke tektik kory. Kurmetti joldas jane otv. "Kedei tli" gazetinin redaktory N. Sabitov 20 sayir 1927 j. Astrahan. [Personal archive fund of N. Sabitov. Dear comrade and editor-in-chief of the newspaper "Kedey tli" N. Sabitov from April 20, 1927 gor. Astrakhan.] (Jauapty qyzmetkerler, oqushy jastar jane rabsel. Astrahan gubernyasynyn tatarlary men kazaktary). [in Kazakh]

N. Sabitovtyn jeke tektik kory. Moskva-Vindova-Rybinski temir joly kogamy bergen kujat. [Personal archive fund of N. Sabitov. A document issued by the Moscow-Windova-Rybinsk Railway Society] 5.04.1917. [in Kazakh]

N. Sabitovtyn jeke tektik kory. Narkomprosveshenia. Stalinabad, [Personal archive fund of N. Sabitov. Drug abuse. Stalinabad] 5.08.1935. № 13/081. [in Kazakh]

N. Sabitovtyn jeke tektik kory. Anyktama. Tazhik pedagogikalyk instituty. Stalinabad, [Personal archive fund of N. Sabitov. The map. Tajik Pedagogical Institute. Stalinabad] 13.04.1935. № 774. [in Kazakh]

N. Sabitovtyn jeke tektik kory. Kyalik. RSFSR. Krasnoyarsk audandyk halyk agartu boliminin janyndagy sayasi agartu bolimi. [N. Sabitovtyn zheke tektyk qory. ID card. RSFSR. Political Enlightenment at the Krasnoyarsk District Department of Public Education] 21.01.1922. № 24. [in Kazakh]

N. Sabitovtyn jeke tektik kory. Kyalik. Astrahan audandyk atkaru komitetinin Halykka bilim beru bolimi. [N. Sabitovtyn zheke tektyk qory. Certificates. Department of Public Education of the Astrakhan District Executive Committee] 28.06.1929. № 20. [in Kazakh]

N. Sabitovtyn jeke tektik kory. KSRO HKK baspasozdegi askeri kupyalardy korgau jonindegi uakili. Askeri senzura bolimi. [N. Sabitovtyn zheke tektyk qory. Commissioner of the SNK of the USSR for the protection of military secrets in the press. Military Censorship Department] 1935 jyly 25 aqpany 2502 anyqtama. [in Kazakh]

N. Sabitovtyn jeke tektyk qory. Omirbayany. [Personal archive fund of N. Sabitov. Autobiography.] Kazakhstan KP(b) OK-nin 27. 02. 1945. № 268, (18 t.). [in Kazakh]

T. Ryskulov. Kazakh ulttyk ziyalylarynyn paida boluu men roli [The emergence and role of the Kazakh national intelligentsia]. Sobr. 3 T.T. 2. – Almaty: Kazakhstan, 1997. – 384 s. – 235 s. [in Kazakh]

T. Ryskulov 1916 jyly Orta Aziyanyn jergilikti turgyndarynyn koterilisi [Vosstanie tuzemcev Srednej Azii v 1916 godu]. Sobr. 3T. T.2. – Almaty: Kazakhstan, 1997. – 384 b. – S. 36-37. [in Kazakh]

Sembaev A.I., Hrapchenkov G.M. Kazakhstan mektepterinin tarihy ocherkteri (1900-1917 jj.) [Essays on the history of schools in Kazakhstan (1900-1917)] / Pod red. dok. fil. shehterman turaly gylym. – Alma-Ata, 1972. – B. 31-32. [in Kazakh]

Takishev H. Askerge shakyrу kunderinde tугan [Born in the days of the draft] // Kazakhstanskaya pravda. 1961. – 22 qantar. [in Kazakh]

МРНТИ 03.20.00

## НАЧАЛО ЖИЗНЕННОГО ПУТИ И ОБЩЕСТВЕННО-НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Н. САБИТОВА

А.К. Шашаев<sup>1</sup>, Н.Н. Курманалина<sup>1</sup>, А.Н. Конкабаева<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

Е-mail: shashaevauezhan@mail.ru (Шашаев), nurgulca@mail.ru (Курманалина),  
konkabayeva.arailym@mail.ru (Конкабаева)

**Аннотация.** В статье представлены сведения об общественно-научном наследии и начальном периоде жизни востоковеда, библиографа и историка-этнографа Н.Сабитова на основе документальных данных, хранящихся в его личном архивном фонде. Жизненный путь Н.Сабитова совпал с годами голода, коллективизации, индустриализации, культурной революции и репрессий советского периода. Также на основе исторических данных анализируются тот факт, что благодаря знанию русского языка, он тщательно оценивал изменения в обществе и занимался активной деятельностью в период становления республики. Кроме того, в статье рассказывается о некоторых фактах из жизни Н.Сабитова. В частности, исследователь, как и его предшественники, имел энциклопедические знания, владел арабско-персидским, тюркским и английским языками. Статья также освещает большое научное наследие ученого.

**Ключевые слова:** Н. Сабитов, востоковедение, религиоведение, культурология, этнография, библиография, история, экспедиции.

IRSTI 03.00.20

## THE BEGINING OF LIFE PATH AND THE SOCIO-ACADEMIC ACTIVITY OF N. SABITOV

A.K. Shashaev<sup>1</sup>, N.N. Kurmanalina<sup>1</sup>, A.N. Konkabayeva<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

Е-mail: shashaevauezhan@mail.ru (Shashaev), nurgulca@mail.ru (Kurmanalina),  
konkabayeva.arailym@mail.ru (Konkabayeva)

**Abstract.** The article presents information about the socio-scientific heritage and the initial period of the life of the orientalist, bibliographer and historian-ethnographer N. Sabitov on the basis of documentary data stored in his personal archive fund. N.Sabitov's life path coincided with the years of famine, collectivization, industrialization, cultural revolution and repression of the Soviet period. It is also analyzed according to historical data that due to his knowledge of the Russian language, he carefully assessed changes in society and was engaged in active activities at the height of the formation period that was leaving at that time. In addition, the article tells about how N.Sabitov, like his predecessors, has encyclopedic knowledge, speaks Arabic-Persian, Turkic and English, as well as about his great legacy that he left behind.

**Keywords:** N. Sabitov, Oriental studies, religious studies, cultural studies, ethnography, bibliography, history, expeditions.

**Авторлар туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты

<sup>1</sup>PhD доктор

<sup>1\*</sup>Магистр

## ХАЛИФА АЛТАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ

О.Х. Мұхатова<sup>1\*</sup> <sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: Orazgul7@rambler.ru (Мұхатова)

**Аңдатпа.** Мақалада белгілі ғалым түркітанушы, теолог, жазушы, аудармашы, этнограф Халифа Алтайдың өмірі мен қызметі баяндалады. Алматы қаласы мемлекеттік архивінде сақтаулы жеке 284-қор құжаттары бойынша Халифа Ғақыпұлының дүниеге келуі, өскен ортасы, ата-анасы, білім алуы талданады. Кеңес өкіметінің озбыр саясатынан жан сақтау мақсатында Қытайға бет түзеген қазақтар, соның ішінде Халифаның отбасы туралы айтылады. Халифаның Үндістанға көшкен қазақтардың қасіреті туралы жазғандары көрсетіледі. Х. Алтайдың анасымен Үндістан, Пәкістан жерлерінде 12 жыл тұруы, одан әрі Түркияға қоныс аударуы архив құжаттары негізінде сипатталады. Түркиядағы кәсібі, ата жұрттан ауғаннан кейінгі басынан өткендерін, көріп-білгендерін қағазға түсіріп, кітап жазуы, діни кітаптарды қазақ тіліне аударуы баян етіледі. Жеті тілді жетік меңгерген, үш рет Меккеге барған, ірі діни орталықтармен байланысын күшейткен абыздың ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілуі, ислам діні білгірлерінің бірі атануы, Құран кәрімді тұңғыш рет қазақ тіліне аударуы тарихи деректер бойынша көрсетіледі. Х. Алтайдың туған жеріне оралуы, Елбасының қабылдауында болуы, Қазақстан Республикасының азаматы атануы, отбасы, елдегі тұрмыс-тіршілігі сипатталады. Ғалымның жариялаған еңбектері, естеліктері талданады.

**Түйін сөздер:** жеке архив қоры, Халифа Алтай, өмірбаян, қоныс аудару, Үндістан, Пәкістан, Түркия, туған ел, Құран-кәрім, естелік, рухани өмір.

**Кіріспе.** Әлем тарихында маңызды деректер қатарында жеке адамдардың құжаттары саналады. Жеке адамның өмірі мен қызметі барысындағы жиналған құжаттардың жиынтығы жеке тектік қорды құрайды. Жеке тектік қорды қор құрушы ғана құрайды. Жеке адамның немесе тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты архивте жинақталып, тіркелген, тұрақты сақтауға берілген құжаттар арқылы жеке тектік қор құрылады. Белгілі бір архивте жинақталған жеке тектік қорлар тізбесі мазмұны мен маңызы жағынан мейлінше әртүрлі және көп салалы болып келеді. Жеке архив қорларында ақындар, жазушылар, композиторлар, әртістер, әдебиет пен өнертанушылар, театр және кино режиссерлары, суретшілер, ғалымдар, т.б. құжаттары сақталады. Жеке тектік қор құрамына қолжазбалар, хаттар, қор құрушының жеке және тұрмыстық құжаттары, ғылыми-шығармашылық және қоғамдық қызметі барысында жинақталған құжаттық материалдары, қор құрушының еңбектеріне қажетті жинақталған материалдар, мүліктік-тұрмыстық сипаттағы заттары, жинаған коллекциялары, туыстарының және өзінің суреттері (фотолары) кіреді. Архивтердегі жеке қорлар құжаттары - тек дербес тұлға туралы ғана емес мемлекет пен қоғамның дамуы туралы құнды мәліметтер береді. Сондықтан олар басқа архив құжаттарына қарағанда өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Жеке қорлардың құрамына кіретін қолжазбалар, жазбалар, күнделіктер, қойын дәптерлер, шежірелер және тағы сол сияқтылар - қор құрушының өмірі мен шығармашылық қызметі, өмір сүрген ортасын зерттеуде бірден-бір дерек көзі. Бұл деректерді жете білу тарихтан тағылым алу дегенді білдіреді. Отан, халық үшін еңбек ету заңдылықтарын сараптауға мүмкіндік береді. Соның арқасында тарихтың тағылымы бүгінге сабақ, болашаққа бағдар бола алады.



**Материалдар мен әдістер.** Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасы Алматы қаласының мемлекеттік архивіндегі 284-қор құжаттары (АқМА, 284) құрайды.

Жеке қор құжаттарын талдаудың өзіндік теориялық және методологиялық ұстанымдары бар. Осыған орай зерттеу жүргізудің негізі ретінде деректану мәселелерін дамытуды зерделейтін заманауи идеялар мен ғылыми тұжырымдамалар алынды. Зерттеудің методологиялық негізіне деректерді адамның, тұлғаның өзіндік шығарамашылық әлеуетін және ақпараттық қорын материалдық түрде іске асыратын, мәдени нысан ретінде зерттейтін феноменологиялық тұжырымдама алынды. Зерттеу барысында тарихилық, объективтілік таным принциптері, сонымен қатар жалпы ғылыми логикалық, классификациялық, контент-талдау, факторлы талдау, мәтіндік талдау және арнайы деректанулық жүйелеу және сыныптау, салыстыру, сынау, таңдаулы синхронды және диахронды, отандық және шет елдік ғалымдардың деректанудың теориясы мен методологиясы бойынша жарияланған еңбектерінде негізделген өзге де әдістер қолданылды. Тарихи деректерді өткен кезең туралы мәліметтерді тасушы ретінде, ондағы объективтілік пен субъективтіліктің байланысы, тарихи фактінің шынайылығын анықтау, деректердің түрлері мен мазмұны, олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері қоса пайдаланылды.

**Талқылау.** Отандық тарих ғылымында Халифа Алтайдың өмірі мен қызметін зерттеген арнайы еңбектер орын алмаған. Тек мерзімді басылым беттерінде оның Қазақстанда келген, Отанына біржола қайтып оралған кездеріндегі және т.б. сұхбаттары, қысқаша баяндаулар басылған.

Зерттеу нысаны жеке қор құжаттары болғандықтан отандық архивтану ғылымының тарихнамасындағы еңбектерді ғана атап көрсетуге тура келеді. Атап айтар жайт, ғылымда осы деректермен жұмыс жасаудың қырлары қарастырылған еңбектер де жоқтың қасы. Жарық көргендердің бірлі-жарымы диссертациялар болса, екіншілері әдістемелік құралдар, үшіншілері жекелеген архивті жеке тектік қорлармен толықтыру мәселелерін қозғаған еңбектер болып табылады. Мәселен, Т.Е. Абилова (Абилова, 1986) Қазақстан архивтерін жеке қор құжаттарымен толықтыру және ғылыми ұйымдастыру мәселелерін зерттеді. М.Ж. Хасанаев архивтерді жеке тектік құжаттармен толықтыру көздерін анықтаудың әдістемесін ұсынып, бірқатар мақалалар, еңбектер жариялады (Хасанаев, 1988).

Посткеңестік кезеңде бірқатар әдістемелік құралдар жарық көрді. Солардың бірі – Ф.Т. Исаханның еңбектері (Исахан, 2000).

Шетелдік архивші ғалымдардың еңбектерінің басым көпшілігі кеңестік кезеңге тиесілі. Посткеңестік кезеңдегі жарияланымдарды Ресей Федерациясының «Отечественные архивы» журналынан табуға болады (Горяева, 2004). Солардың арасында Е.М. Бурованың «Терминология в сфере работы с документами личного происхождения» (Бурова, 2017). Е.М. Бурова жеке қор құжаттарымен жұмыс жасауда жеке тектік құжаттар, біріккен жеке тектік қорлар, жеке тектік құжаттардың архив қоры, архив коллекциясы, жеке архив қоры, архив шығармалары, отбасылық қор, жекелеген адамдар және т.б. ұғымдардың мәнін ашты. М.М. Альтман қазіргі уақытта жеке тектік құжаттарды жинақтаудың өзекті мәселелерін көрсетіп берді (Альтман, 2013). Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің мерзімді емес «Труды историко-архивного института» деп аталатын көптомдық басылымында жеке қор құжаттарын, жекелеген тұлғалардың қорын, жеке қор құжаттарының түрлерін дерек ретінде қарастырған Б.Ф. Додонов пен О.Н. Копылованың (Додонов, Копылова, 2012), Т.А. Лобашкованың (Лобашкова, 2012) мақалалары көрініс тапты. Үйдегі жеке архивпен жұмыс жасау тәжірибесіне арналған ағылшын тарихшы-зерттеушілері Пол Эшмор, Рут Крэггс, Ханна Ниттің (Эшмор, Крэггс, Нит, 2012), отбасылық қордың құндылығы және рөлі туралы Анна Вудхэм, Лаура Кинг, Лиз Глойнның (Вудхэм, Кинг, Глойн, 2012), Томаро И. Тейлордың мақалалары (Тейлор, 2007) атап көрсетуге лайық.

**Зерттеу нәтижелері.** Большевиктердің қазақ халқына әдейі жасаған геноцидтік саясатының зардабынан «қызыл табан шұбырындыға» ұшырап, босып, әлем елдеріне тарыдай шашылып кеткен қандастардың тарихы жиі зерттеле бермейді. Зерттелсе де жалпылама демографиялық ахуал тұрғысынан қарастырылады. 1931-1932 жылдардағы алапат аштықтың статистикасы да әлі нақтыланбады. Голощекинді саяси соттау мәселесі де жабулы қазан түрінде қалды. Ал сол

голощекиндік «кіші октябрьден» жапа шегіп, бас ауған жақтарына ауып кеткендердің, олардың тағдыры, күнделікті тартқан тауқыметтерін зерттеп, зерделеп жатқандар байқалмайды. Тіпті, туған жерге оралуды аңсап, қайтып келгендерге қандас емес оралман деген айдар тағып қойдық. Көңілге қонарлығы жақында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы заңнама арқылы жат жерлерден елге оралғандарға арнайы қандас деген мәртебе беруді шешті.

Тарихқа жеке адамдардың іс-әрекеті бағытынан келетін болсақ, ең алдымен сол адамдардың өмірі мен күнделікті қызметін ашып көрсету қажет. Осы орайда Шығыс Түркістан өлкесін мекендеген қазақтардың саяси биліктің қаһарына ұшырағандарын, Пәкістан, Үндістан жерлеріне табан тіреуіне мәжбүр болғандарын, жайлы қоныс таба алмай одан әрі Түркияға кетулеріне тура келгендерін біреу білсе, біреу білмейді. Түркияда қазақтардың біраз бөлігінің өмір сүріп жатқандарының байыбына бара бермейміз. Шындығын айтсақ, соңғы уақыттарды көп нәрсеге ат үсті, нем кетті қарайтын болдық. Ғылымнан да сондай үрдістер белең алды. Қазақ тарихын шынайы зерттемеу ұрпаққа сын, өткенге қиянатындағы Қазақ тарихы да, оны зерттеу де тек қазақтарға қажет. Ол үшін тарихи дерек керек. Деректердің негізгілерін босқыншылықтың азабын тартқан, жат елдердің тепкісін көрген қандастардың естеліктері құрайды. Алайда оларды іздеп табу қиын. Тіпті естеліктер жазылды ма екен деген ой мазалайды. Өкініштісі, жазылғандары кемде кем. Сондай жазылған естеліктер сақталса, жарияланса шет елдердегі қазақ диаспорасының тарихы байи түскен болар еді. Екінші жағынан шынайы тарихтың қырлары ашыла түсер еді.

Дегенмен өзінің ұқыптылығы, еңбекқорлығы арқасында кемел ұрпаққа сабақ болсыншы деген ниетпен барша мұсылман қауымға танымал түркітанушы ғалым, теолог, этнограф, жазушы, аудармашы Халифа Алтайдың естеліктері дүниеге келді. Жалғыз естеліктері ғана емес еңбектерін, аудармаларын хаттап, Алматы қаласы мемлекеттік архивіне өткізді. Бір сөзбен айтқанда, жеке құжаттары архивке 1995 жылдың 20 қаңтарынан бастап түсе бастады. Нәтижесінде жеке қоры құрылды. Әуелде қор құжаттары бойынша бір тізімдемеге жинақталған 80 сақтау бірлігінен тұраса, оны толықтыру барысында 215-ке жетті. Қор құжаттары 8 бөлімге жіктелді. Бірінші бөлімге өмірбаянына қатысты құжаттар, екіншісіне тарихи еңбектері, үшіншісі діни еңбектері, төртіншісіне қолжазбалары, бесіншісіне қор құрушы туралы жарияланымдар, алтыншысына қор құрушы туралы жарияланған құжаттар, жетіншісіне сұхбаттары, сегізіншісіне фотосуреттері топтастырылды. Қор құжаттарының мазмұнынан Шығыс Түркістанның белгілі бір кезеңінің, тарихын, халықтың ұлт-азаттығы үшін күресін, тұрмыс-тіршілігін көруге болады.

Жеке қордың өмірбаянына байланысты бөлімінде Халифа Алтайдың 1992 жылы 30 наурызда қазақ және түрік тілдерінде жазылған қысқаша өмірбаяны сақтаулы (АқМА, 284: 1). Өмірбаянды хатшылық қызмет істеп, қағазға түсірген ғалым-фольклорист Мардан Байділдаев. Қазақ тілінде жазылған өмірбаяны бойынша Халифа Алтай Ғақыпұлы 1917 жылы 12 желтоқсанда Шығыс Түркістанның Алтай аймағында Шіңгіл ауданының Бұлғын өзені бойындағы Жәрікті деген ауылда (қазіргі уақытта Монғолияға қарайды) дүниеге келген. Туған жерін Отаным деп мақтан еткен Алтай оны жырға қосқан.

«Шығысы Түркістанның біздің Отан,  
Батыста Қазақстан, Қырғызстан.  
Монғолия мемлекеті солтүстігі,  
Ежелден Қытай көрші күншығыстан.  
Оңтүстік Үндістан мен Тибет жолы,  
Ауғанстан, Пакистан қабат жолы.  
Шекара осылармен астасады,  
Шыңжаң шын» деп атаған Қытай оны.  
Өлкеде белгіленген он аймақ бар:  
Алтай, Іле, Үрімші, Ақсу, Қашқар,  
Шәуешек, Қарашаһар, Құмыл менен,  
Қотан, Жаркент аймағы тағы да бар» (Алтай, 2014: 14-15).

Әкесі Ғақып ауқатты, діни сауатты адам болған. 1924-1925 жылдары саудамен айналысып, Қытайға, Монғолияға дейін барған. Анасы Мәлике 1938 жылы Шыңжаңда 56 жасында Шығыс

Түркістаннан Үндістанға қарай көшіп бара жатқанда дүние салды. Қорда Халифаның өз қолымен сызған шежіре-қолжазбасы тіркелген (АқМА, 284: 5).

Шежіре бойынша Алтайдың ата-бабалары Керей, соның ішінде Абақтан тараған. Абақ Керей атанып кеткен атадан Жантекей деп көрсетілген. Алтайдың атасы – Қаракелен, әкесі – Ғақып. Алтай өзінің шежіресін «Естеліктерінде» былай деп жырлаған:

Аталған екі тап боп Керей елі:  
 «Абақ Керей, Ашамайлы Керей» дейді,  
 «Он екі Абақ» болып өсіп-өніп,  
 Толықсып жүрген күні мерей еді.  
 Жәнтекей, Жәдік, Молқы, ол – Қарақас,  
 Көнсадақ, Шеруші мен тағы Сарбас.  
 Ителі, Шұбарайғыр, Жастабан да,  
 Меркіт пен Шимойын тағы аралас.  
 Деп айтар «Он екі Абақ» - осыларды,  
 Барлығы бір «Керей» боп қосылады.  
 Керейдің жалпы ұраны «Абақ» болып,  
 Тағы бар әрбір таптың өз ұраны» (Алтай, 2014:4,10-11).

Халифа алғашқы сауатын өз әкесінен ашқан. Әкесі өз заманында саясатты біліп, пайдалы кәсіпті меңгеріп, соның арқасында тіршілік етіп, өмір сүрген, ел аралап ұрпақтарына білім алуға жағдай жасап, өнегені өсиет еткен. Он бес жасында саятшылық өнерімен елге танылды. Ғақып саятшылық құрал-жабдықтарын өзі жасайтын шебер, темірден түйін түйетін ұста болды. Саудамен қатар етік тігіп, ер тоқым жасаған. Халифаның есінде қалғаны 1900 жылы Адубай дейтін елге белгілі азамат бар 15-тей адам Құмылдан 100 түйеге жүзім артып оны Қытайдың ішкі өлкесіне апарып сату үшін керуен жолына шыққан. Қытай астанасы маңындағы Гансу өлкесінде Құмылдың жүзімі өте өтімді болса керек, сауда керуенінің ішінде елге есімі белгілі Ғақып та болыпты. Ұзақ жол жүріп, Пекинге жақын бір шаһарға жетіп, сол қалада алтайлық қазақтар 6 ай жатып жүзім сатқан. Ғақып Гансу өлкесіне кеткенде елдегілердің екі көзі төрт болып, оны күткен. Ауылда қолымен топырақ қазып, сурет салып сөйлейтін мылқау құмалақшы шал болыпты. Бір күні құмалақ салып, әкесінің аман екенін айтқан. Артынша Сужу деген жерден хат келіп, ел-жұрты оның тірі екенін білген.

Халифаның балалық шағында мәңгілік есте қаларлық бір оқиға орын алды. Әкесінің немере ағасы Таумырза деген бай туысында үл бала болмады. Әкесі сол үйге он жастағы Халифаны бала қылып берген. Бірақ ес білген бала жайлауда қой сауған кезде туған анасымен ұшырасып, жылап көрісіп бөтен үйге баруын қойған. Соңында ол үйден қашып кеткен. Өз шаңырағына келгеннен кейін де туыстарымен қарым-қатынасын үзбеді.

1931 жылы Қазақстанның Өскемен уезінен ауып келген Ахметқали Жайсаңбайұлы, Мағауия Ғайсабай Қажыұлы деген екі молданы әкесі қолында ұстап, ауыл-аймаққа мұғалім өтеді. Халифа осы кісілерден арабша оқып, білімін тереңдеткен.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Алтай жеріне жүт келіп, мал қырылып қалды. Адамдар аштыққа төзе алмай, күні кешегі алшаң басқан байлар иығына қап салып, қайыр сұрайтын жағдайға душар болды (АқМА, 284:22). Қалың Абақ Керей бір жағы монғол жері, күншығыста Қытай, оңтүстікте Ауғанстан, батыс беті байтақ қазақ даласына ұласқан Алтайдан жаңа өкімет малды тартып алады дегесін басқа жақтан қоныс іздеді. Сөтіп Қытайға бет түзеді. Сол көшкен жұртпен бірге 1934 жылы Халифаның отбасы Алтай аймағынан ауып, Баркөл, Құмыл жеріне көшіп келді. Бұл жерде де көшіп жүрген қазақты құшақ жайып қарсы алған ешкім болмады. 1931-1942 жылдар арасында Шыңжаң өлкесінде билік құрған Шіңшісай (Шың Си Сей) саяси режимі билік басына келді. Жаңа режимді ұстанушылар коммунистік идеяны таратып, ауқатты адамдарды қыспаққа түсірді. Өлеңмен өрілген «Естеліктерінде» Алтай қытай әкімшілігінің қысымын былай жеткізген:

Сондай-ақ бір залым қытай шыққан,  
 Елді езіп, қатаң қарап ұйпай шыққан.  
 Бас көтерер адамды тұтқынға алып,

Жазықсыз түрмелерге жинай тыққан.  
Орыстың нұсқауымен басқа шықты,  
Қанышер залым болып аса тіпті.  
Мыңдаған адамдарды қамауға алып,  
Аяусыз қинауменен ол өлтіртті.  
Шың Си Сей сол қытайдың болады аты,  
Жетпеген еш біреудің оған дәті,  
Тоғыз жүз отыз үште басқа шығып,  
Тарихтан орын алған жаман аты» (Алтай, 2014:17).

Мұның өзі елде үлкен дүрбелең туғызды. Жаңа режимге Алтай аймағының қазақтары қарсылық көрсетті. Бірақ Шіңшісайдың саясаты, коммунистік идеяның етек алуы күннен-күнге күшейіп, қазақтарды қыспаққа ала бастады. Жергілікті өкімет араларында көш бастаған, көкірек көзі ашық азаматтарды ұстап қамап, астамшылық көрсетті. Ел бастаған азаматтар Тибеттің шөлі арқылы Үндістан жеріне кетейік деп ұйғарысты. Он екі ата абақ-керей руларының бір тармағы 1937 жылы қысымшылыққа шыдамай, туған елдерін тастап, оңтүстікке көшті. Алтайдан көшіп шығудың негізгі себебі, Монғолия жерінен бес жүз үйлік бір бөлек елдің бұзылып, Алтайға асып кетуінің салдарынан болған шайқаста Монғолиядан аэроплан және атты жау келіп, елдің шетін шапқандығы. Екіншіден, айтағалсын болған жұрттың салдарынан күйзеліске ұшырауы болды (Алтай, 2014: 17).

Бұл көш 20 жылға созылды. 1938 жылы Халифа Алтайдың әкесі қайтыс болды. 1934-1938 жылдар арасында Баркөл, Құмылдан 18 мың адам ауып, Гансу, Шыңхай өлкелеріне өтті. Көш барысында мал мен мүлік талан-таражға түсіп, қазақтардың тұрмыс жағдайы нашарлады. Бір жағы көшіп-қонып жүрудің салдарынан, екінші жағынан барынан айырылудың зардабынан туған ауыр жағдай екі жыл уақытқа созылды. Алайда көшу үдерісі мұнымен тоқтамады.

Халифаның өмірбаянында «1940 жылы Елісхан, Зайып батырлардың бастауымен бес мыңдай адам Тибет жолы арқылы Үндістанға бет алдық. 1941 жылы 9 айда Үндістанға үш мың адам өтті. Ол заманда қазіргідей машина деген жоқ. Жүкті түйеге артып, бала шағаны кебежеге салып теңдеп, малды айдап, сондарынан құғыншы келіп қалар деген үреймен көшті. Сақылдаған сары аязда, аптап ыстықта ұрттам су жоқ шөлді далаларда алдында не күтіп тұрғанын білмей босып бара жатқан елге іш ауруы тиіп, біраз адамдар қырылып қалды. Бөтен ел, жат жерге қаза болған бауырларының өлігін қимай, түйеге артып жүрген күндері де болды.

Жат жердегі қандастардың тауқыметі мен азапты бейнеттері жайлы айтыла бермейді. Жайлы өмір, қауіпсіз тіршілік іздеп, бармаған жерлері, баспаған таулары қалмаған қандастардың басынан кешкендері өз алдына ұзақ әңгіме. Оны айтатын адам, тыңдайтын құлақ керек. Дегенмен де Халифаның Үндістанға көшкен қазақтардың қасіреті туралы жазғандары кім кімді де бей-жай қалдырмасы анық. «Дамылсыз көшіп жүруге адам да, мал да шыдай алмайды. Ыңғайлы жерге жүк түсіріп, аяқ суытатын кездеріміз болатын. Ауыл-ауыл болып көшетінбіз. Бірде Ілияс деген азаматтың қонып отырған ауылына артынан жау келіп, қырып-жойып, өлтіріп, пайдаға асар дүние мүлікті алып, малдарын айдап әкетті. Ілияс әрең деп атқа мініп, қашып құтылған да, әйелі Күлсін шөгіп жатқан қомды түйенің бауырына жасырынып, түн қараңғылығы түскесін жыңғыл арасымен жалаң аяқ, жалаң бас, іш көйлекшең көшіп кеткендердің ізімен жанұшыра жүгіріп отырған. Ертеңіне кешке қарай өзі секілді жаудан қашып шыққан бір топ әйел-балаға тап болыпты. Екі табанынан қан сорғалаған Күлсіннің аяғын орап, көтеріп жүріп, көшкен жұрттарда қалған сүйектерді кеміріп, әйтеуір біраз күн өткенде алдағы елге қосылыпды. Сонда Ілияс пен Күлсіннің жауда қалған екі жасар жалғыз баласын алдыңғы әйелдер өздерімен ала шығып, арып-ашып, көтеріп жүруге шамалары келмей, тірідей шырылдатып жол бойына тастап кетіпті (АқМА, 284:16). Қандай қасірет десеңізші! Сол баланың өліп қалмасына кім кепіл?! Босып бара жатқан жұртқа қырғидай тиген қасқырлардан жан тәсілім етіп, бастарын аман қалдыру үшін бөрілерге азыққа тастап кеткен балалар қаншама? Ішерге асы болмаған отбасының қыздарын сойып жегендері, шетінен шөптің арасына тығып қойып, бір-бірлеп жеген фактілерді тарихтан жасыра алмайсың. Ұлын аман қалдыру мақсатында қыздарын жол шетіне, ағаш түбіне қалдырып кеткен аналардың да

болғандығы туралы тарихи фактілер бар. Солардың салдарынан XX ғасырдың бірінші жартысында ашаршылық пен босқыншылықтан баудай қырылған қазақ халқы санының күрт төмен түскендігі белгілі.

Үндістанға бара жатқан жолда асудан өткенде екі мың адам қаза болды. Ақыры үнділер еліне жетті. Осындағы мұсылман халықтар көмектесіп, жанашарлық көрсетті, бірақ бір жылдың ішінде Үндістанның ауасы, суы, жері жақпаған қазақтардың үш мың адамынан бір мыңы ғана қалды. Ауа көшкен қазақтармен бірге Халифа анасымен Үндістан, Пакистан жерлерінде 12 жыл тұрды. Адамдар бар жерде табиғи өсім де болатыны белгілі ғой. Он екі жылдың ішінде қазақтардың саны 1400-ге жетті. Дегенмен бұл жерде де тұрақтап тұра алмады. Сондықтан да 1953-1954 жылдары Түркияға көшуге тура келді. Ақыры әуел бастағы тоқсан мыңға жуық халықтан қалған он бес мыңдай ел елуінші жылдары Түркия жеріне жетті. Тілі де, діні де жақын, бауырлас түрік жұрты қазақтарды туғандарындай қарсы алды. Өкіметтен көмек көрсетілді. Дегенмен кіндік қаны тамған туған жерге не жетсін! Қай жерде, қандай дәулетпен ғұмыр кешсең де, ата жұрт, туған еліңді, халқыңды естен шығару мүмкін емес. Халифа да өзінің туған жерін өмір бойы аңсап өтті. Туған жерге деген сағыныш сезімін:

«Сағындым, қайран Алтай, өскен жерім,

Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.

Дүниенің қай жерінде жүрсемдағы

Елестеп, көкейімді тескен жерім.

Алтайдың асқар басын тұман шалған,

Есімде қайран жұртым сонда қалған.

Алтайды бір-ақ көріп, көзім жұмсам,

Қалмас еді көңілімде ешбір арман» (АқМА, 284: 16), - деп өлеңмен өрнектеді.

Халифаның өзінің айтуы бойынша Үндістан-Пакистанда тұрған жылдары жергілікті халықтардың тілдерін үйреніп, сегіз діни медреселерде оқыды (АқМА, 284: 1). Дәлірек айтқанда, Бопал қаласындағы «Ілахия» медресесінде төрт жыл және Пәкістанның Рәуәлфанди қаласындағы «Талимұл құран» медресесінде төрт жыл араб-үрду тілдерін оқып, білімін жетілдірді. Осылайша діни жолға түсті.

Түркия мемлекеті қазақтарды заңды есепке алып, азаматтық беріп, паспорт тапсырды.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, Халифа қаншама қасірет көрсе де, бірнеше елдердің шекарасынан аса қиындықпен, шыбын жанды шүберекке түйіп өтсе де, аман қалды. Түркияға келген соң Халифа Алтай сауда кәсібімен шұғылданды. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» деген деген ғой дана халық. Ес жинап, тұрмысы жақсарған соң ол бойындағы күш-жігерін кітап жазуға, ата жұрттан ауғаннан кейінгі басынан өткендерін, көріп-білгендерін қағазға түсіруге, діни кітаптарды қазақ тіліне аударуға арнады.

Саналы өмірі құдайға құлшылық етумен, имандылық жолын ұстауға бағытталған ізгі ниеттермен өтті. Үш рет Меккеге барып, ірі діни орталықтармен байланысын күшейтті. Осы қызметі оны ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерді. Мұсылман әлемі оны жеті тілді жетік меңгерген, Түркия қазақтарының арасынан шыққан оқымысты, ислам діні білгірлерінің бірі, Құран кәрімді тұңғыш рет қазақ тіліне аударушы ретінде таниды. Халифа Алтайдың шетелдік баспалардан 11 кітабы (аудармаларын қосқанда) жарық көрді. Дүниежүзіндегі мұсылман елдеріне танымал діни ағартушы, белгілі жазушы болды.

Халифа Алтай аяулы әке, ардақты ата, қадірменді ақсақал болды. 4 ұл, 4 қыз өсірді. Үлкен ұлы Әбдісаттар Норвегияның Осло қаласында, екіншісі – Сәмет Францияда Парижде, үшінші ұлы – Әбдірахим және қыздары Стамбулда, төртіншісі – Аднан Алматыда тұрады. Балаларынан 14 немере сүйді.

Х. Алтай Түркияда өмір сүрген кезінде шет елдерде тұратын қазақтармен байланыс орнатты. Оларға барып, жақынырақ танысып, сыр шертісті. Ғылым, білім туралы пікір алысты, ой бөлісті. Өзінің рухани әлеміне жақындармен тығыз қарым-қатынас орнатты. Солардың бірі тіл маманы, мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиін» қазақ тіліне аударған ғалым Ислам Жеменей болды. 1980 жылы Исламмен парсы елінде кездесті.

Суретте: Халифа Ғақыпұлы және Ислам Жеменей. 1980 жыл (АқМА, 284:77).

1977 жылы 11 тамызда Анкарада Х. Алтай Сүлеймен Демирелмен суретке түсті. 1994 жылы Демирел Түркия Республикасының президенті болып сайланды.

1978 жылы Халифа жылдар бойы аңсаған қазақ жеріне ат басын тіреді. Ол кезде Халифа 61 жастағы отағасы еді. Алайда оны қандас емес шетел азаматы ретінде шетелдермен байланыс жасау қоғамы қарсы алды. Қонақ ретінде күтті, кездесулер ұйымдастырды.

Халифа Алтай туралы ең алғашқы мәліметтер қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында ХХ ғасырдың 80-жылдары пайда болды. Тұңғыш рет Халифа Алтайды қазақ жұрты ақын Фариза Оңғарсынова «Ақ желкен» журналында «Есімізде ата жұрт» атты мақаласы арқылы таныды. Ф.Оңғарсынова 1989 жылы Түркияға барған сапарында сонда тұратын он мыңнан астам қазақтардың тұратындығы, солардың арасында Халифе Алтай атты ағаның бар екендігі жайлы жазған еді. Мақала жазуының себебін көрсеткен ақынның пікірі назар аудартап қоймайды. Онда былай делінген: «Ол кісінің «Ата жұрттан Анатолияға», «Естеліктерім» атты шығармалары бар. Халифе ағай, сонымен қатар, Құранды қазақ тіліне аудаған, арабша оқыған, көкірек көзі ашық адам. Мен ардақты ағамыздың түрік жеріне қалай келгендері жайлы маған айтқан әңгімесін қағазға түсіріп, журнал оқырмандарына ұсынуды жөн көрдім. Тауқыметі мол аз ғана санды халқымыздың тарихи өткелдеріне жас буын да ойы мен көзін жүгірте жүрсін деген мақсат еді...» (АқМА, 284:16).

Бұдан кейін Халифа Ғақыпұлы Қазақстанға тағы да келді. ҚазССР-ның 70-жылдық мерейтойына қатысты. Осы сапарында оған айтарлықтай құрмет көрсетілді, дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы иығына шапан жапты. Қорда Оралхан Бөкеймен түскен суреті тіркелген, алайда жылы белгісіз. Осы сапарында жазушылармен кездескен кезінде түскен болуы мүмкін.

Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан өзінің саяси тәуелсіздігін алған тұста оны ең алғашқылардың бірі болып таныған Түркия болатын. Осы кезде Халифа Алтай дін басылардың шақыруымен елге келді. Осы сапарда Қазақстан Дін басылары Бас мифтиі Ратбек қажы Нысанбайұлы бастаған діндарлар Халифа Алтайды ерекше құрметпен қарсы алып, елді аралатып, ой-пікірін жеткізуге үлкен мүмкіндік туғызды (АқМА, 284:17). Көпті көрген абыз ақсақал Қазақстанда «Иман шартын» кең таратты. Елбасының қабылдауында болды.

Аз уақыттың ішінде Халифа Алтай барлық жоспарлаған жұмыстарына қол жеткізе алмаса да, радиоға, баспасөзге шығып сөйледі. Осы орайда қорда оның Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаға жазған хаты тіркелген (АқМА, 284: 174).

Хатта Шерағаға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өз ойын жеткізуге мүмкіндік бергені үшін алғыс айта отырып, бірқатар ұсыныстар айтқан. Солардың алғашқысы мынадай: «... өткен жексенбінің 1-қараша күні Сіздің радионың «Қаламгер» редакциясынан «Имандылық және адамгершілік» деген тақырыптағы әңгімеге қатыстым. Егер бұл тақырыптағы әңгіме одан әрі жалғасар болса, ол бір жыл ішіндегі жұма хұтпасы мен құрбан айт және рамазан айтында жастарға айтылатын өсиет-насихаттар. Сіз рұқсат етсеңіз, бұл хабар сенбі, жексенбі күндері емес, өзіміздің мұсылманша әр аптанын жұма күніне қойылса...» (АқМА, 284: 174). Екінші ұсыныс-өтініші «Радиодан әрдайым шыққанда, қысқа 5-10 минут сөйлеп, ой қорытындысын жеткізу қиын болушы еді. Ал бұл жарты сағаттық хабарда кәдімгідей ауыз тұщынарлық салиқалы әңгіме айтқанда тыңдаушылардың да қуанып жатқаны бар. Мүмкін болса осындай сабақты теледидардан да 15-20 минут көлемінде беріп отыруға рұқсат етуіңізге болар ма екен» (АқМА, 284: 174), - деп жазылған. Мұндай ұсыныс айтуының себебін «қазір халқымыздың беті бері қарап, имандылыққа бет бұрған шақта діни жағынан өзіміздің білетінімізді айтып отырсақ деген мақсатындағы Құдайым қуат берсе мұндай әңгімелерге ақсақал ата ретінде қатысып отыруды өзіме дін тұрғысынан парыз деп ұғамын» (АқМА, 284:174), - деп түсіндірді.

1992 жылы Жезқазған қаласында өткізілген дүниежүзі қазақтарының қауымдастығына қатысты. 1993 жылы халықаралық Дінмұхамед Қонаев қорының құрылуы рәсіміне куә болды. Қорда осы шараларға қатысуын растайтын фотосуреттер жинақталған. Д. Қонаевтың көзі тірісінде онымен жүздесіп, әңгіме-дүкен құрды. Бұл туралы елағасы өзінің «Өтті дәурен осылай» деген заманхатында былай деп жазды: «Бірде Құранды қазақша тәржімелеген белгілі аудармашы

Түркияда тұратын Халифа Алтай сәлем бере келді. Ұзақ отырып әңгімелестік. Өмірден көргені де, көңілге түйгені де көп, дүниеге сергек көзбен қарайтын зерек кісі екен. Адамгершілік жолын, ізгі қасиеттерді, адамдардың рухын нәсият ететін әңгімелері көкейге қонды. Тәрбиелік мәні бар сөздер. Ел ішінде осындай зиялы азаматтардың болғаны қандай ғанибет. Халифа киелі екі нәрсені – қазақ тіліне өзі аударған Құран мен жайнамаз сыйлады. Мен оларды қастерлеп, төріме қойдым» (АқМА, 284: 64).

Туған жеріне келіп, Елбасының қолынан Қазақстанның төл құжатын алды. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойы аңсаған арманына қария болған шағында қол жеткізді. Алматыға біржола қоныс аударып, оңтүстік астананың «Самал» шағын ауданында пәтерде бәйбішесі Бибібәтешпен бірге ғұмыр кешті.

Тақуалықты ұстаған абыз қарапайым тұрмысты қалады. Үйінде жарқыраған жиһаз немесе аста төк бұйымдар да болмады. Бұл жоқтықтан немесе асып-тасыған баршылықты қаламағаннан емес, күнделікті тұтынуына ғана қажеттісінен артығын ысырап деп түсінетін сопылық дәстүрге адал, оны әдеттегі өмір өлшеміне айналдырған діннің білгір ғұламасының өмірлік ұстанымы (АқМА, 284:90). Елбасына алдына діни мәселелер туралы айтып, жастарды имандылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетті. Ең алдымен «дін істері төрағалығы болса (тіпті дін министрлігі де болса) және дінді дамыту үшін үкіметтен бюджет айрылса» деген ұсыныс білдірді. Бұдан соң елдің діни ережелерді әлі толық біле бермеуіне байланысты «діни кітаптар, журналдар, газеттер, радио, теледидар, тіпті театр арқылы да тұрақты түрде діни ережелер үгіттелуі шарт» деп атап көрсетті. Онымен қатар мұсылман елдеріне дін оқитын балалар жіберу, сол елдерден діни мұғалімдер алу міндеті. Мемлекет көлемінде дінді үгіттеп-дамытатын қоғамдар құрылып, діни кітаптар бастырылатын баспаханалар ашылып, дін мектептері салынып, бала оқыту, сондай-ақ әдеттегі мектептерде де мәжбүри дін сабағы берілуі қажет» (АқМА, 284: 71), - деген пікір білдірді. Діни білім алу мен берудің жай-күйіне баға беруден аулақпыз. Ал зайырлы білім беруге келетін болсақ, Халифа Ғақыпұлы ұсынғандай, мектептерде дін сабақтары берілмесе де дінтану пәні енгізілді. Уақыт өткен сайын дінге бет бұрғандардың саны көбейіп келеді. Олардың дені жастар. Халифа Алтай айтып кеткен ораза және құрбан айттары қалпына келтіріліп, ресми демалыс күндері ретінде күнтізбеге жазылды. Қазақстандық мұсылмандар осы екі мерекені атап өтіп, құттықтаулар жолдап, құрбан шалып, айт намаздарын оқып келеді. Тәуелсіздік жылдары елімізде екі жарым мыңнан аса мешіт салынды. Мұның өзі атеизмнің құрсауында қалған халықтың дінге деген ықыласын көрсетеді.

Қорда Халифа Ғақыпұлының еңбектері жинақталған. Солардың арасында «Атажұрттан Анадолыға дейін» деген еңбегі ерекшеленеді. Бұл – деректі хикаят. Түрік тілінен қазақ тіліне аударған Зүфар Сейітжан. «Өлке» баспасынан 1995 жылы басылып шыққан. Хикаяттың мазмұны оқыған адамның жан дүниесін тебіренетеді. Жоғарыда өмірбаяны айтылатын тұста бірнеше мың қазақтардың атамекеннен жат елдерге қоныс аударуға мәжбүр болғандары жөнінде баяндаған едік. Міне, осы көштің Алтайдан қоныс аударған қазақтардың Түркияға жеткенше көрген азабы, бастарынан кешірген қасіреті айтылады. Осы еңбегінің мазмұнымен үндес «Естеліктерім» және «Алтайдан ауған ел» атты шығармалары жарық көрді.

Қажылыққа екі рет барып, алғашқысында оның бүкіл шарты мен талабын орындады. Екінші рет «Құран-кәрімді» қазақша тәржімелеп, оны корольдың баспаханасынан шығарудың шаруасымен барды. Екінші сапарында Сауд Аравиясында 45 күн тұрды. Құран-кәрімді қазақ тілінде сөйлетумен қатар исламдағы хадистерді қазақ тіліне аударып, «Таңдамалы хадистер аудармасы» деген атаумен кітабын жариялады. Сондай-ақ Алматы баспаларынан «Ғибадатул ислам» атты еңбегі аса көп данамен шығарылып, таратылды. Оның өзі жетімсіздік еткен соң Катарда әрқайсысы 50-100 мың данамен қайта басылды. Құран-кәрім тәрізді бұл кітаптар да елге тегін таратылды (АқМА, 284: 64). Кәлам шәрифтің қазақша мағнасын ашып, түсінік берген еңбегі Стамбулда 1980-1981 жылдары жарық көрді. Кітапты өңдеуші – Дәлелхан Жаналтай болды (АқМА, 284: 26).

Осындай имандылық пен діни ұстанымын Халифа Ғақыпұлы дүниежүзі қазақтарының құрылтайында да паш етті. Қиын-қыстау кездерде қол ұшын созып, пана болған туысқан түрік халқына шексіз алғысын жеткізді. Құрылтайда сөйлеген сөзі мәнді де тағлымды болды. Жырақта,

жат елде ғұмыр кешкен, ұзақ жылдар бойы туған жерін көруді, топырағын басуды аңсаған азамат былай деді: «Дүниенің қай жерінде жүрсек те, қандай жағдайда болсақ та, Ана-Отанды көкसेп, қара шаңырақты аңсап, тілеуін тілеп жүрдік. Аллаға сансыз шүкірлік, бүгін Қазақстан бостандыққа жетіп отыр. ... Ал, енді осы тәуелсіз Қазақстанды дамытып, нығайтуға, қорғауға ендігі ұрпақ жауапкер. Ол үшін намысы оянуы, күллі халықтың бір ауыздан сөз, бір жағадан бас шығарып, береке бірлікті қолдан бермей, тұтас жұмылуы шарт. Алтыбақан алауыздықтан аз зардап тартқамыз жоқ. Асса біртұтас түркі атаулының, қала берсе қазақ иістінің ынтымақты болуын Жаратқаннан жалбарына тілеймін. Рушылдықтан, жершілдіктен келер пайда жоқ екендігін естен шығармайық» (АқМА, 284: 45). Өте орынды әрі дәйекті айтылған ой. Билікті қолға алудан оны ұстап тұрудың қиын екендігі тарихта әлдеқайда дәлелденген. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз күресіп, армандаған азаттыққа қол жеткіздік. Алайда оны нығайтудың қаншалықты ауыр екендігін бастан кешірудеміз. Өкінішке орай, қоғамда рушылдық та, жершілдік те етек жайған. Пәрекорлық та өршіп тұр. Жастар арасында шетелдерге еліктеушілік те, кетушілік жоқ емес. Мұнымен қоса елдегі діни ахуалға алаңдаушылық білдірді. «Қазақстанда дін саудаға салынып жүр. Тіпті жаңа пайғамбармын дегендер, иманға тілі келмейтін, намазды білмейтін әулиемін дегендер шыға бастады. Атеистік, тағы басқа бұзық кітаптар басылып, сатылып жүр. Халқымыздың өз дінінен хабарсыздығына орай көрген басқа діндегі миссионерлер сұғанақтық істеп, жастарды алдап, тұзаққа түсіріп жүрген көрінеді. Шара қолданып, осылардың алдын алған жөн-ақ», - дегенінен талай жайтты аңғаруға болады. Сонау 1990-жылдары айтылған ойға мән беріле қоймағаны жастардың Шам еліне барып, діни экстремизмнің сойылын сойғаннан көрінеді. Осыларға шолақ шалбар кигендер мен талақ айтып, қайта-қайта үйлене беретін пәтуасыз ерлердің көбейгенін, дәстүрлі дін мен шарифатты бұрмалап, бүйректен сирақ шығарып жүргендерді қоссаңыз, қазіргі кездегі жағдайын бағамдайсыз.

Қор құжаттары арасынан Халифа Алтайдың Қазақстан ғылымындағы белгілі тұлға Ақжан Машановтың «Әл-Фараби және Абай» деген еңбегіне жазылған аннотациясының табылуы қатты таңдандырды. Аннотацияның соңында авторы көрсетілмеген, алайда оны Халифа Ғақыпұлының жазғаны сөз саптауы, ойын жеткізуі, орын алған жайтты сипаттауы жағынан ешбір күмән келтірмейді. Оның үстіне қорда ол «жинақталған материалдар» деген айдармен берілген сақтау бірлігіне тігілген (АқМА, 284: 204). Бұл аннотацияның әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы мен ұлы Абайдың 175 жылдығын атап өту барысында өзектілігі арта түсері хақ. Аннотацияның көкейкесті тұстарынан мысал келтіруді жөн көрдік. Аннотация «Тарихи документтерге сүйеніп жазылған бұл еңбек екі дананың өмір баяны мен ғылыми мұраттарын талдауға арналған. Сонымен байланысты халқымыздың мың жылдық мәдени-рухани өмірі сөз болады», - деп басталған. Бұдан әрі «Ақжан Жақсыбекұлының зерттеуінен бұрын бұл ғалым өзінің туған елінде белгісіз болып келген деуге болады. Елуінші жылдардан бері Әл-Фараби мирасын жинау жолына түскен автор Бүкіл Совет Одағының көптеген қалаларында болған, көптеген конференцияларға қатысқан. Соның арқасында ол кісі 1970 жылы «Әл-Фараби» атты кітап жариялады. Ол кітап алда қашан тарап кеткен. Сол кітаптағы материалдарды автор осы еңбегінде қайта қарап, бірінші бөлімінде пайдаланып отыр», - деп еңбектің шығуын түсіндіріп өтті. Ақжан Машановтың Шығыстың ғұлама ғалымын тану үшін көп тер төгіп, ізденіс жұмыстарын жүргізгендігін тізіп берді. «Одан кейінгі жерде автор Әл-Фараби еңбегін онан әрі жинауда болды. Ол кісі шет елдерден көп материалдар алдырды және өзі Әл-Фараби ізімен Таяу Шығыста болып, Әл-Фарабидің Дамасктағы /Сирия/ моласын тауып, оны суретке түсіріп қайтты, тағы басқа көп документтер, кітап алып қайтты. Әл-Фараби мұрасы туралы көптеген халықаралық /ЮНЕСКО/ мәжілістерінде баяндамалар қойылды», дегені осының дәлелі. А.Машанов қатысып, баяндамалар жасаған ғылыми басқосуларды былайша талдап берді: «Осылардың арасында 1975 жылы 7-14 қыркүйекте, Москва мен Алматыда /Әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толған мерекесіне арналған/ халық аралық ғылыми конференция өткізілді. Бұл өзі біздің жағдайда алғаш рет істелген мереке еді».

Әл-Фарабиді Абаймен сабақтастыра жалғаған Ақжан Машанов еңбегінің ерекшелігі аннотацияда «Ұлы Абайды халқымыз ақын ретінде, ақылды дана данышпан деп таниды. Бірақ ол кісінің ғылыми, табиғи, фалсафалық жағындағы мирастары күні бүгінге дейін сырт қалып келеді.



Абай даналағы әдебиет шеңберіне симады. Автор Абайдың ғылыми мирастары жайында оның жүз жылдық мерекесінде көлемді мақала жазған болатын /1944ж/. Бұл еңбегінде автор сол мәселені қайта қолға алып, оны Әл-Фараби іліміне байланыстырып отыр. Көптеген ізденулердің, мұқият зерттеулердің арқасында автор Әл-Фараби мен Абай даналықтарының арасын жалғастыратын бірнеше дәлелді дәйектер тауып, соларды ғылыми-тарихи сипаттап көрсетіп отыр», - деп анықталды. Еңбектің өзге де құнды тұстарына назар аударған автор оларды ашып көрсеткен. Мәселен, «Екі данышпан адамның бас қосқан елінің, қазақ халқының ежелгі өмірі қандай болған? Әл-Фараби мен Абай сынды хакімдерді дүниеге келтірген топырақта қандай қасиет болған? Автор осы мәселеге қысқаша тоқталып өтеді». Аннотация авторы А. Машановтың еңбегінде қазақ халқының көптеген ауыз әдебиетінде ертегі, аңыз, эпостарды кеңінен пайдаланғандығын көрсеткен. Сонымен қатар «Әл-Фараби мен Абайдың адамдық мұрасынан қарағанда бұл күнгі өмірдің бағыты қалай? Осы мәселеге ерекше тоқталып, өмір жұмбағын талдайды. Бұл мәселелердің мәдени-тәрбиелік мазмұны жоғары», - деп ой түйіндеген. Еңбекке баға бере отырып, өзіндік тұжырым жасаған. «Кітаптың ақырғы бөлімінде бірнеше елдің «Жылнамасы» - мүшел есебі берілген. Бұл мәселеде де қызықты мәліметтер көп. Әсіресе «Отырар жылнамасында» қызықты, адамды ойландыратын жұмбақ мәселелер бар. Кітаптың тілі жеңіл, жатық, адамды тартып отырады. Көрікті жерлері де бар, өлеңдер көп. Суреттері көбінесе автордың өзінің жасағандары, бұрын жарияланбаған бағалы нәрселер», дегенінен біраз жайтты аңғаруға болады. Тұщымды баға берумен қатар «Кітапты халқымыздың барлық сауаттылары оқи алады. Сондықтан оның көпшілікке арнап көп тиражбен жақсы форматпен шығарып тарату керек. Оны басқа тілдерге аудару пайдалы болар еді» деген ұсыныс та жасаған.

Қорда Халифа Алтайдың марапаттары кездеспейді десе де болады. Жат елдерде бастың амандығы көкейкесті болған тұста марапатты ойлаудың өзі қисынсыз. Дегенмен елге оралғаннан кейін бірлі-жарым ынталандыруларға қол жеткізді. Мәселен, қорда Аякөз қаласының құрметті азаматы атағы берілгендігін дәйектейтін құжат сақтаулы (АқМА, 284:11). Қорда Халифа Ғақыпұлына 1992 12 наурызда Шиелі ауданының құрметті азаматы атағы берілгендігі туралы адрес сақтаулы (АқМА, 284: 12).

Марапаттардан гөрі ғылыми басқосулар мен рухани кездесулерге қатысқанына куә болатын фотосуреттер жеткілікті. Мәселен, 1998 жылы Мысырдағы «XXI ғасыр және ислам» атты конференцияға қатысты. Діндарлармен әңгімелесіп, өз ойын ортаға салды. Ғалым үшін көп алдында сөз бастап, пікір алмасып, ой бөлсікеннен артық не бар? Осы орайда Халифа Ғақыпұлы бақытты діндар деуге лайық.

Бұлардан өзге әлем елдерін аралады. Ұлғайған жасына қарамастан Қытайға, Монғолияға, Ресейге, араб елдеріне сапар шекті. Ондағысы Шәкәрім Құдайбердіұлы жазғандай, ел тану, жер тану еді.

**Қорытынды.** Осылайша Алматы қаласы мемлекеттік архивінде сақтаулы түркітанушы ғалым, теолог, аудармашы, жазушы, этнограф Халифа Ғақыпұлы Алтайдың қор құжаттарын талдадық. Архив құжаттары арқылы тарихи жадты жаңғыртудың сәті түсті.

Бір адамның ғұмыры арқылы тұтастай шетелдерге тарыдай шашылған қазақтардың өмірін бір сәт болса да көз алдымызға елестете алдық. Халифа Ғақыпұлының өмірі мен қызметіне құжаттар арқылы тәнті болдық. Бар саналы өмірін туған жері мен елін бір көруді армандаған абыз азаматтың ғұмыр белестерін зерделедік. Тіршілігінде көргендері мен көкейіне түйгендерін ұрпағына жеткізуді мақсат еткен, имандылықты ту етіп көтерген, өзінің емес елінің өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілектес адамның жазбаларына, айтқан сөздерін санадан өткіздік. Небір қиындықтар көрсе де жақсылық атаулыдан үмітін үзбеген азаматтың адал, ғибаратты, өнегелі өмірі жас баладан еңкейген қарияға дейін үлгі болатынына көз жеткіздік.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Anna Woodham, Laura King, Liz Gloyn. We Are What We Keep: The “Family Archive”, Identity and Public / Private Heritage // <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/2159032X.2018.1554405>

Paul Ashmore, Aruth Craggs, Hannah Neate. Working-with: talking and sorting in personal archives // Journal of Historical Geography. Volume 38, Issue 1, January 2012. – P. 81-89.

Taylor, Tomaro I., "Archives, Manuscripts and Personal Papers: A Processing Manual" (2007). Academic Services Faculty and Staff Publications. Paper 63. [http://scholarcommons.usf.edu/tlas\\_pub/63](http://scholarcommons.usf.edu/tlas_pub/63)

Абилова Т.Е. Личные фонды государственных архивах Казахской ССР. Конец 1950-х начало 1980-х г.г. (Проблемы комплектования и научной организации). Автореферат кандидатской диссертации. – М., 1986. – 22 с.

Альтман М.М. Актуальные проблемы собирания документов личного происхождения на современном этапе // Вестник архивиста. – 2013. – №1. – С. 137-150.

Бурова Е.М. Терминология в сфере работы с документами личного происхождения // Вестник РГГУ. – 2017. – №3. – С. 29-44.

Горяева Т.М. Проблема собирания документов личного происхождения: как мы ее понимаем сегодня // Отечественные архивы. – 2004. – №1. – С. 34-39.

Додонов Б.Ф., Копылова О.Н. Дневники наследника российского престола цесаревича Николая Александровича Романова как исторический источник (1882-1894 гг) // Труды историко-архивного института. – М: Российский государственный гуманитарный университет, 2012. – С. 70-85.

Исахан Ф.Т. Мемлекеттік мұрағатта жеке азаматтардың құжаттарын жинақтау. Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2000. – 34 б.

ҚР АқМа (Алматы қаласы орталық мемлекеттік архиві). – 284-қор, 1-тізбе. Халифа Алтай Ғақыпұлы. 1917 жылы туған. Ғалым тюрколог, теолог, жазушы, аудармашы, этнограф. 1931-1995 жж.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 174-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 1-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 22-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 71-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 75-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 90-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 12-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 11-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 16-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 204-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 64-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 77-іс.

ҚР АқМА. 284-қор, 1-т., 26-іс.

Лобашкова Т.А. Личный фонд великого князя Константина Константиновича в ГАРФ: история создания, формирования и использования. – М.: Российский государственный гуманитарный университет, 2012. – С. 106-115.

Халифа Алтай. Естеліктерім. – Алматы, 2014. – 152 б.

Хасанаев М.Ж. Перспективы, задачи и проблемы комплектования ЦГА КазССР документами личного происхождения. – Алматы, 1988. – 90 с.

### References

Abilova T.E. Lichnye fondy gosudarstvennyh arhivah Kazahskoj SSR. Konec 1950-h nachalo 1980-h g.g. (Problemy komplektovaniya i nauchnoj organizacii). Avtoreferat kandidatskoj dissertacii. [Personal funds of the state archives of the Kazakh SSR. The end of the 1950s and the beginning of the 1980s (Problems of recruitment and scientific organization). Abstract of the candidate's dissertation] – М., 1986. – 22 s. [in Russian]

Al'tman M.M. Aktual'nye problemy sobiraniya dokumentov lichnogo proiskhozhdeniya na sovremennom etape [Actual problems of collecting documents of personal origin at the present stage] //Vestnik arhivista. – 2013. – №1. – S. 137-150. [in Russian]

Anna Woodham, Laura King, Liz Gloyn. We Are What We Keep: The “Family Archive”, Identity and Public / Private Heritage // <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/2159032X.2018.1554405>

AqMA QR (Almaty qalasy ortalyq memlekettik arhivi). F. 284. Op.1. Halifa Altay Gakypuly. Galym, tyrkitanushy, teolog, zhazushy, audarmashy, etnograf. [CSAA of the Republic of Kazakhstan (Central State Archive of Almaty). Fund 284. Op 1. Khalifa Altay Gakypovich. Born in 1917. The scholar, Turkologist, theologian, writer, translator, ethnographer] 1931-1995 jj.

Burova E.M. Terminologiya v sfere raboty s dokumentami lichnogo proiskhozhdeniya [Terminology in the field of working with documents of personal origin] // Vestnik RGGU. – 2017. – №3. – S. 29-44. [in Russian]

Dodonov B.F., Kopylova O.N. Dnevnik naslednika rossijskogo prestola cesarechiva Nikolaya Aleksandrovicha Romanova kak istoricheskij istochnik (1882-1894 gg) [Diaries of the heir to the Russian throne tsesarechiv Nikolai Alexandrovich Romanov as a historical source (1882-1894)] // Trudy istoriko-arhivnogo instituta. – M: Rossijskij gosudarstvennyj gumanitarnyj universitet, 2012. – S.70-85. [in Russian]

Goryaeva T.M. Problema sobiraniya dokumentov lichnogo proiskhozhdeniya: kak my ee ponimaem segodnya [The problem of collecting documents of personal origin: how we understand it today] // Otechestvennye arhivy. – 2004. – №1. – S. 34-39. [in Russian]

Halifa Altay. Estelikterim. [Khalifa Altai. My memories] – Almaty, 2014. – 152 b. [in Kazakh].

Hasanaev M.ZH. Perspektivy, zadachi i problemy komplektovaniya CGA KazSSR dokumentami lichnogo proiskhozhdeniya. [Prospects, tasks and problems of completing the Central State Administration of the Kazakh SSR with documents of personal origin] – Almaty, 1988. – 90s. [in Russian]

Lobashkova T.A. Lichnyj fond velikogo knyazya Konstantina Konstantinovicha v GARF: istoriya sozdaniya, formirovaniya i ispol'zovaniya. [The personal Fund of Grand Duke Konstantin Konstantinovich in the GARF: the history of creation, formation and use] – M: Rossijskij gosudarstvennyj gumanitarnyj universitet, 2012. – S.106-115. [in Russian]

Paul Ashmore, Aruth Craggs, Hannah Neate. Working-with: talking and sorting in personal archives//Journal of Historical Geography. Volume 38, Issue 1, January 2012, P. 81-89.

QR AqMA F. 284. Op.1. D.22.

QR AqMA RK. F. 284. Op.1. D.12.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.1.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.11.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.16.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.174.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.204.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.26.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.64.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.71.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.75.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D.77.

QR AqMA. F. 284. Op.1. D. 90.

Taylor, Tomaro I., "Archives, Manuscripts and Personal Papers: A Processing Manual" (2007). Academic Services Faculty and Staff Publications. Paper 63. [http://scholarcommons.usf.edu/tlas\\_pub/63](http://scholarcommons.usf.edu/tlas_pub/63)

Isahan G.T. Memlekettik muragatta jeke azamattardyn qujattaryn jynaqtau. [Collection of documents of private citizens in the State Archive] Adistemelik nusqau. – Almaty, 2000. – 34 b. [in Kazakh]

МРНТИ 03.20.00

## АРХИВНЫЕ ИСТОЧНИКИ О ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ХАЛИФЫ АЛТАЯ

О.Х. Мухатова<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: Orazgul7@rambler.ru (Мухатова)

**Аннотация.** Статья посвящена жизни и деятельности известного ученого-тюрколога, теолога, писателя, переводчика, этнографа Халифы Алтай. Рождение, воспитание, родители, образование Халифы Гакыпулы анализируются по документам 284-го личного фонда, хранящимся в государственном архиве Алматы. Статья повествует о казахах (в том числе семья Халифы), которые бежали в Китай, спасаясь от советской тирании. Приводятся воспоминания Халифы о трагедии казахов, переселившихся в Индию. На основе архивных документов характеризуется жизнь Х. Алтай, который жил вместе с матерью в Индии и Пакистане 12 лет, а затем, переехал в Турцию. Описывается его профессия в Турции, опыт написания воспоминаний и книг, перевод религиозных книг на казахский язык. На основе исторических источников показывается крупный общественный деятель, который свободно говорил на семи языках, трижды посетил Мекку, укрепил связи с крупными религиозными центрами, стал одним из знатоков ислама и впервые перевел Коран на казахский язык. Описывается его возвращение на родину, прием у Первого Президента, получение гражданства Республики Казахстан, семья и быт в стране. Анализируются опубликованные труды и воспоминания ученого.

**Ключевые слова:** личный архивный фонд, Халифа Алтай, биография, переселение, Индия, Пакистан, Турция, родной край, Коран, воспоминания, духовная жизнь.

IRSTI 03.20.00

## ARCHIVAL SOURCES ABOUT THE LIFE AND WORK OF KHALIFA ALTAI

O. Mukhatova<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: Orazgul7@rambler.ru (Mukhatova)

**Abstract.** The article describes the life and work of the famous Turkologist, theologian, writer, translator, ethnographer Khalifa Altai. The birth, upbringing, parents, education of Khalifa Gakypuly are analyzed according to the documents of the 284th personal fund, stored in the State Archive of Almaty. The article tells about the Kazakhs (including the Khalifa family) who fled to China to escape the Soviet tyranny. It shows the memories of Khalifa about the tragedy of the Kazakhs who moved to India. On the basis of archival documents, the life of Kh. Altai is characterized. Kh. Altai lived with his mother in India and Pakistan for 12 years, and then moved to Turkey. The paper describes his profession in Turkey, experience of writing memoirs and books, translation of religious books into Kazakh. The article is based on historical sources, it shows a prominent public figure who spoke seven languages fluently, visited Mecca three times, strengthened ties with major religious centers, became one of the experts in Islam and

for the first time translated the Koran into Kazakh. It describes his return to his homeland, attending a reception with the First President, becoming a citizen of the Republic of Kazakhstan, family and life in the country. The published works and memoirs of the scholar are analyzed.

**Key words:** personal archive fund, Khalifa Altai, biography, resettlement, India, Pakistan, Turkey, homeland, Koran, memories, spiritual life.

**Автор туралы мәлімет:**

<sup>1\*</sup>Гарих ғылымдарының докторы, профессор

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

Ә.Қ. Бәкір<sup>1</sup>, С.Т. Тайман<sup>1\*</sup>, С.Т. Жарбулова<sup>1</sup><sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда

\* Автор-корреспондент

E-mail: abdizhalel\_bakir1939@mail.ru (Бәкір), st-1968@mail.ru (Тайман), zharbul@mail.ru (Жарбулова)

**Аңдатпа.** Мақалада Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретінде қалыптасуындағы Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның тәлімгерлік рөлі қарастырылған. Алаштың болашақ екі алыбының өмірі мен саяси қызметінде ұқсас жайлар да аз емес. Мұстафа Шоқай - Торғай датқаның немересі, Шоқай би-болыстың перзенті, Әлихан Бөкейхан - Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Екеуі де сол кездегі молда оқуына қанағаттанбай, үш кластық мектептерде оқып, кейін бірі Ташкенттегі гимназияны тауысса, екіншісі Қарқаралы уезіндегі техникалық училищені бітіреді. Мұстафа Шоқай 1914 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін аяқтаса, Әлихан Бөкейхан 1894 жылы Санкт-Петербург Императорлық орман техникалық институтының экономика факультетін тамамдаған. Сонымен қатар бас-аяғы 6-7 жылға созылған Ресейдің орталығындағы оқуы, осындағы қоғамдық-саяси жағдай, орыс демократтары және түркі тектес ұлт өкілдерімен қарым-қатынасқа түсуі, әсіресе, Әлихан Бөкейханның ұсынысымен Мемлекеттік Думаның Мұсылмандар фракциясы делегациясының аудармашысы, хатшысы және маман-зерттеушісі ретінде Түркістан өлкесіне сапары, кейін осы фракцияның кеңесші бюросында қызмет атқаруы Мұстафа Шоқайдың әлемге танылған тұлға деңгейіне көтерілуінің саяси-әлеуметтік негіз болды. Екі қайраткер де саналы бар өмірін, ақыл-парасатын, қажыр-қайратын ұлт тәуелсіздігі жолында күреске арнады. Екеуі де саяси күресте қатар жүріп, бірін-бірі қастерледі, олардың есімдері, қалдырған мұралары бүгінде тарихта өлшеусіз орны бар құндылықтар болып есептеледі.

**Түйін сөздер:** Бөкейхан, Шоқай, Ташкент, Петербург, Түркістан, Алаш, азаттық қозғалыс, автономия, эмиграция.

**Кіріспе.** ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамының дамуына ерекше үлес қосқан алаш зиялылары болды. Тәуелсіздікпен туған халқына оралған асыл мұраларын оқып, үйренумен бірге олардың арасындағы аса мазмұнды, биік азаматтық һәм қайраткерлік қарым-қатынастарды терең танып, үлгі ете түссек, қоғамдық және адами санамыз қажетті құндылықтармен баиып, ұлттық келбетіміз кемелдене түсері еді.

Алаштың алыбы атанған Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер болып қалыптасуында Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейханның орны ерекше болды. Ол өзімен қатар жүрген және кейінгі буын қазақ зиялыларының азаттық күрес бағытын айқындауда жетекшілік жасай білді. Бұл туралы басылымдарда аз жазылып, кем айтылып жүрген жоқ. Біз де бүгін осы Алаш арыстарының өмірі мен саяси қызметтерінің тақырыбымызға тиісті сәттеріне назар аударғанды жөн көрдік.

**Материалдар мен әдістер.** Мақаланы дайындау барысында материалдарды жинақтау, естеліктерді пайдалану, талдау, тарихи-жүйелілік сияқты ғылыми әдістер, сонымен бірге арнайы әдістер мен методологиялық принциптер басшылыққа алынды.

Зерттеу мәселесін қарастыру кезінде Мұстафа Шоқайдың Санкт-Петербургте университетіне түсуі, оқуына қатысты жаңа құжаттар негізге алынды (Жүсіп 2011:12). Бұл материалдар Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретінде қалыптасуына ерекше әсер еткен өзінің саяси тәлімгері және идеялас серіктесі болған Әлихан Бөкейханмен бүгінгі күнге дейінгі айқын және беймәлім

байланыстарына сәуле түсіреді. Мұстафа Шоқай Әлихан Бөкейханды сонау Ташкенттегі гимназияда оқып жүрген кездерінен білсе, жақын кездесулері шамамен 1914-1915 жылдары, тіпті студент кездерінде басталған. Мұстафа Шоқайдың оқу бітіргеннен соң Петерборда бөгеліп қалуына да, шетелге кетуіне де Алаш көсемі кеңес берді деушілер де жоқ емес. Екі қайраткердің түпкі негізгі идеясының да ортақтығы белгілі. Сондықтан қарастырылып отырған мәселе бойынша салыстырмалы, типологиялық әдістер мақаланың өзегі болғанын атап өткен жөн.

**Талқылау.** Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретінде қалыптасуындағы ерекше рөл атқарған да Әлихан Бөкейхан. Алаш қозғалысының екі алыбы Мұстафа мен Әлиханның бүкіл ұлт-азаттық күрес жолында бір-бірін қадірлеп, бірі – ұстаз, екіншісі оның шәкірті ретінде қарым-қатынаста болғаны туралы Мұстафа Шоқай да өз еңбектерінде әрдайым еске алып отырды.

Әрбір қайраткердің саяси көзқарасының қалыптасуы тарихи күрделі процестерге байланысты болып, соған сәйкес күрделене, ширыға түсетіні белгілі. Халқымыздың тарихындағы аумалы-төкпелі кезең екеуінің де саяси ұстанымдарына оң өзгерістер енгізіп отырған. Дегенмен, кейбір мәселелердегі пікірлер қарама-қайшылығы ұлт-азаттық күрес жолында екі қайраткердің арасындағы қарым-қатынаста ешқандай сызат түсірмеген. Бұл мәселе М. Шоқайдың ізбасарлары А.Оқтай, Т.Шағатайдың естеліктерінде, белгілі алаштанушылар К. Нүрпейісов, М. Қойгелдиев, философ Ә. Нысанбаевтың, шетелдік мұстафатанушы Ә. Қара, А. Раджапов, отандық мұстафатанушылар – К. Есмағанбетов, Х. Тұрсын, Ә. Бәкір, Ф. Ахметов және т.б. зерттеулерінде де қарастырылды.

**Нәтижелері.** Мұстафа Шоқайдың өмірі мен саяси қызметінде Әлихан Бөкейхан жарық жұлдыздай тұрақты орын алған. Оны М.Шоқайдың өзі 1939 жылдары Францияда жүріп, кезінде Ташкенде мектепте оқып жүрген кездерін еске түсіріп: «Әлихан бізге ылғи да: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» - деп жазды (Шоқай, 2007: 369). Әлиханның жетекшілігімен ұлт зиялылары осы тұста «мұғажыр мәселесінің» түпкі мақсатын айқындап, оның отарлық мақсатын жақсы түсінген. Олар, шынында да, қателескен жоқ болатын. Бұған дәлел – отарлық зардаптарының тәуелсіз ел болғанымызға отыз жылдай болса да, ұлттығымыздың ең басты рухани көрсеткіші, тәуелсіздігіміздің ұлттық коды - қазақ тілінің, ана тіліміздің жағдайына әсер етіп келе жатқандығы дәлел. Ұлттық рухымыздан жаңылып, ежелден келе жатқан салт-дәстүріміздің күрделі өзгеріске ұшырағаны да өз алдына мөлдек әңгіме етуге болар еді. Мұстафа Шоқай бас-аяғы 6-7 жылға созылған Ресей орталығындағы кезеңде ең алдымен Петербург университетінде жүйелі де терең білім алды. 1912 жылғы «Айқап» журналының 13-санында екі жылдан бері Петербург университетінде Сырдария облысының Перовск уезінен Мұстафа Шоқайдың оқып жатқандығы жайында ақпарат берілген болатын. Бұл хабардың арғы жағында студенттің өз жерлестерінің арыз-шағымдарына қатысты көп іс тындырғаны бар еді. Ташкенттегі гимназияда оқып жүргенде-ақ жергілікті халықтың басынан кешіріп отырған жағдайын байқаған Мұстафа студенттік кезде оны тереңірек ұғына түскен болатын. «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген еңбегінде ол Петербургтен қайтып келе жатып Ақмешітке соққандағы жергілікті халықтың өзіне деген ықыласын былай көрсеткен еді: «Әсіресе қазақтар мені өздерінің сенімді өкілі, қорғаны есептейтін. ...Талай мәрте орыс отаршылдық саясатының құрбаны болған сорлы халықтың жері мен суын қоныс аударушылар басқармасының шеңгелінен құтқарып қалғанмын» (Шоқай, 2007: 21).

Мұстафа Шоқай сол кездегі орыс қауымындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңіріп, Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларымен жете танысады. Осы саяси оқиғалар туралы 1933 жылы «Есімдегілерден... (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен)» атты мақаласында Мұстафа Петербургте оқып жүрген кезінде студенттердің үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, демонстрацияларға шығатыны туралы жазды (Шоқай, 2007: 352). Әсіресе 1912–1913 жылдардағы Түрік-Балқан соғысы кезінде Ресейдің ашықтан-ашық Түркияға қарсы ұстанымын әшкерелеп, патша үкіметінің славяншылдық саясатына наразылық білдірген түркі жастарымен бірге Мұстафа Шоқай да Түркияны қолдап, көмек көрсету үшін қаржы жинауға белсенді атсалысты. Өзінің досы Садық

Өтегеновпен бірге жинаған қаржыларын Түркия елшілігіне апарып тапсырды (Шоқай, 2012: 50). Сондай-ақ бір топ студенттермен бірге Мұстафа да бар 1913 жылдан Орынборда шықпақшы болып жатқан тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетіне құттықтау хат жолдайды (Шоқай, 2012: 15). Міне, мұндай талантты, ұлтшыл жастың, оның «Қазақ» газетінде басылған материалын түркі тектес халықтардың, оның ішінде ұлтымыздың ой-пікір алаңын жіті қадағалап жүрген әрі осы басылымның басты ұйымдастырушыларының бірі Әлихан Бөкейханның білмеуі мүмкін емес. Осы сәтте түркиялық мұстафатанушы бауырымыз Әбдуақап Қараның «Өткір ойлы Мұстафа Шоқай студент кезінде-ақ Әлихан Бөкейханның көзіне түскен» деген пікірін тілге тиек ете кетсек артық болмас (Шоқай, 2011: 34).

Мұстафа Шоқай өміріндегі Петербургтік кезең оның саяси көзқарасының шындала түсуіне ерекше әсер етті. Ол сол кезде үнемі Петербургте өтіп жатқан түркі-мұсылман халықтары жиындарына қатысып отырды. Сонымен қатар тек Петербургте қана емес елдегі жиындарға да қатысып отырды. Әсіресе, Серәлі Лапиннің үйінде бас қосқан жиындарында Әлихан Бөкейханмен бірге болды. Осы кездесулердің бірінде М. Шоқай т.б. жастардың түрікшілдікті ұстап, осы бағытта қалыптасып келе жатқанын байқаған Әлихан Бөкейхан бұлардың «өздерін ешқандай сағыммен алдамауларын» ескертіп, ұлттық қозғалыста саяси бостандықтан гөрі ең алдымен діни және жер мәселесіне көңіл аударуды ұсыныпты (Шоқай, 2012: 51).

Сол кезде Мемлекеттік думаға қазақ халқынан бірде-бір өкіл сайланбайтын болған еді. Осымен байланысты 1913 жылды 13 наурызында Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.-М. Тевкелев Дума отырысында «Мемлекеттік думаға сайлау ережесін өзгерту туралы» баяндама жасап, нәтижесінде думадағы мұсылман фракциясы жанынан құрылған бюроға қазақ уәлаятынан Әлихан Бөкейхан кіреді. Ол Түркістаннан бір өкілдің болуы керектігі жөнінде мәселе көтеріп, оған Мұстафа Шоқайдың лайық екенін, оның бұл жұмысқа жан-жақты дайындығының барлығын, Түркістан жағдайын жақсы білетіндігін, Петроградта тұратындығы, бұрыннан Мұсылман фракциясының жұмысына көмектесіп жүргендігін айтады (Шоқай, 2012: 62).

Осы жағдайлардан хабардар Түркістан аймағынан Қожахмет Оразаев, Мұстафа Оразаев және Жүнісбек Байменовтер 1916 жылғы сәуірдің басында «Қазақ» газетіне «Жұрт жақсыларына ашық хат» жолдап, онда Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясына жәрдем хәм жәрдемші мәселесін алғаш көтерген болатын. Олар Мемлекеттік Думада қазақтан депутаттың жоқтығын, өзге депутаттардың қазақ жайын жете білмейтіндігін, саны өте аз мұсылман депутаттарының жұмыстарының аса көптігін айта отырып, құралақан біз түгіл ноғай туғандарымыз да депутаттарының қасына жәрдемшіге кісі қосып жатыр. Түрлі мәселелер туып, басы-қасында кісіміз жоқ болып тұрған кезде, мұсылман фракциясына көмектесетін, қазақ жұмыстарын бірге кеңесетін ақылшы адам керектігін, оған лайықты Әлихан Бөкейхан деп таниды (Нысанбаев, 1998: 273). 1916 жылы Әлихан Бөкейханның ұсынысымен Мұстафа Шоқай аудармашы, хатшы және маман-зерттеуші ретінде Мемлекеттік Думаның жанындағы фракциясының делегациясымен бірге Ташкентке келеді. Мемлекеттік Думаның делегациясы Ферғана, Самарқанд және Сырдария провинцияларының көптеген аймақтарында жасалған зұлымдық орындарын және қираған қалаларды, қалашықтарды және ауылдардың қираған жерлерін аралайды. Комиссияның бастығы А.Ф. Керенский қираған Жизақ қаласын көргісі келіп, сонда барады. А.Ф. Керенский бітпейтін қираған аймақты өтіп бара жатып: «Қаланың орталығына қашан келеміз? Ол әлі алыс па?, - деп сұрайды. М. Шоқай: «Біз қазір бұрынғы қаланың орталық бөлігіндеміз», - дегенде екі қолымен көзін жұмған Керенский: «Әй, қандай масқара, мен енді шыдай алмаймын, қайтайық» дейді (Оқтай, 1950: 23).

Мемлекеттік Думаның делегациясы Түркістанда болып қайтқаннан соң 1917 жылғы «Қазақ» газетінде басылған «Бюроға екінші кісі қою туралы» деген Түркістан өңірінен жазылған бір топ кісілердің хатында былтыр бюроға Әлиханды жұрт қалағанда, ол «Түркістан жағының жай-күйіне аса жетік емеспін, сондықтан да Түркістан өлкесінің өзінен бір адам бюрода болуы жөн» деген екен. Осыдан кейін біз Мұстафаға хабарласып едік, ол уақытының жоқтығын, қолының тимейтінін айтқан еді. Биыл Қ.М. Тевкелевпен келгенінде тағы осы мәселе әңгіме болғанда, қолдан келген қызметтен тартынбаспын депті (Нысанбаев, 1998: 353).



Бұл мәселе арнайы «Қазақ» газетінде талқыланып, мұсылман фракциясы қасындағы бюроға Әлиханмен бірге студент-юрист Мұстафаның енуін қолдады. Мұстафаның осы қызметке кәміл жарайтындығын біліп, оны ұнатып, оның 1 қарашадан жұмысқа кірісетіндігі жазылған (Нысанбаев, 1998: 341). Мұндағы «Мұсылман комитеті» - 1914 жылдың желтоқсан айында өткен мұсылман қоғамдық ұйымдары өкілдерінің съезінде сайланған Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының Орталық комитеті болатын (Шоқай, 2012: 62). Мұстафа Шоқайдың университетті бітіргеннен соң осында қызметте қалуы мен кейінгі тағдырына Әлихан Бөкейханның араласуының дәлелі енді ашыла түседі.

Мұстафа Шоқай Мұсылман фракциясының кеңесші бюро жұмысына 1916 жылдың 1 қарашасынан кіріседі. Мемлекеттік Думаның бұл құрылымының мәселені тікелей шешуге өкілеттігі болмаса да, Мұстафа Шоқай халықтың өтініш хаттарын, арыз-шағымдарын фракцияға, сол арқылы депутаттарға жеткізуге, оларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етуге батыл араласып кетеді. Осы фракциядағы жұмысы туралы Мұстафа Шоқай «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде өзінің Мемлекеттік Думадағы мұсылман өкілдеріне Түркістанға қатысы бар материалдар жинап, дайындап беретіндігін жазды. Әсіресе, 1916 жылғы бүкіл Түркістан көтерілісі туралы нақты фактілерді жинақтап, мұсылман тобы атынан сөйлейтін депутат Мұхаммад Юсуф Жағыфардың сөзін жазып береді (Шоқай, 2007: 15)

Егер 1917 жылғы Ақпан төңкерісі болмағанда Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайлануы да мүмкін еді. Патша жарлығына сәйкес Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаға Уфа уәлаятында тұратын қазақ сұлтандарының бірі С. Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін сыйлап, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім берген еді (Шоқай, 2007: 218). Алайда Мұстафа Шоқайды басқа тағдыр күткен болатын. Ол туралы әңгіме сәл кейін болады.

Орыс патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықтың шығуынан бастап Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары Батыс майданы шебінде болып, жергілікті жерде көптеген шаралардың иесі болған еді. Ол майданның қара жұмысына алынған қазақ азаматтарының жол бойында және барған жерлерінде тиісті медициналық көмек алуы, жалпы жағдайы туралы «Қазақ» газетіне тұрақты жазып тұрды. Бұл бағыттағы жұмысқа М.Шоқай да тартылған болатын. Мысалы «Жұмысшылар жайынан» атты Петроградтан 29 қазанда жазылған мақалаға Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай қол қойып, онда Павлодардан – 685, Семейден – 463 жұмысшылардың Петроградта күтіп алынғандығы, содан олардың Псков пен Гатчинаға кеткендігі туралы, ел ішіндегі бұларды жіберудегі әділетсіздіктерді, «елдегі байлар, мүше тістеп жүрген мырзалар туралықтан тайып, малының арқасымен от басында қалса керек» деп жазған еді (Нысанбаев, 1998: 344). Мұндай ақпарат дайындауға Мұстафа Шоқай да жеке қатысқан еді. Жоғарыдағыдай тақырыппен 15 қарашада жарық көрген оның мақаласында Павлодар мен Семей уездерінен қара жұмысқа тартылған 1148 жұмысшы жігіттердің жұмысшылардың Псковтағы жағдайлары баяндалады (Нысанбаев, 1998: 346).

1917 жылы Ақпан революциясы патшаны тақтан тайдырып, билікке Уақытша үкімет келгенде Ә.Бөкейхан Минскіде Батыс майдан штабы жанынан өзі аштырған бұратана комитетін басқарып, қазақтарды майдан маңындағы жұмыстарға жұмылдырып жүрген еді. Наурыз айында ол Уақытша үкіметтің шешімімен Торғай облысының комиссары болып бекігенде, Минскідегі өз қызметін одан ары жалғастыру үшін Петербургтен М.Шоқайды шақырған болатын. Алайда екі қала арасындағы жол жабық болғаннан кейін Мұстафа Минскіге бара алмайды (Шоқай, 2007: 16). Осы жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Ташкенттен жеделхат алады. Онда өзінің Ташкентке шақырылғаны және жолда Орынборға өтетін Торғай облысы қазақтарының құрылтайына қатысуы, онда Түркістан туралы сөз сөйлеуі керектігі туралы жазылған еді. Бұл Әлихан Бөкейханның ұсынысы болатын.

Содан сәуірдің басында, Петербургтен кетер алдында бұрыннан таныс, сол тұста бүкіл Ресей ауқымында маңызды рөл атқарған Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Николай Семенович Чхеидземен кездескенде Мұстафа өздері туралы: «Біз Түркістанның автономия алғанын қалаймыз. Сондықтан автономияға әзірлік жасап жатырмыз» деген екен (Шоқай

2007: 47). Шынында да, бұл, біріншіден, Алаш көсемдерінің ол кезде автономия құруға берік бекінгендерін байқатса, екіншіден, Мұстафа Шоқайдың да саяси өресін танытқан еді.

Мұстафа Шоқай Петербургтен 1-14 сәуір аралығында Ташкентке қарай жол жүріп, барар жолда Орынборда өткен Торғай қазақтарының құрылтайына қатысады. Бұдан кейін Мұстафа Шоқай Ақмешітте аялдап, Ташкентке келгенде саяси қозғалыстың қайнаған ортасына түседі. Ташкенттегі Уақытша үкімет пен жұмысшы-солдат депутаттарының және т.б. әртүрлі құрылымдар арасындағы талас-тартыстың бел ортасына болады. Алайда сан салалы саяси-ұйымдастырушылық жұмыстардың ерекше үлгісін көрсетіп, жергілікті халықтың жетекші өкілдерін тиімді ұйыстыра отырып Мұстафа Шоқай Түркістан автономиясына құруға айрықша үлес қосты. Бұл Алаш ұлт-азаттық қозғалысының оңтүстік қанаты қызметінің нақты нәтижесі, шыққан биігі, алған асуы болатын. Сол бір еліміздің аса бір аласапыран кезеңдерінде Түркістандағы ұлттық қозғалыстың бірден-бір дем берушісі әрі Қоқан автономиясының басты ұйымдастырушысы болған Мұстафа Шоқайдың ел арасындағы белсенділігі мен беделі туралы Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі А.Я. Шульгиннің: «Ол кезде Мұстафа Шоқай отызға да толмаған. Оның жастығы жаңарған Түркістанның нағыз көсемі болуға кедергі болмас еді» деген сөзін айта кетсек артық болмас (Ысымұлы, 2015: 341). Бұл Мұстафа Шоқайдың қайтыс болғанына қырық күн толғанда оған арнап Париж мешітінде еске алу рәсімінде сөйленген сөз болатын (Шоқай, 2007: 329).

«Қоқан автономиясы» жарияланғаннан соң Мұстафа Шоқай Орынбор қаласына 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында шақырылған Екінші жалпықазақ құрылтайына қатысуға аттанып, оның соңғы күніне үлгереді. Съездің маңызды шешімдерінің бірі Мұстафа Шоқайды Алашорда Ұлт Кеңесінің және Үкіметінің құрамына кіргізіп, Сыртқы Істер министрі етіп сайлауы болды. Бұл, бір жағынан, Алашорда мен Түркістан Үкіметінің тұтастығының айқын айғағы болса, екінші жағынан Мұстафаға көрсеткен үлкен құрмет болатын. Мұстафа Шоқай Түркістан өңіріндегі жаңалықты съезд делегаттарына жеткізді. Ол Қоқан автономиясының да, жаңадан құрылған Алашорда өкіметінің де мақсат-мүддесі ұлттық бірлік екенін баса айта отырып, Екінші жалпықазақ құрылтайы делегаттарын Түркістанмен бірге болуға шақырады. Бұл мәселе съезден кейін өткен алғашқы жиналыста арнайы қаралап, қосылу туралы мәселені Сырдария қазақтарының өздері шешсін деген шешім жасалады. Содан Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай Сырдария облысы қазақтарының құрылтайына шақыру туралы жеделхатқа бірге қол қояды. Онда: «... Екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алаш ордасы 5-інші ғынурада Түркістан шаһарында Сырдария облысының съезін шақырады» (Бөкейхан, 1917: 3). Мұстафа Шоқай «Бірлік туы», «Қазақ» газеттерінде Сырдария қазақтарына үндеу жариялап, онда: «Сырдария халқына өз тарапынан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосудымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астында жиналар деген үміттеміз» деп жазды (Шоқай, 2012:55). Талқылау барысында съезге өз өкілдері ретінде Бақтыгерей Құлмановты, Міржақып Дулатовты және Тұрағұл Құнанбаевты жіберу ұйғарылады. Ондай құрылтай 6-9 қаңтарда Түркістан шаһарында өткен де болатын. Оған Түркістан уезінен 20 өкіл, Ақмешіт уезінен – 5, Шымкент уезінен – 10, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Алашордадан – 3 өкіл, арнайы шақырылғандардан 14 адам келеді (Шоқай, 2012: 144). Алайда Сырдария құрылтайы сол кезде қалыптасқан әртүрлі саяси жағдайды ескеріп, әзірше Сырдария облысы сол кезде Түркістан автономиясында болуы себепті әзірше осы құрамында қалсын деген шешім қабылданады.

**Қорытынды.** Сонымен, елімізден тыс жердегі түрікшіл қайраткерлері арасында Мұстафа Шоқайдың орны ерекше. Мұстафа Шоқайды да осы қозғалыстың жетекшісі деп айтуға толық негіз бар. Өйткені, Мұстафа Шоқайдың кезінде Түркістан мәселесі халықаралық баспасөзде ашық талқылана бастады және жоғары саяси маңызы бар мәселеге айналды. Мұстафа Шоқай қайтыс болғаннан кейін біз түркі басшыларының арасындағы айырмашылықтар мен түсінбеушіліктер қозғалыстың рухани жетекшісінің болмауы деп санаймыз. Кейінірек түрікшіл қайраткерлер Мұстафа Шоқай туралы еңбектер мен естеліктер жаза бастауы бұл оған деген құрмет екені сөзсіз. Сондықтан Мұстафа Шоқай эмиграциядағы түрікшіл қайраткерлерінің саяси және моральдық жетекшісі болды деп айту заңды.

#### Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Bademci A. 1917-1934. Türkiye milli istiklal hareketi korbaçilar ve Enver paça. – Istanbul, 2008. – 288 s.
- Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 504 б.
- Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі, Шығармашылығы / түрік тілінен ауд. Г.Шадиева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 320 б.
- Қамзабекұлы Д. Эмиграциядағы Түркістан әдебиеті қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. – Астана, 2008. – Т.10. – 188 б.
- Қыдыралиев Д. Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
- Национальная энциклопедия Казахстана. Человек с книгой. Статьи и публикации. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – Т. 5. – 558 с.
- Нүсіпхан А. Кремльдің түн ұйқысын төрт бөлген // Қазақ әдебиеті. – 1998. – № 18 (2544). – Б. 12-19.
- Oktay A. Mustafa Zokayin Genzlik ve Siyasi Hayatından Bir Parça // Türkiye Milli Hareketi ve Mustafa Çokay. – Istanbul, 1950. – S. 44-50.
- Садыкова Б.И. История Туркестанского легиона в документах – Алматы: Кайнар, 2002. – 248 с.
- Садыкова Б.И. Мустафа Чокай в эмиграции. – Алматы: Мектеп, 2009. – 248 с.
- Зағатау С. Цinsiz // Mustafa Zokay. 1917 Hatıra Parçaları. – Ankara, 1988. – S. 5-6.
- Самсонов А.М. Вторая мировая война. – М.: Наука, 1985. – 374 с.
- Шамасутдинов Р. Узбекистонда Советларнинг қулоқлаштарыш снесати ва унинг фогиеали оқибатлари. – Тошкент: Фан, 2001. – 366 б.
- Шоқай М., Шоқай М. Естеліктер. – Ыстанбұл, 1997. – 271 б.
- Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы / құраст. Ф. Исахан. – Алматы: СаҒа, 2006. – Т. 2. – 424 б.
- Шоқай М. Біздің иол. (Біздің жол) // Яш Түркістан. – 1929.– №1. – Б. 1-3.

Шоқай М. Түркістан ақындарынан // Яш Түркістан. –1929. – № 1.  
Шоқай М., Шоқай М. Естеліктер. – Ыстанбұл, 1997. – 271 б.

### References

- Bademci A. 1917-1934. Türkestan milli istiklal hareketi korbaçılar ve Enver paça. – Istanbul, 2008. – 288 s.
- Esmağ ambetov K.L. Álem tanyğ an tulğ a (M.Shoqayıdın dñmetanymy jñne qairatkerlik bolmysy). – Almaty: Daik-press, 2008. – 504 b.
- Qara B. Mustafa Shoqai. Umiri. Kúresi, Shyğ armashylyğ y / tьrik tilinen aьd. G.Shadieva. – Almaty: «Arys» baspasy, 2004. – 320 b.
- Qamzabekuly D. Emigrasiadağ y Tьrkistan bdebieti qazaq ult-azattyq qozgalysy. – Astana, 2008. – T.10. – 188 b.
- Qydyraliev D. Q. Mustafa Shoqai. – Astana: Foliant, 2007. – 320 b.
- Nasionalnaya ensiklopedia Kazahstana. Chelovek s knigoı. Statı ı pьblikasıı. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2006. – T. 5. – 558 s. [National Encyclopedia of Kazakhstan. A man with a book. Articles and publications. – Almaty: Kazakh encyclopedias, 2006. – T. 5. – 558 p.] [in Russian]
- Nusiphan A. Kremldin tьn uıqysyn tyrt bylgen // Qazaq bdebieti. – 1998. – № 18 (2544). – B. 12-19.
- Oktay A. Mustafa Zokayin Genzlik ve Siyasi Hayatından Bir Parça // Tьrkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay. – Istanbul, 1950. – S. 44-50.
- Sadykova B.I. Istoria Tьrkestanского legiona v dokэmentah – Almaty: Kainar, 2002. – 248 s. [History of the Turkestan Legion in documents. – Almaty: Kainar, 2002. – 248 p.] [in Russian]
- Sadykova B.I. Mэstafa Chokai v emigrasiı. – Almaty: Mektep, 2009. – 248 s. [Mustafa Chokay in exile. – Almaty: Mektep, 2009. – 248 p.] [in Russian]
- Zağatay S. Цnsız // Mustafa Zokay. 1917 Hatıra Parzaları. – Ankara, 1988. – S. 5-6.
- Samsonov A.M. Vtoraya mirovaia voına. – M.: Nayka, 1985. – 374 s. [Samsonov A.M. The Second World War. – Moscow: Nauka, 1985. – 374 p.] [in Russian]
- Shamasətdinov R. Əzbekstonda Sovetlarning qəloqlashtarish snesatı va əning fogiealı oqıbatları. – Toshkent: Fan, 2001. – 366 b.
- Shoqai M., Shokai M. Estelikter. – Ystanbul, 1997. – 271 b.
- Shoqai M. Epistolьrlyq murasy / qurast. g. Isahan. – Almaty: SaGa, 2006. – T. 2. – 424 b.

МРНТИ 03.09.55

## БОРЬБА МУСТАФЫ ШОКАЯ И НАЦИОНАЛЬНЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ЗА РУБЕЖОМ ЗА НЕЗАВИСИМОСТЬ

А. Сманова<sup>1\*</sup>, С. Шилдебай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы

<sup>2</sup>Центральный Государственный Архив Республики Казахстан, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: aigulsmanova@mail.ru (Сманова), s.shildebai@mail.ru (Шилдебай)

**Аннотация.** Статья посвящена борьбе за независимость национальных политических представителей за рубежом, которую возглавляет выдающегося общественный и государственный деятель, глава Туркестанской автономии Мустафа Шокай. Среди них мы рассматриваем деятельность представителей национальной интеллигенции, которые вели борьбу за целостность и независимую государственность казахского народа. Определены цели антибольшевистские идеи независимости и выявлены деятельность Мустафы Чокая в эмиграции. Докладывается, что советский период представители национальной интеллигенции выступали за единство общих

интересов тюркских народов и подвергались политическим репрессиям. Кроме того, анализировались национальные идеи, произведения тюркской интеллигенции в эмиграции. Был сделан вывод, что они выступают против авторитарного большевистского режима, господствовавшего во всех сферах общественно-политической жизни, и его жестокой политики.

**Ключевые слова:** эмиграция, политические взгляды, автономия, большевик, Туркестан, общественная мысль, революционер, Стамбул.

IRSTI 03.09.55

## THE FIGHT OF MUSTAFA SHOKAY AND NATIONAL REPRESENTATIVES ABROAD FOR INDEPENDENCE

A. Smanova<sup>1\*</sup>, S. Shildebay<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women`s Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: aigulsmanova@mail.ru (Smanova), s.shildebai@mail.ru (Shildebay)

**Annotation.** The article is devoted to the problem of the struggle for independence of national political representatives abroad, headed by Mustafa Shokai. Among them, we consider the activities of representatives of the national intelligentsia, who fought for the integrity and independent statehood of the Kazakh people. The article also examines the activities of Mustafa Shokai in emigration and the definition of the anti-Bolshevik goals of the idea of independence. It should be noted that in the Soviet period, representatives of the national intelligentsia advocated the unity of the common interests of the Turkic peoples and were subjected to political repression. And also to reveal national ideas, works of the Turkic intelligentsia in emigration. They spoke out against the authoritarian Bolshevik regime, which dominated in all spheres of social and political life, and its brutal policies.

**Key words:** emigration, political views, autonomy, Bolshevik, Turkestan, social thought, revolutionary, Istanbul.

**Авторлар туралы мәлімет:**

<sup>1\*</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

<sup>2</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты

**СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ «КЕҢЕСТЕНДІРУ» ТУРАЛЫ  
КӨЗҚАРАСТАРЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТАРИХНАМАЛЫҚ ДИСКУРС****Ш.Т. Булгауов<sup>1</sup> , Г.Қ. Мұқанова<sup>2</sup> **<sup>1</sup>Спорт және туризм Академиясы, Қазақстан, Алматы<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: bulgauov.sh@mail.ru (Булгауов), Gulnar\_mukanova@mail.ru (Мұқанова)

**Андатпа.** Мақалада белгілі мемлекет және қоғам қайраткері С.Садуақасовтың Қазақстандағы күрделі де қарқынды кеңестік реформалар кезеңінде айтқан саяси көзқарастарын талдау негізінде жазылған. Авторлар тарихнамалық дискурс мәселесін алғаш рет қазақ қоғамының «кеңестіктену» проблемалары туралы қазақ көшбасшысының көзқарастарына қатысты көрсетті. Олар Орталық Азияның кеңестік республикаларындағы дәстүрлі экономикалық және мәдени типті реформалау тақырыбының бірқатар шетелдік тарихнамасын ғылыми айналымға енгізді. Ф.И. Голощекин республикада билік басына келген сәттен бастап қазақ зиялыларының ұстанымы терең өзгерістерге ұшырай бастады. «Садуақасовшылдық», «Қожановшылдық», «Рысқұловшылдық»... мұндай айыптаулар сол кезең үшін үйреншікті жағдайға айналды. Мақалада посткеңестік кезеңдегі шетелдік, кеңестік ғалымдар мен қазақстандық зерттеушілердің тезистері салыстырылады. Авторлар Смағұл Садуақасовтың кеңестік реформалардың мәні туралы терең ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды деп түйіндейді.

**Түйін сөздер:** тоталитарлық жүйе, реформалар, наразылық, Қазақстан, Сәдуақасов, тарихнама, контрреволюция, бай, репрессия.

**Кіріспе.** Егеменді, тәуелсіз ел болған Қазақстан үшін тапқа бөлінген кеңестік замандағы саяси жікке бөліну, текетірес, қарама-қайшылықты басынан кешкен қазақ қоғамының тағдырын ашып қарағысы келгені түсінікті болатын. Ұлт болашағының шешілуі тұсында болған саяси, экономикалық, мәдени өзгерістер өзінің құпияларын әлі де болса шешіп көрсеткен жоқ десе де болады. Қазақ зиялыларының өз халқының болашағын қайткенде оң шешуге тырысқаны, бір топ таптық тұрғыдан, ал екінші топ ұлттық тұрғыдан шешуге тырысқаны тарихтан белгілі.

**Материалдар мен тәсілдер.** Зерттеу жұмысымыздың әдістемесі пәнаралық әдістер мен мұрағаттық дереккөздерге негізделген. Зерттеудің мақсаты – Отан тарихында қуғын-сүргін салдарынан жартылай ұмыт болған қазақ қайраткерлерінің арасынан шыққан жетекші қайраткерлердің есімдері мен қызметін кезең-кезеңімен жаңғырту. Зерттеу әдістері: диалектикалық логика, анализ және синтез, индукция және дедукция, салыстырмалы және т.б.

Зерттеуге материалдар ретінде сол дәуірдің құжаттары, естеліктер, Одақ аймақтарындағы жағдайға шетелдік бағалар, сондай-ақ КСРО ыдырағаннан кейін әртүрлі елдерден келген ғалымдар жариялаған очерктер алынды. Бұл дереккөздер Қазақстанның дамуындағы ортақ және ерекше белгілерді анықтау мақсатында сыни талдауға, тексеруге, салыстыруға ұшырады.

Құпиясы жойылған мұрағаттардағы, шетелдік басылымдардағы дереккөздер негізінде Смағұл Сәдуақасовтың өңірлік даму стратегиясына қосқан теориялық және практикалық үлесі қалпына келтірілді.

Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы ұлттық және мемлекет тарихы тақырыбын өзектілендіруде және репрессия құрбаны болған қазақ элитасының көшбасшысы, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы С. Сәдуақасовтың рөлін толықтыруда. Мақала авторы жүргізген тарихнамалық деректерді жүйелеу ұлттық мүдде пайдасына реформалардың заманауи бағыттарын айқындайды.

**Талқылау және нәтижелер.** Қазақ зиялыларының екі жақты ойы, қоғамға деген көзқарастары белгілі себептермен көптеген кемшіліктерге, қан төгуге, ауыр саяси қателіктерге алып келгенін атап кету қажет. Себебі, Қазақстандағы кеңестік «ұлт мәселесінің» дамуына екі жақ та өз үлестерін қосты. Тарих үшін де, қазақ қоғамының қазіргі даму тұсында болсын ол тарихи ойлар Қазақстанның полиэтникалық, көпмәдениеттілік жағдайында әлі де өзінің қажеттігінен айырылған жоқ деп айту керек. Сондықтан да болар тәуелсіз елге айналған жылдардан бастап «большевик», «оңшыл», «солшыл», болмаса «алашордашыл», «революционер» немесе «контрреволюционер»... демей кеңестік қоғам қайраткерлері мен Алаш партиясының мүшелерінің құжаттары, өмірбаяндарына қатысты материалдары таңдамалы шығарма, құжат жинақтары болып жарыққа шыға бастады. Сонымен қатар, 1920-1930 жылдардағы күштеп ұжымдастыруға, аштыққа және саяси репрессияларға да арналған құжаттар мен материалдардың жарыққа шығуы замана талабы болатын. Егеменді ел болған қазақ жұрты өзінің өткені мен болашағына тың көзбен қарауға тырысты, өткеннің қателіктерін қалайда қайталамау үшін, ендігі жерде тура жолда сүрінбес үшін. Жаһандану заманында кез келген ел қателесуге құқы жоқ десек болады, тіптен жай ғана кемшілік, жетіспеушілік екі-үш есе ұлғайып, үлкен мәселеге айналары сөзсіз.

Қазақ мемлекетінің саяси дамуына қатты әсер еткен, бірақ большевизмнің сынына ұшырап тарихи айналымнан шет қалған, дегенмен де, кезінде кеңестік ғылым (маркстік-лениндік, большевиктік, коммунистік) қоғамның барлық жағын «жауламай» тұрған кезінде, тоталитарлық режим күшеймей тұрғанда газет, журнал беттерінде жарық көріп қоғамның даму жолында өзінің терең ізін қалдырған қоғам қайраткерлері, ғалымдар, тарихшылар болды. Олардың қазақ қоғамының дамуына деген көзқарасы большевиктік саясаттан, идеологиядан әлдеқайда тиімді екендігін тарихтың өзі қазіргі күнде дәлелдеп отыр. Осы сөзімізге дәлел ретінде кеңестік кезеңдегі аумалы-төкпелі замандағы өзгерістер тұсында өзінің дұрыс та, аса қажетті көзқарастарымен ақпарат беттерінде, өлкелік комитеттің жиналыстарында, Голощекин секілді сталинизмнің қатігез саясатының басында тұрған билік адамдарына барынша қарсылық көрсеткен бізге белгілі, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Садуақасов жайлы сөз болмақ.

Ойымызды бір жүйеге салу үшін, мәселенің басты мақсатын ашып көрсету үшін, Қазақстан ғалымдарының әсіресе 90-шы жылдардың екінші жартысы мен 2000-ші жылдардың басынан бастап қазақ елінің кеңестік ұлт саясатында аса маңызды орын алған, көптеген қателіктер кеткен кеңестік реформаларға қатысты көзқарастарын, ойларын және шиеленіскен проблемаларды ғалымдар ашып қарай бастаған болатын. Біріншіден, тәуелсіз Қазақстан ғалымдары егемендік алған соң өздерінің назарын алдыңғы жылдарда ғылыми айналымнан шет қалған, жабық қалған, қозғауға болмайтын тақырыптарды, ғылыми бағыттарды нақты қарастыра бастады. Бұл қатардан көптеген белгілі ғалымдармен қатар енді ғылымға келген, тың тақырыптарды қарастырған жастарды да көреміз. Жалпы, ғылымда алдына жоспар қоя білу, ол – жеңістің жартысы деген ой бар. Ал, Қазақстан тарихының алдында тұрған проблема, ол – кешегі өткен тарихымыздың қыр-сырын жан-жақты қарап, халық алдында өзінің шешімдерін ұсына алуы болатын.

Екіншіден, осы кеңестік тарихтың мәселелерінің ғылыми айналымға ену жағдайына өздерінің үлесін қосқан ғалымдардың ойына назарымызды аударсақ. Қазақ тарихының ұлттық, саяси, мәдени, экономикалық, қоғамдық даму жағдайына қатысты, академик М.К. Қозыбаев 1996 жылы жарық көрген «Народ не безмолвствует» жинақта КСРО-дағы Ұлы Отан соғысы алдындағы және оның тұсындағы ұлт мәселесінің методологиялық, проблемалық тұрғыдан маңызды екені, империя тұсындағы ғасырлар бойғы геноцид, этноцид, тоталитарлық режим тұсында тіптен күшейгені «айтылмады, болмаса әсерленді, тіптен тура бұрмаланды» (Народ..., 1996:8) – деп жазды. Британдық ғалым Роберт Конквест те осы ойды онан әрі нақтылай түседі, ол 1930-1933 жж. селолардағы террорды ресми түрде зерттеуге әрекет жасалмағанын, адам шығыны жайлы ешбір хабардың болмағанын, «тәуелсіз зерттеушілерге осы мәселені зерттеу үшін мұрағаттар ашылмағандығын» айтады (Конквест, 1990:83).

Белгілі зерттеуші М.С. Бурабаевтың «Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг.» (1991) деген монографиясы, мұнда автор С. Садуақасов секілді қоғам қайраткерімен қатар К. Тоғысов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Ф.И.

Голощекин... жайлы көптеген ойды қарастырған. Монографияда сол кеңестік құрылыс тұсындағы жоғарғы басшылық пен қайраткерлер арасындағы тартыс, күрес және сол тұстағы саяси шындықты дәлелді фактілермен байланыстыра қаралған. Тағы бір моография «Қайран Ораз. Ораз Жандосов замандастар көзімен» (1999), - деп аталады.

Мұнда С. Садуақасовтың алаш партиясының көрнекті мүшелерімен, О.Жандосовтың пәтерінде «ұлтшылдардың бас қосқанын» мәліметті жинаушы, тергеуші Біріккен саяси Бас басқарма Шығыс бөлімінің өкілетті өкілі Олгачев, 1929 ж. 1 шілдеде жазған мәліметті кездестіреміз. Сөз жоқ, бұл С.Садуақасовтың алаш интеллигенциясымен тығыз қарым-қатынаста болғанын тағы бір дәлелдейді. Осы жерде «Ураз Джандосов выдающийся государственный деятель и просветитель» (1999) – деген еңбекті де айтып кету керек. Белгілі ғалым Т. Омарбековтың «... Бұл жерде О. Жандосов ауқаттыларды салық саясатымен тежеуді ұстанған С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев, Ы.Мұстамбаевтар тобына қарсы солшылдық көзқарасты жақтады. Бұл әрине, О.Жандосовтың қателігі еді...» деген ойын көреміз. Ия, С. Садуақасовтың осы секілді өзге де саңызды ойларын еңбектің басқа жерлерінен де кездестіреміз.

Тағы бір ғылыми еңбекте, белгілі қазақ қоғам қайраткері, шет елге қашып сол жақтан кеңестік зорлықты үнемі сынға алумен болған Мұстафа Шоқайдың С. Садуақасов жайлы ойлары да мақала жазуға падаланылды. Кеңестік құрылыс жауларын сынаған Голощекиннің сөздерін пайдаланған М. Шоқай сол тұстағы кеңестік билік пен ұлт жанды азаматтардың арасындағы тартысты, күресті ашып көрсете білген «... Садвакасов – это выражение темной националистической идеологии широких масс. И с этим надо считаться...» деген Голощекиннің сөзін мысалға, дәлелге келтіреді. Яғни, кеңестік тәртіп күшпен жүріп жатқанын, ішкі айшылықтың терең екенін көрсетеді.

Зерттеуші Иманбекова Бибігүл өзінің «Нығмет Сырғабековтың әлеуметтік көзқарасы және мемлекеттік қызметі (1900-1938 жж.)» - деген тарих ғылымдырының кандидаты дәрежесін алу үшін жазған диссертациясының авторефератында қайраткер жайлы жаза отырып, оның Смағұл Садуақасовты «байдың социализмге ұластандығы туралы «теорияны» ұсынды» - деп кінәлағанын келтіреді. Автор Н. Сырғабеков секілді қоғам қайраткерінің кеңестік идеологияға көзсіз сенгендіктен, осындай қателіктерге барғанын атап кетті. Кедей ортадан шыққан, білімі төмен азамат қателіктерге барды деген ойға келеді.

С. Садуақасовтың еңбегінің жан-жақтылығына Т.С. Қаленова өзінің докторлық диссертациясының (Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен қоғамдық саяси қызметіне (1889-1931жж.) авторефератында сөз қозғап кеткен. Онда С. Садуақасов мақаласында алаш азаматтары, қоғам қайраткерлері Ж. Аймауытов пен М. Әуезовты «творчестволық талантты жазушылар» - деп атап кеткені жайлы мәлімет бар.

«Становление государственных учреждений Казахстана по образованию, культуре и науке (1917-1936 гг.)» (1999) деген кандидаттық қорғауға ұсынған жұмыста Ш.Ж. Таукибаева Меңдешев, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, С. Садуақасов және басқа да қоғам қайраткерлерінің, маман кадрлардың өмірі, творчествосы, биографиясы және шығармашылық мұрасы, отандық тарихымызда «мақтаным тудырады» деп жоғары бағалайды. Егеменді Қазақстанның тұсында ұлтшыл демей, коммунист демей қазақ қоғамының қайраткерлерінің библиографиясына еңбек арнау, ғылыми жұмыстар жазу сөз жоқ өзінің жемісін бергенін айту керек.

Мақала жазу үстінде А.П. Кучкиннің «Советизация казахского аула» (1962) деген еңбегінде 1919 жылы Москвада болған «контрреволюционерлердің», ұлтшылдардың жиналысында Туркестаннан – Ходжаев, Татариядан – Султан-Галиев, Башкириядан – Валидов, Қазақстаннан – Байтұрсынов және т.б. жиналды- дей келе ұлтшыл-уклонист С. Садуақасов: «Он (Байтұрсынов) построил каменное здание. Охранять в чистоте и в порядке построенное Ахметом здание – наше обязательность. Дать правильный рост засеянному Ахметом – наш долг» («Большевик Казахстана», 1932, № 2-3, стр. 35) – деп бағалағанын сынға алғанын көреміз. Осыдан өзге де еңбектерде кездесетін алаш азаматтарымен С. Садуақасов секілді жас ұрпақ арасындағы байланысты байқауға болады. А.П. Кучкин бұл еңбегінде осы секілді байланыстың барлық қауіптілігін, қатерлілігін барынша ашып беруге тырысқанын көреміз. Алаш азаматтары мен коммунист Садуақасов секілді



қайраткерлердің бір жақта, қазақ ұлты жағында болуы көптеген кеңестік зерттеушілердің ашу ызысын туғызғаны сол кездерде заңдылық болатын.

«Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности)» 1998 деген жинақтың Ф.И. Голощекинге арналған мақалада Е. Медеубаев оның өз қарсыластарын «ұлтшылдыққа», «пантюркизмге», «ұлтшыл-уклонизмге» айыптап, қадалағанын айтады. Осы айыптаулар қазақ коммунистері Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Меңдешев, С.Садуақасов, О.Жандосов секілді қоғам қайраткерлеріне арналған болатын. Осы айыптаулардың шектен шыққан саясат екенін тіпті Л.Д. Троцкийдің КСРО-ның Мемлекеттік Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары Сокольниковке жазған хатынан да байқауға болатынын көреміз. Троцкий «...орталықтан келген кадрлар қазақ коммунистерінің арасында от тастап, оларды жанжалдастырып отыр. Барлық жерде бюрократия, қоғамдық-саяси өмірде екіжүздүлік, алдау, қорқыту және шағым» – деп сипаттаған болатын. Нәтижесінде көптеген қайраткерлер қудаланды, сотталып, ату жазасына кесілді.

С.Садуақасов жайлы көптеген позитивті ойды Е. Қуандықовтың еңбектерінен де көреміз. Ол «Сүрең салған сүркия саясатындағы Ғылыми мақалалар мен зерттеулер» (1999) – деген еңбегінде Жергілікті халықтың ұлттық мүддесін ескермей саясат жүргізген Голощекинге қарсы тұрған қайраткерлердің атын атап кетеді: Ж. Мыңбаев (Қаз ОАК төрағасы), Н. Нұрмақов (ХКК төрағасы), С. Садуақасов (Халық ағарту комиссары және «Еңбекші Қазақтың» жауапты редакторы). Ал, 1999 жылы жарыққа шыққан «Отан тарихының тағлымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы (...халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияның материалдары)» (1999) жинағында К.Н. Нұрпеисовтың «Тоталитарлық режимге саяси және рухани қарсылық» (XX ғасырдың 20-шы жылдары) – деген мақаласында С. Садуақасовты «Алаштың мұрагері» деп бағалайды. Автор Заки Валидидің еліне «Қоштасу хатында» түркі халықтары тек біріксе ғана тәуелсіз болады деген болатын, міне осы идея Смағұл Садуақасов 20-шы жылдардың басында М.Әуезов, А.Байдильдин, Д.Абиловке жазған хатында да кездесетінін көрсетеді. Автор сонымен қатар С. Садуақасовтың еңбектерінің негізгі ойы Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігіне арналғанын баса көрсетеді.

Шетелдік тарихнамаға жүгінер болсақ, онда ең танымал кітаптарға тоқталған жөн. Мысалы, соңғы онжылдықтарда кеңестік Орта Азия мен Қазақстанның тарихына қызығушылық алыс шетелдерде пайда болды. Колумбия университетінің (АҚШ) профессоры Г. Кендірбай 20 ғасырдың басындағы Ресейдегі қоғамдық қозғалыстардың либерализациясын Алаш қайраткерлерімен байланыстыра зерттеді (Kendirbay, 1997).

Бұрынғы құпия мұрағаттардағы ауқымды зерттеулерге сүйене отырып, Davies R., Wheatcroft Stephen G. (2014) Германия, Жапония және Италиядан басқыншылық қаупінің күшеюі және Сталин билігінің нығаюы аясында кеңестік индустрияландырудың барысын қарастырады (Davies R., Wheatcroft Stephen G. (2014). Уяма Томохико – белгілі жапон тарихшысы, Хоккайдо университетінің Славян зерттеу орталығының профессоры Ресей империясының тарихы мен Орталық Азиядағы қазіргі саясатқа маманданған. Бұл тарихшының кітаптары Ресейдің Шығыстағы, әсіресе Орталық Азиядағы, Кеңес өкіметі дәуіріндегі саясатының динамикалық тарихи деректерін зерттеуге әсер етеді. (Uyama, 2014). Жапон ғалымы XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қызметіне географиялық фактордың әсері болды деп есептейді. (Uyama, 2020).

Кеңес мемлекетінің қазақ және өзбек ұлттарын құруға араласуының дәрежесін, формалары мен жолдарын зерттей отырып, Ubrilia G. (2015) кітабында ұлтшылдық туралы теориялық әдебиеттер қарастырылады. Автор қазақ та, өзбек те 1920-1930 жылдардағы мәскеулік кеңестік саясаткерлердің жасанды құрылыстары екенін алға тартады. Бұл кітап осы ұлттық құрылыс жобаларындағы Орталық Азия мен Кеңес Одағының жергілікті шенеуніктерінің рөлі туралы кейбір жаңа және балама түсініктерді келтіру арқылы қазіргі ғылыми зерттеулердегі бар дәлелдерге қарсы тұрады. Одан әрі қазақ және өзбек халықтары кеңестік дәуірден бұрын-ақ ұлттық ұжымдық болмыс пен адалдықты қалыптастырған посткеңестік ресми қазақ және өзбек тарихнамаларын сыни тұрғыдан қарастырады. Бұл кітап Орталық Азия тарихы мен саясатына, сондай-ақ ұлтшылдық пен кеңестік саясатты зерттеуге пайдалы үлес болады. (Ubrilia, 2015:9)

АҚШ-ғы Йель университеті баспасынан шыққан бірнеше кітаптардың: “The History of the Gulag”, “Master of the House: Stalin and His Inner Circle” авторы О. Khlevniuk (2017) кеңестік режимді сипаттау үшін мұрағаттарға сүйенеді (Khlevniuk, 2017).

Тағы бір зерттеу туралы сарапшылар жазғандарын келтірейік. “The Stalinist Era” explains the origins and consequences of Soviet state intervention and violence in international context”, – бұл американдық Hoffmann (2018) Кеңес реформалар туралы жұмысын жоғары бағалау. (Hoffmann, 2018).

Смағұл Садуақасовтың театр мәдениеті, әдеби альманахтар туралы мақалалар жазғанын ескерсек, Кеңестік Қазақстанның сәулет өнері де оған бей-жай қараған жоқ. Италияндық авторлар Murray, D., Sorrell, S. (2019) Орталық Азияның кеңестік модернистік архитектурасын зерттеуде. Италияндық фотографтар Роберто Конте мен Стефано Перего Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кеңестік республикаларын аралап, КСРО-да салынған ғимараттарды суретке түсірді. (Murray, Damon, Sorrell, Stephen, 2019).

Дегенмен, аймақтық проблемаларды тек отандық ғалымдар жақсы зерттей алады. Мұны қазақ тарихшылары мен қоғамтанушыларының еңбектерін оқу арқылы да дәлелдеуге болады. Қазақ ұлтының тарихында үлкен қасіретке толы кеңестік құрылыстың жер, су реформалары, ұжымдастыру тарихына альтернативті көзқараста қараған зерттеулердің бар екендігі анық, бірақ ол да ғылыми айналымнан «шет қалған» болатын – деп З.Майданәлі бұл зерттеушілер қатарында «С.П. Швецов, М.Г. Сириус, А.Н. Донич, Е.А. Полочанский, А.Челинцев, В.Скороспешкин және тағы басқа зерттеушілерді» қосады (Майданали, 2003:6). Кейінгі жылдарда жарық көрген зерттеулердің ұлт зиялылар өмірі, қоғамдық қызметі, саяси ойлары жайлы сөз қозғаған ғалымдар бір ауыздан осы ойға жақын тұжырымдар айтады.

«Осы орайда кезінде тәуелсіздігіміз үшін күрескен, сондықтан да кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болған, саяси жүйе есімдерін кейінгі ұрпақ санасынан біржола ығыстыруға күш салған тұлғалардың тарихымызға «қайта оралуы аса қажет» – дей келе М.Тынышбаевтың өмірі мен қоғамдық қызметі жайлы қалам тартқан Г.С.Жиенбаева қоғам қайраткерінің қызметін, өмірін тек объективті қараудың негізгі мақсат емес екенін де баса көрсетеді. Сондай ірі қайраткер, әрі ғалымның бірі – М.Тынышбаев тәртізді тұлғаның қайраткерлігіне және еңбегіне объективті баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін де керек» екендігін Г.Жиенбаева 1993 жылы қорғалған «М.Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938)» атты диссертациясында атап кетеді.

«Ұлт бостандығы жолында жанкешті қызмет еткен алаштық зиялылардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін объективтік тұрғыдан бағалап көрсету мүмкіндігіне зерттеуші ғалымдар еліміз тәуелсіздік алған кезеңде ғана қол жеткізді» – деп осы кезге дейін ондай мүмкіндіктің болмағанын өзге зерттеуші Т.С. Қаленова «Ж. Аймауытовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі (1889-1931жж.)» атты диссертациясында көрсетсе, тарихшы Г. Нурбетова өзінің еңбегінде осы ойды онан ары жалғастыра түседі. Ол «Қызыл террор» тарихына арнаған еңбегінде Қазақстандағы «20-30-шы жылдардағы процесстердің саяси тарихы енді ашылып жатқанын атап кету қажеттігін» көрсетеді (Нурбетова, 2003:6). Тек қана жекелеген қоғам қайраткерлері ғана емес сонымен қатар бүтіндей бір саяси қозғалыстың да қызметі зерттеу мүмкіндігінен тыс қалғанын атап өте отырып: «Алаш немесе Алашорда қозғалысы мәселенің ғылыми жан-жақты толық әрі шынайы тұрғыдан зерттелінуі КСРО ыдырағанға дейін мүмкін болмады» – деп 2001 жылы «Алашорда Үкіметінің Шығыс бөлімі» атты диссертациясында зерттеуші Е.Е. Сайлаубай тек жекелеген қоғам қайраткерлерінің ғана емес, тұтастай қозғалыстың, партияның да тағдырына назар аударады.

Жалпы, қазақ қоғамының тағдырында үлкен роль атқарған саяси партиялар ғана емес, ұлттық шығармашылық интеллигенцияның да ролін ашып көрсетуде зерттеші З.О. Дүкенбаеваның еңбегінің орны бөлек. Ол «...әлі де болса ғылыми түсінігіміз толық қалыптасып үлгермеген шынайы бағасын алмаған өзекті мәселелердің бірі – осы ұлттық интеллигенцияның тарихы. Мәселенің кейбір қырлары әртүрлі ғылыми әдебиетте кездескенімен, мақсатты түрде жеке зерттеу объектісі ретінде осы күнге дейін қолға алынбай келген еді» (Дүкенбаева, 2003:55) – деп анықтап кетеді. Тағы бір назар аударуға қажетті еңбек ол, Ж. Досмухамедовтің саяси-қоғамдық қызметіне арналған

еңбекте зерттеуші Р.С. Мажитов тарихта зиялы, қоғам қайраткерлері, оқыған азаматтар қоғамдағы барлық оқиғалардың ортасында жүретіндігін, олардың маңызды роль атқаратындығын айта келе, Ж. Досмұхамедовтың Қазақстан тарихындағы алатын орнына, роліне қарамастан оның «өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі аз зерттеліп отыр» (Мажитов, 2005:4) – деп атап кеткен.

Ойымызды Левон Мирзоянның біржақты қарастыра салуға болмайтын, Қазақстандағы саяси қызметіне өзінің зерттеуін арнаған П.Ж. Алтынбекова «Бүгінгі өтпелі кезеңдегідей өзгерістерге толы, тұрақтаусыз, сағымдана зымырап өткен 30-шы жылдардың қаһарлы да аяусыз сәттерінде еліміздің болашағының жарқын болуының жолдарын ойластырып, іздестіріп, соны іске асыру үшін жан аямай күрескен қайраткерлердің үлкен шоғыры репрессияға ұшырап, есімдері көпке дейін белгісіз болып қалды. Бұл ұлт санасының жетілуі мен дәстүр сабақтастығына орны толмас зиян тигізді» (Алтынбекова, 2000:3) – деген сөзіне, М.Қ. Қойгелдиевтің «...өтпелі кезеңде тарих авансценасына көтеріліп, басаяғы жиырма жылдай уақытқа созылған қоғамдық қызметімен өз елінің тарихында терең із қалдырған ұлт зиялылары кімдер еді? Олар еліміздің азапты тарихында қандай орын алмақ? Бұл сауалдар біздің тарихтану ғылымымызда өз шешімімін тапты деп айта алмаймыз» деген ойы үндес екенін көреміз. Ұлт зиялыларымен қатар жүріп, тізе қосып тоталитарлық жүйенің қысымына, жүйенің шектен шыққан саясатына, күштеп ұжымдастыруына, отырықшыландыруына «гегомонсыз» қалған халық көніп отыра алған жоқ болатын.

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ жерінде болған қарсылықтың 50 жылдан астам көлеңкеде болып келгенін Т.К. Алланиязов өзінің зерттеуінде келтіре отырып, 1929-1931 жылдары 372 қарсылық болып, оған 80 мың адам қатысқанын айтады, бұл қазақ шаруаларының қарулы қарсылығы тек «XX-шы ғасырдың 90-шы жылдарды басынан ғана зерттеле бастағанын» (Алланиязов, 2002:3)–көрсете отырып, жоғарыдағы авторлардың ойын кеңестік реформаларға деген қарсылық жағына бұрады. Ол қазақ қоғамының ең күрделі де қиын шағы XX ғасырдың 20-50 жылдарына, оның ішіндегі тоталитарлық режим тұсындағы саяси репрессия тарихына зерттеу жүргізген. Т.К. Алланиязов және басқа да зерттеушілердің айтқан ойларын зерттеуші Г.А. Жұмасұлтанова қорытындылағандай болады. Ол Қазақстанда 1920-1950-ші жылдардағы саяси репрессия проблемалары әлсіз зерттелгенін, осыған байланысты өткенімізге қайта оралып, «репрессия жылдарындағы барлық оқиғаларды объективті түрде қайта бағалау қажет» – деген ойды алға тартады. Әрине, бұл тізімді онан ары жалғастыра беруге болар.

**Қорытындылар.** Дегенмен, жоғарыда түрлі аспектіде, бағытта айтылған тарихи маңызы бар ойларды қарастырған авторлардың тұжырымдары біздің мақала арқауы болып отырған Смағұл Садуақасовтың саяси тұжырымдарына, қайтсем жаппай ұжымдастыруды, индустриаландыру секілді кеңестік реформалардың ауыр зардаптарынан халқын сақтап қалуға тырысқан оның жанталасқан іс-әрекетіне жарық түсіретінін айту керек. XX ғасырдың аяғына қарай Р.С. Елмурзаева С. Садуақасовтың өмірі мен қызметі жайлы 1997 ж. ғылыми зерттеуінде тоталитарлық жүйе тұсында республиканың объективті тарихын жазудың мүмкін емес болғанын, оның негізгі себебі «идеологиялық» мәселе – деген болатын. Осы мәселеге, яғни қазақ өлкесіндегі таптық мәселенің шешілуіне, осы мәселеге мемлекет және қоғам қайраткері С. Садуақасовтың қалай қарағандығы, не ұсынғаны өте маңызды екені белгілі. Себебі, оның айтқан ойларының басым көпшілігі көпшілікке беймәлім болып келді.

1930 жылғы О. Исаевтың «Ленинское разрешение национального вопроса» (1930), және оның «Народное хозяйство Казахстана» (1930, №5-8) журналындағы «Национальная политика партии в Казахстане» мақаласында кеңестік идеологияның кімге, не үшін қарсы күрескені анықтала түсетінін көреміз. Оның «Ленинское разрешение национального вопроса» деген еңбегінде 608 ірі бай феодалдарды конфискуленгенде 150 мың бас малдың (ірі қараға шаққанда) тартып алынғандығын, 20.206-сы кедей-батрак шаруашылықтарына берілгендігін айтады. 293 колхоз және 5 совхоз құрылғандығын айта келе конфискулеудің негізгі себебі байлар малын бөлу емес, ол – ауылдағы бай және жартылай феодал ұяларын, ауылдағы патриархалды-рулық және жартылай феодалдық қатынастарды жойып, «ауылдағы өндіргіш күштерге социалистік жолмен дамуына алғышарт және жағдай жасау» – екендігін көреміз. Тез арада таптарды жоюдың лениндік

принциптерін алға тарта отырып, яғни қанаудың көзі жартылай феодалдық қатынасты жою негізгі мақсат екендігін қайта-қайта айтумен болады.

Ораз Исаев, Швецов, Челинцев, Рыбников, Ясинский, Прокопович, Полочанский секілді ғалымдардың коллективтендіруге, индустриаландіруге байланысты ескертпелерін қарады ма екен, бірақ С. Садуақасовқа қатты шүйлігеді. Ол бай идеологиясын, басқа да «шылдарды» оның ұстанғанын айта келе шабындықты бөліске салу, конфискелеу және т.б. айтқан ойын келтіреді. «Қазіргі кезде еліміз сілкіністерді күтіп тұрған жоқ, бейбіт, шығармашылық еңбекті күтіп отыр. «Оны құтқаратын жаңа экспроприация емес, еңбек және ғылым құтқарады» – деген сөзін келтіреді. С. Садуақасовтың бұл сөздерінің дұрыстығын ғалымдар тек КСРО құлап, ыдыраған соң ғана жаза алатын болды. «Адамды адам қанауға болмайды» десе де коммунистер өздері осылайша 1917 жылдан бастап КСРО-ның соңғы күндеріне дейін бүкіл халықты «таптық көзқарастың» («классовый подход») құрсауында ұстап келді. О.Исаев С.Садуақасовтың ауыл «сілкінісіне» қарсы марксизм ілімін де бетке ұстанғанын көрсетеді: «Ешбір маркстік әдебиетте өркениетті халықтардың жұмысшы табы коммунизм патшалығына езілген ұлттардың өлі денесі арқылы жетеді деген сөз айтылмаған» – деп өз ұлтына тұтас, бөлмей, жаны аши қарайтындығын байқатты. Ол кезде мұндай ойды айту шектен шыққан ұлтшылдық болатын. Ал, О.Исаев оның бұл сөзіне ұлтшылдың ішіндегі нағыз тар мандайлы, «махровый» ұлтшылы айтатын сөз дегенге келтіреді. О.Исаевпен бір қоғамда өмір сүре отырып, бір үкімет қызметінде жүріп, соған қарамастан өзге қорытынды жасауы С. Садуақасовтың шоқтығы өзгелерден биік тұрғандығын көрсетсе керек.

1917 жылдан Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңнің материалдарын қарастырғанда 1931 жылғы «Народное хозяйство Казакстана» журналының №5 санындағы Ф.Тоғжановтың «Буржуазные и мелкобуржуазные «теории» об ауле» – деген көлемді мақаласын айтпай кетуге болмайды. Оның мақалада қозғаған ойлары негізінен таптық мәселерге арналғанын көреміз. Ф.Тоғжанов алдымен патша үкіметіне дәлелді тиіседі, патшалықтың қазақ халқына зиянынан басқасы болмағанын айта келе, қазақ халқының достарының шын мәнісінде тек «жаны ашығандық пен түсіністіктен» басқаға шамасы жоқ дегенге саяды. Ал, «Позиция казакских националистов и пантюристов» – деген тараушасында 1910-1912 жылдары баспада ауыл болашағы жайлы тартыстың барысында екі көзқарастың анықталғанын айтады, бірі «Айқап» төңірегіндегі, Сералин, Сейдалин, Қарашев және т.б. жерге отыру, мүмкіндік бар жерде жер шаруашылығымен айналысу, отырықшы болу; екінші көзқарастағылар «Қазақ» газетінің төңірегіне жиналған Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және т.б., олардың бірінші топтағыларға «түбірімен қарсы болғанын» айтады. Автор бұл екі топтың кімдер екендігіне назар аударып, біріншілерінің жер иесі – кулак типтес жаңа байлар екенін, ал Сейдалин, Сералин, Каратаевтар баспада сөйлемей тұрып «отырықшыға айналғанын, капиталистік жолға түсіп қойғанын» айтады (Тоғжанов, 1931:24).

Екінші топтағыларды патриархалды байдың, жартылай феодалдың мүддесін қорғаушылар, ескінің тірегі, «сауын», «атмайы», тегін жұмыс қолынан, т.б. сол секілді ауылдастарын қанау мүмкіншілігінен айрылғысы келмегендер деп анықтама береді. (Айта кету керек, Ф. Тоғжановтың осы қорытындылары (әсіресе, қоңсы, атмайы, саун, руласы, ...жайлы ) кейін көптеген кеңестік зерттеушілердің еңбегінде кездесетіндігін айту керек. Ол осынысымен марксист-тарихшылардың ірілі-ұсақты буржуазиялық теорияларына шабуылдың бас жағында келе жатқаны анық.

Ол өз сөзіне біржақты, анық тұжырым жасайды, А.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов және т.б. «...қазақ молдаларының, ишандардың және ауылдың жартылай феодал басшыларының мүддесін қорғады»- деп қорытады. Олардың байлар мен кедейлердің арасында таптық қайшылық жоқ дегеніне Ф. Тоғжанов керісінше дәлелдеп бақты және дәлелдеді де. Өйткені оның жағында бүтіндей кеңестік Одақ тұрды. Ол кезеңде оған қарсы не айтуға болар еді, әрине қарсы аргумент жоқтың қасы болатын. Себебі, XX ғасырдың 20-30 жылдары Алаш партиясы, большевизмге қарсы келетін бірден-бір саяси күш, іс жүзінде саясаттан аласталған кез болатын. Биліксіз, саяси ұйымсыз алашордашылар ештеңе де істей алмағандығы заңды құбылыс еді. Егер XXI ғасырдың биігінен айтар болсақ, онда «таптық көзқарас», «таптық қатынас», ... ол тек қана «тоталитарлық» қоғамның бір атрибуты екендігі, ондай қоғам өмір сүруге тиіс емес екендігі. Таптық қатынас тек қоғамды

бөлшектейтін, бір-біріне қарсы қоятын, азамат соғысының, саяси репрессиялардың ...бастамасы екендігі анық.

Мақаланың өзегі болып отырған зерттеу желісіне Ғ.Тоғжанов қандай қатынаста болды, С.Садуақасов секілді білімді, ұлтжанды адам кім болып көрінеді. Оқырмандарға қандай жаңа ой сала алар екен, мүмкін Смағұл Садуақасовтың біз білмейтін, білгіміз келетін қасиеттері бар шығар. Ғ.Тоғжанов «О роли баев в ауле» деген тараушасында өзінің мәнеріне сай, бірден қазақ азаматы Смағұл Садуақасовқа сөздерін де, уақытын да аямай алашордашылардың ойын қолдаған коммунистердің бірі екендігін бетіне басады.

Байларды экспроприациялау ол кедейлерге азаттық әкелмейді, керісінше езгі, қайыршылық «азап» әкелетінін, ал 1926-шы жылғы егістік, шабындық жерді бөлу, байлар жерін кедейлерге беру мәселесін «азамат соғысы, ауыл үшін қайыршылық» екенін. Ол тіпті «Еңбекші қазақ» газетінде редактор болып жүріп «қазақ байларының саны да кулактардай көп емес, мәдениетті де емес, өзге халықтардан онша бөлектенбейді де, міне осының барлығы олардың саяси қауіпті емес екенін білдіреді» – деп қайткенде араша болуға тырысқанын Ғ.Тоғжанов бір ауыз сөзбен былайша бағалайды: «Түсінікті емес пе, «коммунист» Садуақасовтың аузымен алашордалық сөйлеп отыр» – дейді.

Автор байлар жайлы осыған ұқсас ойды европалықтар Полочанский, Соколовский де айтқанын келтіреді. «За новый аул-кстау» деген брошюрасында Полочанский «бай өзінің кедей туысынан тек тоқтығымен, киімінің аздап жөнделігімен ғана айрылады және аштың да қызғанышын тудырмайды» – дейді. Онан ары Полочанский «жайылымды-мал бағу шаруашылығында» байдың қанаушы емес, пайдалы, таптырмайтын қоғам мүшесі ретінде саланатынын айта келе, бай жайлы мұндай ой марксизм, коммунистік партия тұжырымына сай емес екенін, оның жалған екенін айтады. Бұл сөздерді сын ретінде қабылдауға болар ма екен, әрине жоқ. Себебі, капиталистік қоғам адамның талантына, талабына шектеу қоймайды.

Жеке меншік – жеке істің (бизнестің) бастамасы, ол – жеке адамның бостандығы. Ал енді кеңестік шындыққа қарайтын болсақ, онда адамға бостандық берудің орнына барынша адам бостандығын шектеумен болғандығын мойындау керек. Неге үстем таптың еркінің, бостандығының шектелуі ұлт бостандығының да шектелуіне алып келеді екен, осы мәселеге назар аударған адамдар болды ма. Тоғжанов: Полочанскийдің «бай-атқамінерлердің ұйымдастырушылық, мәдени күш» екенін айта келе, оларды ауыл дамуында пайдаланған дұрыс дегенін сынға алады. Ол Полочанскийдің байларды, олардың тәжірибесін, байлығын неге «жаңа аул-қыстау» ұйымдастыруға пайдаланбасқа, ал кедейлер қанша қосылғанымен бәрібір «жалпы кедейлік» болмай ма – деген сөзіне қазақ ұлтшылдары да «ауылда тек саналы, қоғам адамдары – байлар, сондықтан совет өкіметінің барлық шараларын солар арқылы жүргізу керек» деп айтқанын келтіреді. Ол оның «антипролетарлық, контрреволюциялық теория» екенін, оны кезінде Қожановтардың группасы, т.б. «коммунистер» (Қастек ауданы, Қызылордалықтар, Шымкенттіктер...) пайдаланғанын, олардың байлар арқылы жұмыс істеуге тырысқанын мысалға келтірді. Бұл тізімге тек қана Полочанский, қазақ ұлтшылдары, «коммунистерді» ғана емес Соколовскийді де енгізу қажет, себебі оның «Қазақ ауылы» деген брошюрасында мынадай жолдар бар: ол атқамінерлерді «пайдалы», олар «қоғамдық» екенін айта келе «атқамінерлер болмаса қазақ ауылында анархия мен қырқыс қана болар еді» (Полочанский, 1926:23.) - деген сөздерін Тоғжанов байларға, атқамінерлерге және олардың идеологтарына күрес жариялау арқылы ғана жарқын болашаққа, теңдікке, бостандыққа жетуге болатынын қарсы қояды.

Сонымен, үстем таптың бостандығының шектелуі ұлт бостандығының да шектелуіне алып келетінін ХХ ғасырдың басында-ақ жақсы түсініп, кеңес өкіметі жүргізіп отырған саясатқа қауіпті болса да қарсы бір ой айтуға тырысқан адамдар болғандығын көреміз. Смағұл Садуақасов өз өміріне қауіп төнсе де, Алаш интеллигенциясының қайраткерлері секілді алған бағыттан қайтпаған ұлтжанды азамат екенін әр жерде, әр уақытта дәлелдеп отырды. Коммунист болса да, ол Алаш қайраткерлерінің жолын қуушы, олардың ойын, идеясын жалғастырушы екенін көрсетіп отырды. Баспада, қоғамдық өмірде, бюро жиналыстарының трибунасында ол өз ойын, шындықты айтуға бар күшін салып отырды.

Жалпы білімді, талантты, оқымысты әрі бай адамдар қоғамда әрқашанда аз болған. Бірақ қоғам, бүткіл мемлекет шын мәнісінде соларға сүйеніп, солар арқылы ғана өзінің проблемаларын шеше алған. Қиындықтарға қарсы келе алатын болған.

Ал енді большевиктердің пролетарлық интернационализмімен, қоғамға деген таптық көзқарасымен, жеке меншікке деген жаулығымен; азамат соғысын, соғыс коммунизмі саясатын, нешеме түрлі салықтарын, оған қоса қазақ қоғамының басына келген отырықшыландыру, байлардың малын тәркілеу, жер-су реформалары, тағы бір нәубет – ұлт-зиялыларын қуғындау, ауыртпалықтың салмағы, барлығы да, біріншіден және негізінен азшылық басына тигенін айту керек. Тек сонан соң ғана, соның салдарынан ғана көпшілікке де ауыртпалықтың салмағы тиіп отырғанын айту қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Алланиязов Т.К. Крестьянские выступления 1929-1932гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения. – Алматы, 2002. – С. 88.

Алтынбекова П.Ж. Левон Мирзоянның Қазақстандағы қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі /1933-1938жж./. – Астана: Көкжиек, 2000. – 296 бет.

Дүкенбаева З.О. Қазақ әйелдері арасынан шыққан шығармашылық интеллигенцияның тұңғыш өкілдері (XX ғасырдың I-жартысы) // Білім. – 2003. № 3(13). – 51–57 б.

Конквест, Роберт. Жатва скорби. Реестр смерти // Вопросы истории. – 1990 № 4. – С.83-96.

Мажитов Р.С. Общественно-политическая деятельность Жаһанша Досмухамедова. Автореф. Кандидат исторических наук – Уральск, 2005.

Майданали З. Земледельческие районы Казахстана в годы насильственной коллективизации. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – С. 88.

Народ не безмолвствует. Составитель: Пономарев М.И. – Алматы: Обелиск, Простор. 1996. – С. 305.

Нурбетова Г. История «Красного террора» в Казахстане (20-30-е годы XX века). – Алматы: Каз НПУ им. Абая, 2003. – С. 120.

Полочанский, Е. А. За новый аул-кстау. Москва: Казакск. представительство, 1926. 38 с.

Тогжанов Г. Буржуазные и мелкобуржуазные теории об ауле // Народное хозяйство Казахстана. 1931. – № 5. – С. 30–33.

Davies R., Wheatcroft Stephen G. (2014) The Industrialisation of Soviet Russia. Palgrave Macmillan, 2014. – 512 p.

Hoffmann, David L. (2018) The Stalinist Era. Cambridge University Press, 2018.216 p.

Kendirbay, G. (1997). The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. Central Asian Survey, 16(4), 487–515. <https://doi.org/10.1080/02634939708401009>

Khlevniuk, O. et c. (2017) Stalin: New Biography of a Dictator. Yale University Press 2017. – 432 p.

Murray, Damon, Sorrell, Stephen (2019). Soviet Asia: Soviet Modernist Architecture in Central Asia. FUEL Publishing, 2019. 191 p.

Ubiria, Grigol (2015). Soviet Nation-Building in Central Asia: The Making of the Kazakh and Uzbek Nations. – Routledge, 2015. – 284 p.

Uyama, Tomohiko (2014). Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. – Routledge, 2014. – 320 p.

Uyama, Tomohiko (2020). The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century, in Matsuzato Kimitaka, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World (Sapporo: Slavic Research Center, 2000). – P. 70–99.

### References

Allaniyazov T.K. Krest'yanskiye vystupleniya 1929-1932gg. v Kazakhstane: opyt i problemy izucheniya [Peasant performances 1929-1932. in Kazakhstan: experience and research problems]. Almaty: Fond XXI vek, 2002.88 s. [In Russian]

Altynbekova P.ZH. Levon Mirzoyannin Kazakstandagi kogamdik-sayasi zhane memlekettik kizmeti /1933-1938/ [Socio-political and public activity of Levon Mirzoyan in Kazakhstan / 1933-1938]. Astana: Kokzhiyek, 2000. 296 b. [In Kazakh]

Dukenbayeva Z.O. Kazak aiyelerini arasinan shykkan shygarmashylyk, intelligentsiyanin tungysh okilderi (20 gasirdin I-zhartisi) [The first representatives of the creative intelligentsia among Kazakh women (first half of the XX century)] // B ilim. 2003. # 3 (13). 51–57 b. [In Kazakh]

Konkvest, Robert. Zhatva skorbi. Reyeestr smerti [Harvest of sorrow. Death register] // Voprosy istorii. 1990 – № 4. – S.83-96. [In Russian]

Mazhitov R.S. Obshchestvenno-politicheskaya deyatelnost' Zhahansha Dosmukhamedova. [Social and political activities of Zhansha Dosmukhamedov]. Avtoref. Uralsk, 2005.[In Russian]

Maydanali Z. Zemledel'cheskiye rayony Kazakhstana v gody nasil'stvennoy kollektivizatsii. [Agricultural regions of Kazakhstan during the years of forced collectivization]. – Almaty: Kazak universiteti, 2003. – 88 s. [In Russian]

Narod ne bezmol'stvuyet. [The people are not silent] Sost.: Ponomarev M.I. – Almaty: Obelisk, Prostor. 1996. – 305s. [In Russian]

Nurbetova G. Istoriya «Krasnogo terrora» v Kazakhstane (20-30 gody 20 veka). [The history of the "Red Terror" in Kazakhstan (20-30s of the XX century)]. – Almaty: Kaz NPU im. Abaya, 2003. 120 s. [In Russian]

Polochanskiy, Ye. A. Za novyy aul-kstau [For a new aul-kstau]. – Moskva: Kazaksk. predstavitel'stvo, 1926. – 38 p. (In Russian)

Togzhanov G. Burzhuznyye i melkoburzhuznyye teorii ob aule // Narodnoye khozyaystvo Kazakhstana. [Bourgeois and petty-bourgeois theories about the aul] 1931. – P. 30-33. (In Russian)

**Davies R., Wheatcroft Stephen G.** (2014) *The Industrialisation of Soviet Russia*. Palgrave Macmillan, 2014. 512 p.

Hoffmann, David L. (2018) *The Stalinist Era*. Cambridge University Press, 2018. – 216 p.

Kendirbay, G. (1997). The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. *Central Asian Survey*, 16(4), 487–515. <https://doi.org/10.1080/02634939708401009>

Khlevniuk, O. et c. (2017) *Stalin: New Biography of a Dictator*. Yale University Press 2017. 432 p.

Murray, Damon, Sorrell, Stephen (2019). *Soviet Asia: Soviet Modernist Architecture in Central Asia*. FUEL Publishing, 2019. – 191 p.

Ubiria, Grigol (2015). *Soviet Nation-Building in Central Asia: The Making of the Kazakh and Uzbek Nations*. – Routledge, 2015. – 284 p.

Uyama, Tomohiko (2014). *Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts*. – Routledge, 2014. – 320 p.

Uyama, Tomohiko (2020). The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century, in Matsuzato Kimitaka, ed., *Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World* (Sapporo: Slavic Research Center, 2000). – P. 70-99.

**МРНТИ 03.61.00**

